

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚСТАН БОЛЬШЕВИГІ

№ 4

АПРЕЛЬ

1947

ҚАЗАҚТЫҢ БІРІККЕН МЕМЛЕКЕТ БАСПАСЫ
АЛМАТЫ

Сталин жолдастың Разин жолдастың хатына жауабы

РАЗИН ЖОЛДАСТЫҢ ХАТЫ

Қымбатты Сталин жолдас.

Егер мүмкін болса, маған мына мәселелерді түсіндіруіңізді өте сұраймын:

1. Клаузевицке баға берудегі Лениннің қағыйдалары ескірген жоқ па?

2. Клаузевицтің соғыс-теория мұрасына қалай қарау керек?

Біздің жетекші соғыс-теория журналымыз — «Военная мысльдің» 1945 жылғы 6—7 номерінен «Клаузевиц және немістің соғыс идеологиясы» деген (подполковник Мещеряков) мақаланы оқып, мен бұл мәселелерде айқындықтан айрылдым.

1944 жылы Ворошилов атындағы Жоғарғы Соғыс Академиясында Академия Бастығының саяси бөлім жөніндегі жәрдемшісі полковник Базьдің Лениннің бұл мәселе жөнінде айтқандарын қайта қарау керек дегеніне қарсы сөйлеуіме тура келді. Менің байқауымша, «Военная мысльдің» мақаласы іс жүзінде полковник Базьдің пікірін іске асырғандық. Осындай мақаланы басып, редакция дұрыс істеді ме?

Егер Клаузевицтің еңбегіне журналдың мақаласында берілген принциптілік бағаны алатын болсақ, онда ол мынадай қағыйдалардан кұралады:

«Клаузевицтің еңбектерінде реакцияшыл көзқарастардың басымдығы» (93-бет);

«Соғыстың жаратылысы мен мазмұнын ұқпады» (110-бет);

«Өз заманының соғыс-теория ой-пікірінен төмен тұр» (110-бет);

Лениннің Клаузевицті соғыс мәселелері жөніндегі ең терсең жазушылардың бірі, ұлы соғыс жазушыларының бірі, соғыстар философиясы жөніндегі және соғыстар тарихы жөніндегі ең атақты жазушылардың бірі деп атағаны, оның негізгі ой-пікірі қазіргі уақытта әрбір ақыл иесі адамның сөзсіз табысы болып отыр дегені мәлім (Ленин. Шығармалар, XVIII том, 197, 249 беттер. XXII том, 511 бет, XXX том, 333 бет).

Сонымен, Клаузевицке берілген лениндік баға оған «Военная мысль» журналының мақаласында беріліп отырған бағаға тура қарама-қарсы.

Егер Клаузевицке баға беруде Лениндікі дұрыс болмай, Мещеряковтікі дұрыс болса, онда мұндай мәселе жөнінде пікір айтуға мақала авторының беделі тым шамалы. Ол Ленинге ашық қарсы болып та отырған жоқ. Олай болса мақала авторы мен генералға теріс бағыт береді, мұның Қызыл Армия үшін мүмкін.

Ал, егер бұл мәселе жөнінде Мещеряковтың пікірі дұрыс болмаса, онда оның мақаласын лениндікке қарсы қылық деуден басқаша бағалауға болмайды, оған тойтарыс беру керек.

Менің ойымша, бұл мақаланың саяси зыяны осында.

Сонымен, бұл «шағын соғыс-теория» мәселесі емес, сондықтан да мен БК(б)П Орталық Комитетінен, қымбатты Сталин жолдас, Сізден сұрауға ұйғардым.

Бұл мәселе жөнінде толық нұсқау берудің «Военная мысль» соғыс-теория журналының үлкен кемшіліктерін атап көрсетіп, оның алдына бірсыпра нақтылы ірі міндеттер қойған Сіздің бұйрығыңызды орындау ісінде зор маңызы бар.

Тұтас алғанда ең алдыңғы қатарлы соғыс ғылымы үшін, атап айтқанда, біздің соғыс-теория ғылымымыз үшін мәнді мәселе—өткен заманның теория мұрасына көзқарас. Марксизм-ленинизм классиктерінің бізге бұл жөнінде айқын, тынақты нұсқаулары бар, ол — бұрынғы ғылымның бергенінің бәрін толық игеру, адамзат ой-пікірінен туғанның бәрін сын көзімен қатты қарау, практикада сынау (Ленин, XXV том, 387-бет). «Пролетарлық мәдениет адамзаттың капиталистік қоғамның, помещиктік қоғамның, чиновниктік қоғамның езушілігінде жасаған запастарының заңды дамуы болуға тиіс» (Ленин, сонда). Мұның түгелімен соғыс мәдениетіне де қатысы бар.

Демек, буржуазиялық мәдениеттің табыстарын біз, мәселен, ол табыстарды ең тағы айуандық мақсатында фашистердің пайдаланғаны мәлім екен деп аулақ тастай алмаймыз. Буржуазиялық мәдениеттің табыстарын біз социалистік құрылысқа, коммунистік қоғам орнатуға пайдаланамыз. Бұл арада біз буржуазиялық ғылымның барлық білім жыйнағын қалай болса солай игеріп алмаймыз, біз оның бәрін сын көзімен қарап қайта істейміз, сөйтіп жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси негіздерде ғылымды алға бастырып отырамыз.

Сынның негізгі екі формасы жалпыға белгілі —

—**төменгі формасы** — қыянат істеушілікті, идеализмді, механицизмді, реакцияшыл көзқарастарды, тағы сондайларды іздеп тауып, бәрін тұтасымен босарадан лақтыру.

—**жоғарғы формасы** — сын көзімен қарап қайта істеу, теріс форманың тасасынан дұрыс мазмұнның дәндерін табу, оларды сақтау және әрі дамыту.

Жалпы кемістіктерді (идеализмді, метафизиканы, механицизмді) анықтау анағұрлым оңай, мұның бастапқы сын сатысы үшін үлкен болымды маңызы бар. Ал, рациональдік дәндерді тауып алып, сақтап, одан әрі дамытуды керек ететін сын көзімен қарап қайта істеу едәуір қыйынырақ. «Алтын іздеушілер жерді көп қопарады да алтынды аз табады» (Гераклит).

Біздің соғыс-теория ой-пікіріміз де сынның нақ осы жоғары сатысында болуға тиіс. Ал Мещеряковтың мақаласы бізді кері сүйрейді. Менің ойымша, мақаланың теориялық зыяны осында.

Мақаланың авторы Клаузевицті түсінбеді-ау, сондықтан бізге бұл соғыс-теория мұрасынан бастартуды ұсынады-ау деп болжауым дұрыс па? Бірақ, мынаны айтқан Энгельстікі дұрысқой: «Әрбір философқа баға бергенде, оның ғылымға қосып отырғанына қарай емес, оның қызметіндегі прогресшіл істерге қарай емес, шарасыздан өткінші, реакцияшыл болған істерге қарай баға беретін адамның, система бойынша баға беретін адамның үндемегенінің өзі артық» (Энгельс. 1891 жылы 1 июльде Конрад Шмидтке жазылған хат).

Идеализммен, метафизикамен, тағы сондайлармен қоса, соғыс теориясын жасауда Клаузевицтің берген барлық болымды нәрселерін лақтырып тастаған дұрыс бола ма?

Мещеряков БК(б)П Орталық Комитеті теріс деп тапқан Покровскийдің қателерін қайталап отырған жоқ па?

Не болмаса Ұлы Отан соғысының тәжірибесі еске алынып, Клаузевицтің бүкіл соғыс-теория еңбегі Ленин айтқандағыдан мүлдем өзгеше бағаланатын шығар?

Осы мәселенің бәрін дұрыс түсіну Соғыс өнерінің тарихын зерттеп жатқандарға маңызды. Сегіз томдық еңбекті баспаға әзірлеуге мен 15 жылдай уақыт жұмсадым, оның ішінде бастапқы бес томының едәуірі әзір болды. Соғысқа дейін шығарылған екі томды мен, атап айтсақ, маршал Шапошиниковтың нұсқаулары бойынша, негізінен қайта істедім.

Жалғанып отырған бірінші томының тезистерінен және барлық еңбектің алғы сөзінен менің еңбегімнің неге сүйенгені айқын. Егер хатте сүйеніш мәліметтер бар болса, бүкіл еңбектің қуны түсетіні мәлім; ал бұл еңбек Қызыл Армияға керек деп маған сан рет айтылған болатын.

Сондықтанда, қымбатты Сталин жолдас, Сіздің осы мәселелерді маған түсіндіруіңізді сұраймын.

Профессор, полковник Е. Разин.

30 январь, 1946 жыл.

СТАЛИН ЖОЛДАСТЫҢ ЖАУАБЫ

Қадірлі Разин жолдас.

Сіздің Клаузевиц жайында 30 январьда жазған хатыңызды, Сіздің соғыс және соғыс өнері туралы қысқа тезистеріңізді алдым.

1) Сіз: Клаузевицке баға беру туралы Лениннің қағыйдалары ескірген жоқ па? — деп сұрайсыз.

Меніңше, сұрау дұрыс қойылмаған.

Мәселенің бұлай қойылысына қарағанда Ленин Клаузевицтің соғыс доктринасы мен соғыс еңбектерін талдаған екен, оларға соғыс бағзысын берген екен және соғыс мәселелері жөнінде біз басшылыққа алуға тиісті болатын бірқатар жетекші ережелерді бізге мұра етіп қалдырған екен деп ойлауға болады. Мәселенің мұндай қойылысы теріс, өйткені іс жүзінде Клаузевицтің соғыс доктринасы және оның еңбектері туралы Лениннің ондай ешбір «ережелері» жоқ.

Энгельстей емес, Ленин өзін соғыс ісінің білгіші деп санаған жоқ. Ол өзін соғыс ісінің білгіші деп өткен уақытта, Октябрь революциясына дейін ғана емес, Октябрь революциясынан кейін азамат соғысы аяқталғанға дейінгі соңғы уақытта да санаған емес. Азамат соғысында Ленин біздерді, Цекадағы ол кезде әлі жас жолдастарды «соғыс ісін қанігі білуге» міндеттеп отырды. Өзіне келгенде ол, маған соғыс ісін үйрену енді кеш деп, біздерге ашық айтатын. Клаузевиц туралы пікірлерінде және Клаузевицтің кітабына ескертулерінде Лениннің соғыс стратегиясы мен тактикасы және олардың өзара қатынасы туралы, шабуыл мен шегінудің, қорғану мен қарсы шабуылдың арасындағы өзара қатынас туралы, тағы сондайлар сыяқты мәселелерді қозғамайтын себебі де осыдан.

Бұлай болған соң Ленин Клаузевицтен нені білгісі келді және оны не үшін мақтады?

Ол Клаузевицті ең алдымен соғыс пен саясаттың арасында тікелей байланыс бар, саясат соғыс тудырады, соғыс—саясаттың күштеу құралдарымен жүргізілетін жалғасы деген белгілі марксистік қағида-

ны бір кезде соғыс ісінің білгіші беделіне бөленген, марксист емес Клаузевицтің өз еңбектерінде қуаттағаны үшін мақтады. Клаузевицті мысалға келтіру бұл арада Ленинге Плехановтың, Каутскийдің және басқаларының социал-шовинистігін, социал-империализмін бұрынғыдан бетер әшкерелеу үшін керек болды.

Ол Клаузевицті бұдан соң: белгілі қолайсыз жағдайларда шегіну нақ шабуыл сыяқты күрестің заңды түрі болып табылады деген, марксизм тұрғысынан дұрыс, қағиданы өз еңбектерінде қуаттағаны үшін мақтады. Ленинге бұл арада Клаузевицті мысалға келтіру шегінуді күрестің заңды түрі деп танымайтын «солшыл» коммунистерді бұрынғыдан бетер әшкерелеу үшін керек болды.

Демек, Ленин Клаузевицтің еңбегіне әскери адамша қараған жоқ, саясатшыша қарады, сондықтан Клаузевицтің еңбектеріндегі соғыстың саясатпен байланысын көрсететін мәселелермен ғана шұғылданды.

Сонымен, Клаузевицтің соғыс доктринасын сынау ісінде, біздер, Лениннің мұрагерлері, сынау бостандығымызға шек қоятын ешқандай Ленин нұсқауларымен бөгеулі емеспіз.

Ал, бұдан шығатыны — Клаузевицтің соғыс доктринасын сынайтын Мецнеряков жолдастың мақаласына («Военная мысльді» қара, № 6 — 7, 1945 жыл) Сіздің «Лениндікке қарсы қылық» деп, лениндік бағаны «қайта қарағандық» деп бағалауыңыз нысапаға тимейді.

2) Шын мәнісіне келгенде біз Клаузевицтің соғыс доктринасын сынауға тиістіміз бе? Я, тиіспіз. Өз ісіміздің және біздің заманымыздағы соғыс ғылымының мүдделері тұрғысынан біз Клаузевицті ғана емес, Мольтке, Шлиффен, Людендорф, Кейтельдерді де, Германиядағы соғыс идеологиясын таратушы басқаларды да сынап тастауға міндеттіміз. Соңғы отыз жылдың ішінде Германия дүние жүзін екі рет ең қырғын соғысқа ұрындырды, екі жолы да ол таяқ жеп шықты. Бұл кездейсоқ па? Әрине, кездейсоқ емес. Бұл — тұтас Германия ғана емес, оның соғыс идеологиясы да сынға төтеп бере алмады деген сөз емес пе? Әрине, солай деген сөз. Бүкіл дүние жүзінің әскерилері, соның ішінде біздің орыс әскерилері де, Германияның беделді әскерилеріне қандай қадірмен қарағаны әр кімге де мәлім. Мұндай орынсыз қадірлеуді жою керек пе? Жою керек. Ал, мұның үшін әресе біздердің тарапымыздан, Германияны жеңушілер тарапынан сын керек.

Атап айтқанда Клаузевицтің өзіне келетін болсақ, оның соғыс беделі, әрине, ескірді. Клаузевиц, шынында, соғыстың мануфактуралық дәуірінің өкілі еді. Ал қазір бізде соғыстың машиналы дәуірі. Машиналы дәуір жаңа соғыс идеологияларын керек ететіні күмәнсіз. Қазір Клаузевицтен сабақ алу күлкілі.

Ескірген ережелерді және белгілі беделділердің айтқандарын сын көзімен талдамайынша алға басуға және ғылымды алға бастыруға болмайды. Мұның соғыс ісінің беделділеріне ғана емес, марксизм классиктеріне де қатысы бар. Энгельс бір кезде 1812 жыл дәуіріндегі орыс қолбасшыларынан генерал Барклай-де-Толли назар аударарлық бірден бір қолбасшы деген. Энгельс, әрине, хателесті, өйткені қолбасшылық жағынан Кутузовтың Барклай-де-Толлиден екі есе жоғары болғандығы даусыз. Ал біздің заманымызда Энгельстің бұл хате пікірлерін аузын көпірте қорғайтын адамдардың табылуы мүмкін ғой.

Өз сынымызда біз классиктердің жеке қағидалары мен пікірлеріне емес, Лениннің бір кезде берген мына атақты нұсқауына сүйенуге тиістіміз:

«Маркстің теориясы аяқталған және ешкім тимейтін нәрсе деп біз ешбір ойламаймыз; қайта ол ғылымның тек ірге тасын ғана қалағанына біздің көзіміз жетеді, егер социалистер өмірден артта қалғысы келмесе, бұл ғылымды барлық бағытта алға бастыруға

тіс. Біз Маркстің теориясын өздігінен дербес қарастыру орыс коммунистеріне өте керек деп ойлаймыз, өйткені бұл теория тек жалпы жетекші ережелер ғана береді, ол ережелер Англияда Франциядағыдан өзгеше, Францияда Германиядағыдан өзгеше, Германияда Ресейдегіден өзгеше қолданылады» (Ленин, II том, 492-бет).

Соғыс жөніндегі беделділерге әресе біздер осылай қарауға міндеттіміз.

3) Соғыс және соғыс өнері туралы Сіздің қысқаша тезистеріңіздің жайына келгенде, ол тезистеріңіз схемалық сипатта болғандықтан жалпы ескертулер ғана жасай аламын. Тезистерде философия және дерексіз ережелер тым көп. Клаузевицтің соғыс грамматикасы мен логикасы жайындағы терминологиясы көп айтылып құлақты жарады. Соғыс ғылымының партияшылдығы туралы мәселенің қойылысы үстірт болған. Сталинге қошамет-мақтау көп айтылып құлақты жарады — тіпті оқуға ұяласын. Қарсы шабуыл (қарсы атакамен шатастырмау керек) туралы тармақ жоқ. Менің айтып отырғаным дұшпанның ойдағыдан болған, бірақ, шешуші нәтижелер бермеген шабуылынан кейінгі қарсы шабуыл; дұшпанның шабуылы кезінде қорғанушы жақ күш жыйнап, қарсы шабуылға шығады да дұшпанды мықтап жеңіліске ұшыратады. Менің ойымша жақсы ұйымдастырылған қарсы шабуыл — шабуылдың өте қызық түрі. Сіз, тарихшы болғандықтан бұл іспен шұғылданыңыз жөн болар еді. Баяғы парфияндар да мұндай қарсы шабуылды білген, олар Римнің қолбасшысы Красссты және оның әскерлерін өз елінің ішіне қарай қызықтырып әкетіп, кейін кенет қарсы шабуылға шығып, мерт қылған. Мұны біздің данышпан қолбасшымыз Кутузов та өте жақсы білген, ол жақсы әзірлеген қарсы шабуылдың арқасында Наполеонды және оның армиясын мерт қылды.

И. Сталин.

23 февраль, 1946 ж.

Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің пленумы туралы

ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Жақында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің кезекті XVII Пленумы болып өтті.

Пленум мынадай мәселелер қарады:

1. БК(б)П Орталық Комитетінің февраль пленумының қаулысы және республика партия ұйымдарының көктемгі егісті өткізудегі, мал қыстатуды аяқтаудағы және колхоздар мен совхоздарда малдарды төлдету науқанын өткізудегі міндеттері туралы. Баяндамашы **Н. Оңдасынов** жолдас.

2. Басшы партия және совет кадрларын іріктеп алу, даярлау және орналастыру туралы Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің есебі бойынша БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысын жүзеге асыру туралы. Баяндамашы **Ж. Шаяхметов** жолдас.

Бұл мәселелер байынша Пленум тиісті қаулылар алды.

Мұнымен бірге, Пленум ұйымдастыру мәселелерін қарап, мынадай қаулы алды:

а) А. Қ. Қойшығұлов жолдас Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің үшінші секретарі міндетінен және бюро мүшелігінен босатылсын.

б) Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің үшінші секретарі және бюро мүшесі болып **Ғ. Ш. Қаржаубаев** жолдас сайлансын.

в) **Ә. Қазақбаев** жолдас Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюро мүшелігінен босатылсын.

г) Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің бюро мүшелігіне **Д. Керімбаев** жолдас сайлансын.

Пленум **Иосиф Виссарионович Сталин** жолдасқа құттықтау хат жіберді.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумын сайлау туралы

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің қаулысы

Қазақстан Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі қаулы етеді:

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мына составта сайлансын:

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Керім-Баев Даниял — Павлодар облысы, Куйбышев округінен депутат.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы Председателінің орынбасарлары

1. Лукьянец Иван Куприянович — Алматы қаласы, Алматы — Дзержинский округінен депутат.

2. Ермағамбетова Шекер — Қызылорда облысы, Придария округінен депутат.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

Дайров Мұзаппар — Батыс Қазақстан облысы, Орда округінен депутат.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшелері:

Абабков Тихон Иванович — Қарағанды облысы, Бертис округінен депутат.

Айбасов Хафис Хасаинұлы — Алматы қаласы, Горно-Октябрь округінен депутат,

Байсеитова Күләш — Алматы қаласы, Алматы — Киров округінен депутат,

Байұзақов Хасен — Семей облысы, Жарма округінен депутат,

Бөлірікова Балжан — Алматы қаласы, Алматы — Пушкин округінен депутат,

Жангелдин Әліби Тоқжанұлы — Қостанай облысы, Аманкелді округінен депутат,

Еділбаев Ізмұхамет — Жамбыл облысы, Көктерек округінен депутат,

Ербебеков Елемес — Қөкшетау облысы, Қокшетау — Киров округінен депутат,

Жақаев Ыбрай — Қызылорда облысы, Шислі округінен депутат.

Қаскеев Сейтім — Талдықорған облысы, Қаратал округінен депутат,

Круглов Сергей Иванович — Семей облысы, Затон округінен депутат,

Луценко Михаил Николаевич — Ақмола облысы, Степняк округінен депутат,

Омаров Жумағали — Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент — Темір жол округінен депутат,

Оразбаева Айнаш — Оңтүстік Қазақстан облысы, Фрунзе округінен депутат,

Шаяхметов Жұмабай — Алматы қаласы, Алматы — Ленин округінен депутат.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі **Д. КЕРІМБАЕВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі **М. ДАИРОВ.**

Алматы қаласы,
1947 жылғы 21 март.

Қазақ ССР Үкметін—Қазақ ССР Министрлер Советін құру туралы

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасы Жоғарғы Советінің қаулысы

Қазақтың Советтік Социалистік Республикасының Жоғарғы Советі Қазақ ССР Үкметін—Қазақ ССР Министрлер Советін мына составта құруға қаулы етеді:

Қазақ ССР Министрлер Советі Председетелі — О н д а с ы н о в
Нұртас Дәндібайұлы.

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары —
З а г о в о л ь е в Александр Петрович.

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары
К о н а е в Дінмұхамет Ахметұлы.

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары
Ш а р и п о в Исағали Шәріпұлы.

Қазақ ССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары жә-
не Қазақ ССР Мемлекеттік Жоспарлау Комиссиясының Председателі
Т ә ж и е в Ыбрайым Тәжіұлы.

Сыртқы Істер Министрі — Т ә ж і б а е в Төлеген Тәжібайұлы.

Тамақ өнеркәсібі Министрі — Б у т и н Мәжекен Есенұлы.

Балық өнеркәсібі Министрі — С ә у б е н о в Ғаббас Баймұхамедұлы.

Ет-сүт өнеркәсібі Министрі — Е д і г е н о в Қазтай Едігенұлы.

Жеңіл өнеркәсібі Министрі — Е р ж а н о в Әмір Ержанұлы.

Тоқыма өнеркәсібі Министрі — П е л е в и н Виктор Михайлович.

Ағаш өнеркәсібі Министрі — О р а ш е в Айып Орашұлы.

Ауыл шаруашылық Министрі — Д а у ы л б а е в Ахмет Дәкішұлы.

Совхоздар Министрі — Қ ы с т а у о в Ахметбек Мұхамедиярұлы.

Финанс Министрі — Ш у г а й л о Иван Авксентьевич.

Сауда Министрі — С а п а р ғ а л и е в Махмұт Сапарғалиұлы.

Ішкі Істер Министрі — П ч е л к и н Афанасий Афанасьевич.

Мемлекеттік хауіпсіздік Министрі — Б ы з о в Алексей Петрович.

Заң Министрі — Н ұ р б а е в Мырзақадыр Нұрбайұлы.

Денсаулық сақтау Министрі — Ч е с н о к о в Семен Алексеевич.

Оқу Министрі — С е м б а е в Әбдіхами Ібнияұлы.

Жергілікті өнеркәсіп Министрі — Н а г а е в Борис Данилович.

Жергілікті отын өнеркәсібі Министрі — Ө т е н б а е в Аббас Омарұлы.

Коммуналдық шаруашылық Министрі — Э п и к т е т о в Сергей
Федорович.

Автомобиль транспорты Министрі — Г а в р и л о в Иван Григорьевич.

Әлеуметтік қамсыздандыру Министрі — Қ ы й с а н о в Атымтай
Кыйсанұлы.

Су шаруашылығы Министрі — Ж ү с і п о в Смаил Жүсіпұлы.

Мемлекеттік бақылау Министрі — О ң ғ а р б а е в Ақай Өңғарбайұлы.

Орман шаруашылығы Министрі — О р ы м б а е в Әмірзақ Орым-
байұлы.

Құрылыс материалдары өнеркәсібі Министрі — М о р о з о в Яков
Епифанович.

Кинематография Министрі — Ж а қ ы п о в Уәли Жақыпұлы.

Министрлер Советі жанындағы көркем өнер істері Басқармасының бастығы — А х м е т о в Сағынтай Ахметұлы.

Министрлер Советі жанындағы мәдени-ағарту мекемелері істері комитетінің председателі — Ө т е е в Ахмет Өтейұлы.

Министрлер Советі жанындағы Жоғарғы Жол Басқармасының бастығы — Б у д а н ц е в Юст Андрианович.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
Председателі **Д. КЕРІМБАЕВ.**

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының
Секретарі **М. ДАИРОВ.**

Алматы қаласы,
1947 жылғы 21 март.

Кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу жаңа міндеттерге сай болсын

Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің жақында болған XVII пленумы БК(б)П Орталық Комитетінің Қазақстан партия ұйымында басшы партия және совет кадрларын іріктеп алу, даярлау және орналастыру жөніндегі қаулысын жүзеге асыру туралы мәселе талқылады. БК(б)П Орталық Комитеті кадрлар жөніндегі жұмысты қанағаттанарлық деп табумен қатар, елеулі кемшіліктер мен қателіктерді ашып, алдағы уақыттағы міндеттерді анықтап берді. ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы БК(б)П Орталық Комитетінің бұл мәселе жөніндегі сынын өте дұрыс деп мойындап, сонымен қатар болған қателіктер мен кемшіліктерді тез жою және кадрлармен жұмыс жүргізуді Сталиндік төртінші бесжылдықта республиканың алдында тұрған жаңа шаруашылық-саяси міндеттердің дәрежесіне жеткізудің нақтылы шараларын белгіледі.

Республикада ұлт кадрларын өсіру және жоғарылату жөнінде едәуір жұмыс істелді; облыстар мен аудандар көпшілігінің басшы партия және совет орындары дайындығы бар қызметкерлермен нығайтылды, басшы кадрлардың тұрақтамауы және дәлелсіз ауыстырылуы азайды, олардың практикалық жұмыстарға басшылығы жақсарды. Осының нәтижесінде республикамыз 1947 жылы өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да негізгі шаруашылық-саяси міндеттерді ойдағыдай орындап шықты. Бірақта ҚК(б)П Орталық Комитеті, облыстық комитеттері мен қалалық, аудандық комитеттері кадрларды іріктеп алу, дұрыс орналастыру және тәрбиелеуде елеулі қателіктер мен кемшіліктер жібермеген болса, табыстарымыздың мұнан да гөрі зор болатынын пленум атап көрсетті.

Партия орындарының кадрларды идеялық-саяси тәрбиелеу жұмысына басшылығының қанағаттанғысыз болып отырғандығын пленум негізгі кемшіліктердің бірі деп көрсетті. Республикамызда коммунистердің 30 проценті саяси оқуға тартылмаған. Марксизм-ленинизм кешкі университеттері мен аудандық партия мектептеріне алынған партия-совет активтерінің едәуір бөлегі кейде сабаққа қатыспайды және оқуды аяқтамай қалдырып кетіп жүр. Большевиктің теориясы мен тарихын өздігінен оқып үйрену жұмысы партия ұйымдарының көпшілігінде бетімен жіберілген, көптеген басшы қызметкерлер өздерінің теориялық білім дәрежесін көтерумен шұғылданбайды, олар актив пен еңбекші бұқара арасында саяси баяндама, теориялық лекцияларды аз жасайды.

Көптеген партия орындары, республикадағы коммунистердің үштен екісінің партия қатарына Ұлы Отан соғысы жылдарында, тіпті оның едәуір бөлегінің майданда алынғанын, олардың түрлі себептер салдарынан большевиктің теориясы мен тарихын оқып алмағанын, олар үшін оқу ұйымдастырудың, оларға әрдайым жәрдем көрсетіп отырудың хажеттігіне көңіл аудармады. Интеллигенция, комсомол және комсо-

молда жоқ жастар арасында марксизм-ленинизмді оқып үйренуді ұйымдастыру жұмысында да елеулі кемшіліктер болып отыр.

Социализм құрылысын аяқтау және социализмнен коммунизмге бірте-бірте өтудің қазіргі жағдайында халқымызды жоғары саналылықта тәрбиелеу ісінің маңызы өте зор болып отыр. Жұмысшыларымыздың, шаруаларымыз бен интеллигенциямыздың саналылығы, саяси, өндірістік белсенділігі жоғары болуы алға басуымызды тездетеді. Коммунистік тәрбиелеудің негізі болып табылатын — ленинизмді оқып үйренбейінше, коммунистік қоғам құрылысының міндеттерін ойдағыдай шешу мүмкін емес.

Партия мен совет мемлекетінің басшы кадрларының күші олардың Ленин мен Сталиннің оқуына жетілуінде, бұл оқуды қолдана және жүзеге асыра білуінде. Кадрларымыздың саяси саналылығы неғұрлым жоғары болса, олардың жұмысы солғұрлым жемісті болады.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы өзінің қаулысында кадрлардың марксистік-лениндік білімі жөніндегі қамқорлық, олардың идеялық шынығуы — партия ұйымдарының ең басты міндеті деп көрсетіп, бұл жөнінде нақтылы шаралар белгілеп, республикада партия оқуын жақсартудың кең программасын жасады.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы бірсыпра аудандарда халық арасында идеологиялық және мәдени-ағарту жұмыстарының жеткіліксіз жүргізілуінің нәтижесінде, соңғы кездерде бір қатар жерлерде көп қатын алу, қалың мал алу, жасы жетпеген қыздарға үйлену сияқты патриархалдық-феодалдық қалдықтар өріс алып отырғанын, бұл сияқты маскара қалдықтарға қарсы күрес нашар жүргізіліп келе жатқандығын атап көрсетті.

Халық және кадрлар арасындағы идеологиялық жұмыстың жеткіліксіздігі, Қазақстан тарихын зерттеудегі, әдебиет пен көркем өнер саласындағы ұлтшылдық бұрмалаушылықтар, сана мен тұрмыстағы капиталистік және патриархалдық-феодалдық қалдықтар түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетіміздің өркендеуіне, ұлт кадрларын тәрбиелеу ісіне едәуір кесір келтіріп отыр. Пленум барлық шараларды қолдана отырып, бұл қалдықтардың социалистік құрылыс үшін зияндылығын және кертартпалық жаратылысын ашып, оны әшкерелеу, бұларға қарсы ең қатты күрес жүргізуді республиканың партия ұйымдарынан қатаң талап етті.

ҚК(б)П Орталық Комитетінің пленумы БК(б)П Орталық Комитетінің «Звезда», «Ленинград» журналдары туралы және басқа да қаулыларына сәйкес республикадағы бүкіл идеологиялық жұмысты қайта құрудың кең программасын жасады. Ғылыми мекемелер, театрлар, киностудия, Оқу Министрлігі, баспасөз орындарының алдына өздерінің жұмыстарындағы кемшіліктерді жедел жойып, идеологиялық жұмысты, еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру ісін заманымыздың саяси міндеттеріне сай жоғары сатыға көтеру міндеттері қойылып отыр.

Ұлт кадрларын даярлау және тәрбиелеп өсіру — республикамыздың саяси, шаруашылық және мәдени өркендеуінің аса хажетті шарты. Солай бола тұрса да өнеркәсіптің кейбір салаларында қазақтардан маман жұмысшылар, инженерлер мен техниктер даярлау ісі аса нашар ұйымдастырылған. Бірқатар республикалық және облыстық мекемелердің аппараттарында, әсіресе, денсаулық сақтау, ағарту орындарында және шаруашылық министрліктерде ұлт кадрларын тәрбиелеу ісі өте нашар жүргізіліп келеді. Пленум ұлт кадрларын даярлау және тәрбиелеу жұмысын жақсартудың нақтылы шараларын белгіледі.

Пленум әйелдерді, өте-мөте қазақ әйелдерін басшы қызметке, қоғамдық ұйымдарға батыл жоғарылатудың хажеттігін де атап көрсетті.

Сталин жолдас: «Барлық істің тетігін кадрлар шешеді» деп үйретіп келеді. Кадрларды іріктеп алу, тәрбиелеу және орналастыру жұмысы негүрлым жақсы жолға қойылса, өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығы мен мәдени құрылысымызды қалпына келтіру және бұдан былайда өркендете беру міндеттері солгүрлым тез, ойдағыдай болып орындалмақшы. Бұған қарамастан, көптеген облыстық, қалалық және аудандық партия комитеттері кадрларды саяси және іскерлік сапасына қарай іріктеп алу жөніндегі сталиндік принципті бұзып, елеулі қателіктер жасап алып отыр. Кейбір жағдайларда басшы қызметке саяси дайындығы жоқ, жалпы сауаты төмен адамдар, жұмысты білмейтін, жұмысты ақсатып алатын, жұмыста және өзінің жеке тұрмысында беделін түсіріп алған қызметкерлер тиісті уағында қызметтен босатылмайды, олар басшы қызметте ұзақ қалдырылып қойылады, не болмаса, бір қызметтен сол сыяқты екінші бір қызметке ауыстырылып, жалпы ісімізге кесір келтіріледі. Мұның өзі қолынан іс келетін, жаңа қызметкерлердің өсуін және оларды жоғарылату ісін едәуір кешеуілдетіп отыр. Алматы, Қызылорда, Павлодар және Талдықорған облыстарының бірқатар аудандарында қызметкерлерді таныстық және руына қарай жұмысқа алу фактылары орын алған, ал мұның өзі сыбайластыққа түсіп кетуге жарамсақтануға, жағымпаздыққа жол беріп, жұмысқа едәуір зыян келтірді.

Пленум бұл сыяқты зыянды әдісті теріс деп тапты және партия ұйымдарынан кадрларды іріктеп алу, оларды орналастыру жұмысы жөніндегі «Қызметкерлерді біріншіден, саяси сипатына, яғни олар саяси жағынан сенімді ақтай алатындығына қарай, және екіншіден, іскерлік сипатына, яғни олар белгілі бір жұмысты атқара алатындығына қарай, іріктеп алу керек» деген сталиндік нұсқауды мүлтіксіз басшылыққа алып отыруды талап етті.

Республикамыздың ауыл шаруашылығының алдында тұрған аса зор міндеттерді еске алып, пленум Ауыл шаруашылық Министрлігі мен Совхоздар Министрлігі орындарын, МТС, совхоз және колхоздарды жігерлі, теория жөнінде дайындығы бар және істе сыналған, Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету туралы БК(б)П Орталық Комитетінің февраль пленумының қаулысын орындауға бұқараны жұмылдыру қолынан келетін қызметкерлермен нығайтуды партия және совет ұйымдарына міндеттеді. Әсресе, аудандардағы оқу, денсаулық сақтау, финанс орындарын және сауда ұйымдарын маман қызметкерлермен нығайтуға да зор көңіл бөлінді.

Кадрларды жоғарылатуда, олардың саяси және іскерлік сапасын барлық жағынан бірдей зерттемей, олардың жұмыс нәтижесіне қарай емес тек анкета бойынша байқау, әсресе жас, жаңадан жоғарылатылған қызметкерлерге күнделікті жәрдемнің жеткіліксіз болуы, жәрдем орнына құрғақ әкімшілік жүргізілуі, — осының бәрі ақырында басшы кадрлардың көп ауыстарылуына әкеліп соқты. Мысалы, өткен жылы облыстық партия комитетінің наменклатурасына жататын кадрлардың Алматы облысында 45,5 проценті, Жамбыл облысында — 44,3 проценті, Қызылорда облысында — 42,5 проценті, Оңтүстік Қазақстан облысында — 39,5 проценті және Көкшетау облысында — 37,9 проценті қызметтен ауыстырылған.

БК(б)П Орталық Комитетінің пленумы партия орындарынан керекті қызметкерді тез және қатесіз іріктеп алу үшін жұмысымыздың барлық негізгі салалардағы басшылық жұмыстарға жоғарылатуға кадрлар резервін жасауды, бұлардың теориялық дәрежесін көтеру және жұмыс тәжірибесін арттыру жөнінде үзбей тәрбиелеу жұмысын жүргізіп, кадрларды саяси және іскерлік сапасына қарай дұрыс іріктеп алу

негізінде жұмысымыздың барлық салаларында тұрақты большевиктік кадрлар жасап, олардың негізсіз және жиі ауыстырылуын жоюды талап етті.

ҚК(б)П Орталық Комитеті XVII пленумының кадрлармен жұмыс жүргізу жөніндегі қаулысының аса зор маңызы бар, ол ірі саяси міндеттерді жүзеге асырудың жолдарын көрсетті. Жұмыста ұйымдасқандық және айқындық орнату арқылы кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу ісін жаңа саяси міндеттердің дәрежесіне жеткізіп, бұл қаулының орындалуын қамтамасыз ету республиканың барлық басшы партия орындарының жауынгерлік міндеті.

Соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы

*А. А. Андреев жолдастың БК(б)П Орталық Комитетінің
Пленумында жасаған баяндамасы*

Жолдастар! Ауыл шаруашылығын өркендету мәселелеріне кіріспестен бұрын, мен партияның бейбіт құрылыс дәуірінде деревняда жүргізген зор жұмысына қысқаша тоқтауға тиістімін.

Партияның колхоз құрылысы жауларына қарсы жүргізген қатал күресінің, ол жауларды талқандауының нәтижесінде және деревняда қажырлы жұмыс жүргізу нәтижесінде біздің ауыл шаруашылығымыздың бейнесі негізінен өзгерді — ол артта қалған, бытыраңқы ұсақ шаруалар шаруашылығынан алдыңғы қатарлы, механизациялы және ең ірі шаруашылыққа айналды.

Колхоз құрылысының жеңуі және ауыл шаруашылығында механизация базасының жасалуы астық мәселесі сыяқты күрделі мәселелерді шешуге мүмкіндік берді, астықтың жалпы өндірілуі 1940 жылы 7,2 миллиард пұт болды, товарлы астық түсімі 1913 жылғы дәрежесінен екі еседей асты. Өнеркәсіптің жеңіл салалары үшін меншікті шикі зат базасын жасау мәселелері шешілді. Мысалы, 1913 жылғымен салыстырғанда мақта өндірілуі 3,5 есе, зығыр талшығын өндіру 2 еседей, биязы және ұяң жүн өндіру 3 еседен аса, күнбағыс өндіру 4,5 есе, қант қызылшасын өндіру 2 есеге жуық артты; мұнымен бірге колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығы едәуір өркендеп, оның өнімділігі молайды.

Ауыл шаруашылығының салаларында сан өзгерістерімен қатар үлкен сапа жағынан өзгерістер болды. Астық өндіруде бидайдың үлесі артты; сортты тұқыммен салынған дәнді егіс көлемі барлық егістің бестен төрт бөлегінен асты; мал шаруашылығында асыл тұқымды малдар көбейді; ауыл шаруашылығының жаңа салалары құрылды, соның ішінде, шай, цитрус егістері, каучук егістері салынатын болды.

Әрине, бұл ауыл шаруашылығының жай өркендеуі болған жоқ, бұл деревняда жаңа социалистік колхоз құрылысының жеңісі болды, өйткені ауыл шаруашылығы өркендегенде қоғамдық шаруашылықтың өсуі негізінде өркендеді. Мұны мынадан да көруге болады: соғыс алдындағы бесжылдың ішінде колхоздардың егіс көлемі 13 миллион гектар артты, колхоздарда мал саны 39 миллион бас көбейді. Колхоздардың негізгі қорлары екіжарым есе артты, колхоздарда ақшалай кірістер 10 миллиард сомнан 21 миллиард сомға дейін өсті.

Колхоз құрылысының жеңуі колхозшы шаруалардың әл-ауқат жағдайын негізінен өзгертуді де қамтамасыз етті. Жұмысқа жарайтын әрбір колхозшының еңбек күніне берілетін басқа азықтарды есептемегенде, астықтың бір өзі ғана және ақшалай ақы ғана 1936 жылдан бері біржарым есе артты.

Сталиндік бесжылдықтардың ішінде ауыл шаруашылығын механизациялау негізінен аяқталды. 1940 жылы біздің ауыл шаруашылығымызда 530 мың трактор, 132 мың комбайн және 228 мың жүк автомашиналары болды. Колхоздарда жыртылатын барлық жердің төрттен үш бөлегі және егістің жартысынан артығы 1940 жылы трактордың

күшімен істелді, дәнді егіс көлемінің жартысы комбайнмен жыйналды, ал астықты аудандарда егіс көлемінің бұдан да көп мөлшері комбайнмен жыйналды. Біздің ауыл шаруашылығымыз шынында ең механизациялы ауыл шаруашылығына айналды, ал, тіпті Американың өзінде барлық егістік жердің тек жартысы ғана трактормен жыртылады және егіс жұмыстарының үштен бірі ғана трактор күшімен атқарылады. Бұл жөнінде мүлдем артта қалып қойған Европа елдерін сөз қылмаса да болады.

Ауыл шаруашылығында колхоздардың, МТС-тардың, совхоздардың жаңа кадрларын даярлап шығару сыяқты маңызды мәселе шешілді. Деревняда жаңа адамдар пайда болды, олар тракторшылар, комбайншылар ғана емес, олар колхоздардағы жаңа адамдар, яғни ауыл шаруашылығын алға бастырушы озат адамдар; ауыл шаруашылығын бұдан әрі өркендете беру ісінде партия мен мемлекет бұл адамдарға қазірдің өзінде сүйене алады.

Біздің ауыл шаруашылығымыз жаңадан мықтап алға басу үшін толық әзірленген деп кесіп айтуға болады, жолдастар, егерде бізді душар еткен соғыстың кедергісі болмаса, біздің ауыл шаруашылығымыз көп ілгері кететінінде ешбір күмән жоқ еді.

Әрине, соғыс алдындағы дәуірде біздің колхоздарымыз бен совхоздарымыз күш жыйнап алғандықтан ғана, олар соғыс кезінде де өз міндеттерін ойдағыдай атқарды.

Сталин жолдас бұл жөнінде 1943 жылдың өзінде-ақ былай деді: «...колхоздар мен совхоздарымыз армиямызды және елімізді азық-түлікпен оншама кідіртпей жабдықтап келді. Қолхоз құрылысы болмаған болса, колхозшылар мен колхозшы әйелдер жанқиярлықпен еңбек етпеген болса, біз бұл аса қиын міндетті, әрине, орындай алмаған болар едік. Соғыстың үшінші жылында армиямыз азық-түлік жөнінде кемшілік көрмей отырған болса, халқымыз азық-түлікпен, ал өнеркәсібіміз шикі затпен жабдықталып отырса, бұл колхоз құрылысы күшінің және оның өмір тұлғасы екендігінің, **совет шаруаларының отаншылдығының арқасы».**

Соғыс кезінде ауыл шаруашылығының алдына қандай үлкен қиыншылықтардың кездескені жалпы жұртқа мәлім, алайда, осы қиыншылықтардың бәріне қарамастан, біздің колхоздарымыз өз міндеттерін аброймен атқарды және соғыстан кейін моральдық және саяси жағынан бұрынғыдан да гөрі берік болып шықты. Қолхоз құрылысының күші жеңілмейтін күш болып шықты.

Қолхоз құрылысы жауларының соғыс кезінде колхоздарымыз азып-тозып кетеді деген үмітінің күлі көкке ұшты. Басқыншылар колхоз атаулының бәрін жер бетінен жоюға қаншалықты тырысса да, басқыншылықтағы жерлерді біздің армиямыз азат етісімен-ақ колхоздар дереу қайтадан көркейе бастады, олардың шаруашылығы қалпына келе бастады, ол-олма, тіпті басқыншылыққа ұшыраған аймақтарда да колхоздар болды, олар жаумен күресу үшін партизан отрядтарын құрып отырды.

Дегенмен, соғыс ауыл шаруашылығына әсерін тигізбей қалмады және ауыл шаруашылығының жайына үлкен зардабын тигізбей қалмады. Егіс көлемі кеміді, егіннің шығымдылығы азайды, мал саны азайды, оның өнімділігі кеміді, кадрлар біраз нашарлады, колхоздарда адам азайды, МТС-тар мен совхоздарда техника азайды, бұрын басқыншылыққа ұшыраған жерлерде ауыл шаруашылығы үлкен бүліншілікке ұшырады. Сондықтан қазір, бейбіт құрылысқа кіріскеннен кейін, ауыл шаруашылығының мәселелері партияның өте маңызды міндеттері болып алға қойылып отыр.

Ал, соғыстан кейінгі дәуірде бізде ауыл шаруашылығының қалпына келтірілуі қалай жүргізіліп келеді?

Азат етілген аудандардың ауыл шаруашылығын қалпына келтіру жөнінде Үкмет оларға жәрдем көрсету жөнінде бірден-ақ үлкен шаралар істеді. Бұл аудандарға жаңадан жасалған және басқа аудандардан жеткізу есебінен едәуір трактор, ауыл шаруашылық машиналары апарылды. Колхоздарға атпен, өнім малымен жәрдем көрсетілді, тұқыммен және мал азығымен мемлекеттік жәрдем көрсетілді. Осы шаралардың бәрінің нәтижесінде азат етілген аудандардың колхоздары мен шаруалар шаруашылықтары қазірдің өзінде-ақ соғысқа дейінгі егіс көлемінің төрттен үш бөлегін қалпына келтірді, ал мал санының жартысы соғысқа дейінгі қалпына жетті.

Үкмет трактор, ауыл шаруашылық машиналарын, ол машиналарға керекті запас бөлшектер, минерал тыңайтқыштар өндіруді қалпына келтіру жөнінде шаралар істеді.

Содан бергі уақыттың ішінде, әртүрлі бағытта бірсыпра жедел шаралар істелді, соның ішінде дәнді егістің сортты тұқыммен салынуын қалпына келтіру жөнінде шаралар істелді, колхоздарда ауыспалы егісті қалпына келтіру және жаңа ауыспалы егіс қолдану жөнінде үлкен жұмыс жүргізілді, қант қызылшасын егуді, зығыр егуді қалпына келтіру, майлы егістердің көлемін кеңейту және мақта егуді өркендету жөнінде шаралар істелді.

Әрине, 1946 жылдың қуаңшылығы ауыл шаруашылығын қалпына келтіру ісінде бізге қатты кедергі жасағандығын айту керек. Мемлекеттік жоспарлау комиссиясының хабарында қуаңшылық шарпыған жердің көлемі көрсетілген, ол хабардан қуаңшылықтың өте үлкен болғандығы көрінеді және де егер колхоз құрылысы болмаса, совет өкметі болмаса мұндай қуаңшылық ел ішінде етек алған аштық тұғызар еді деп ешбір асырмай айтуға болады. Бізде олай болған жоқ. Воронеж, Курскі, Орел, Тамбов облыстары, Украина облыстарының бір бөлегі, Молдавия және басқалары қуаңшылыққа ұшырағандығы анықталысымен-ақ, Сталин жолдас колхоздар мен шаруалар шаруашылықтарына резервден азық-түлік және мал азығы жәрдемін көрсету туралы мәселені, тракторлармен және қуаңшылықтың зардабынан сақтану үшін керекті нәрсенің бәрімен жабдықтау мәселесін мейлінше батыл қойды және осылай істелді де.

Енді менің Қаулы жобасында алға қойылатын міндеттерге көшуіме рұхсат етіңіздер.

I. АСТЫҚ ЖӘНЕ ТЕХНИКАЛЫҚ ЕГІСТЕР ӨНДІРУДІ ӨРКЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕР

Астық жөнінде. Біздің бүкіл шаруашылығымыз үшін астық мәселесінің маңызы қаншалықты зор екені мәлім. Сондықтан астық өндіруді молайту ауыл шаруашылығындағы ең басты міндеттердің бірі болып табылады.

Бесжылдық жоспарға сәйкес 1950 жылы астықтың жалпы түсімін 127 миллион тонна мөлшеріне жеткізу, сонымен бірге 1945 жылғымен салыстырғанда егіс көлемін 20,6 миллион гектар ұлғайту және егін шығымдылығын едәуір арттыру міндеті қойылып отыр. Үстіміздегі жылы дәнді егістің көлемі 6,3 миллион гектар арттырылмақшы.

Барлық облыстар, өлкелер мен республикалар астық өндіруді тез молайту жолында мықтап жұмыс істеулері тиіс. Бұл міндет тегісінен барлық аудандар үшін өте маңызды міндет болып табылады.

Ең бағалы азық-түлік егісі — бидайдың: Оңтүстік аудандарда күздік бидайдың, Сібір мен Еділ бойы аудандарында жаздық бидайдың өндірілуін молайтудың үлкен маңызы бар.

Атап айту керек — жаздық бидай өндіретін негізгі аудандарда, яғни Саратов, Омскі, Курган, Ново-Сібір облыстарында, Татар АССРнда жаздық бидайдың егіс көлемі әсресе азайып кеткен.

Мұнымен бірге, Украинада жаздық бидайдың орнына көбінесе арпа егіп жаздық бидайды ығыстырып шығару кешіргісіз екендігін атап айту керек. Әңгіме мынада: арпа егісі Украинада 1946 жылдың өзінде-ақ соғысқа дейінгі дәрежесінен асып түсті, ал жаздық бидай егісі әлі едәуір төмен жатыр. Әрине, Украинаның жақсы қара топрақты жерлерінде бидай егілмей, құндылығы одан анағұрлым төмен, арпаның егілуі дұрыс емес. Сондықтан быйылғы жылдан бастап-ақ Украинада жаздық бидай егісін молайту керек.

Сібір облыстарының, Еділ бойының, Украинаның, Солтүстік Кавказдың және басқа облыстардың қызметкерлерінен бидай өндіруді қалпына келтіріп қана қоймай, бұрынғы дәрежесінен асыру талап етіледі.

Жоба бойынша халық үшін азық-түліктің маңызы зор болып отырған дәнді бұршақты және жарма егістерінің жалпы түсімін едәуір молайту көзделіп отыр. Мұның, әсресе гречиха жөнінде Курскі, Орел, Брянскі, Тула облыстарына және Татарыстанға қатынасы бар, өйткені, бұлар гречиха өндіруде үлкен орын алған, бірақ ол егістің көлемін мүлдем азайтып жіберген.

Тары жайына келгенде, мұны басқа егістердің кем жерін толтыру үшін керекті бір сақтық егісі деп қарайтын жергілікті орындарда теріс көзқарас бар екенін айту керек. Сондықтан тарыны мерзімі өтіп кеткеннен кейін егеді және соның өзінде жаман жерге салады, осыдан келіп оның шығымы өте төмен болады. Ал, шынында бұл егістің кереметі сол — ол әрі өнімді мол бере алады, сонымен бірге қуаңшылыққа төзімді келеді. Мәселен, 1940 жылы 500 мың гектар тары егісінің әрбір гектарынан орта есеппен 15 центнерден өнім алынды, ал 200 мың гектар егістің әрбір гектарынан орта есеппен 20 центнерден өнім алынды.

Тары бір маңызды дәнді егіс туралы — әсресе Оңтүстіктегі аудандар үшін маңызды егіс — жүгері туралы айтпай өтуге болмайды. Бұл арада, мен бұл егісті салуға Хрущев жолдастың бастаушы болғандығын айтуға тиістімін және оныкі дұрыс та. Әңгіме мынада: жүгері азық-түлікке жаратылумен қатар мал шаруашылығын өркендету үшін өте маңызды. Бұл — өнімді мол беретін, қуаңшылыққа шыдамды егіс, ал жүгеріні гибриді тұқыммен еккен күнде, оның шығымдылығын едәуір арттыруға болады.

Жүгеріні көп егуде ауыл шаруашылық орындарында кертартпалық белгілері көп екендігін атап айтпай болмайды. Бұл егіс тек қана оңтүстікте егетін егіс деп ойлайды, ал шынында мұны солтүстік жақта да — Еділ бойында, орталық қара топрақты аудандарда және тіпті Сібірдің оңтүстік жақтарында егуге болатындығы тәжірибеде ыспатталды. Осы егісті көптеген жылдар бойы зерттеп жатқан Қуйбышев облысындағы Безенчук тәжірибе станциясы, Сталинград облысындағы Камышин тәжірибе станциясы неғұрлым солтүстік аймақтардың өзінде де жүгері егісінен мол өнім алып жүр. Ауыл шаруашылық Министрлігінен және оның жергілікті орындарынан жүгері егісін көбірек таратумен және оның шығымдылығын арттырумен мықтан шұғылдануың, сонымен қатар жүгерінің гибриді тұқымдарын тез көбейтумен шұғылдануын талап ету керек.

Техникалық егістер жөнінде алға қойылып отырған міндеттердің маңызы да орасан зор.

Мақта жөнінде. Шитті мақтаның жалпы түсімін 1950 жылы 3,1 миллион тоннаға жеткізу міндеті қойылып отыр, ал суармалы

мақтаның соғысқа дейінгі жалпы түсімінің мөлшері 1948 жылдың өзінде-ақ асырылмақшы. Быйылғы жылы мақта егісінің көлемін 16 мың гектар арттыру, шығымдылығын едәуір арттыру жоспары бекітілді.

Өткен жылы, Үкмет жүргізген шаралардың және республикаларда жүргізілген зор жұмыстардың нәтижесінде, мақта шаруашылығын қалпына келтіруде едәуір нәтижелерге қол жетті. Жалпы алғанда егіс және өгін шығымдылығы жоспарлары орындалды, мақта дайындау жоспары асыра орындалды. Бұл, әрине, тек істің басы ғана. Бізге мақта өте көп керек және мақта егуші республикалардан, ең алдымен мақта шаруашылығында үлкен орын алып отырған Өзбекстаннан жылдық және бес жылдық жоспарлар бойынша алға қойылған тапсырмаларды толық және асыра орындау жөнінде үлкен жұмыс істеу талап етіледі.

Мақта шаруашылығының бұдан әрі өркендеуі оның егісін күтуді мықтап жақсартуға, суармалы жерлерді дұрыс пайдаланып, суармалы жерлердің көлемін кеңейтуге, люцерна егісін едәуір молайтуға тікелей байланысты екенін айту керек.

Бұл іске тиісті көңіл бөлінген жерде өткен жылы мол өнім алғаны көрінді. Мінеки, мысалы, Өзбекстанда мақтаның орта шығымдылығы гектарынан 13,7 центнер болған болса, Эндижан облысы гектарынан 18 центнер, Сурхандария облысы — 19 центнер, Ташкент облысының Янгиюль ауданы 24,6 центнер алды. Сонымен қабат Өзбекстанда жұмысты нашар істеуінің нәтижесінде өнімді өте аз алған облыстар мен аудандар бар көрінеді. Бұлардың қатарына Хорезм облысын қосуға болады; бұл облыс мақтаның гектарынан тек 9 центнер өнім алды.

Мен, мысалға Өзбекстанды алып тұрмын, бірақ нақ осындай мысалдарды мақта егуші басқа республикалардан да келтіруге болады.

Соңғы жылдарда, әсіресе Өзбекстанда, жер суару жөнінде, су қорларын молайту жөнінде үлкен жұмыс істелді, бірақ суды пайдаланудың жайы, жер суару жүйелерінің жайы, әсіресе суармалы жерлерді пайдаланудың жайы жақсы деп айтуға болмайды.

Мәліметтерге қарағанда, Өзбекстанда соңғы жылдары жер суаруды дұрыс қолданбаудың, қапалдарды уақытында аршымаудың нәтижесінде суарылатын жердің едәуір көлемі пайдаланылмай қалдырылып, арам шөп басып кеткен көрінеді. 1945 жылдың өзінде ғана Өзбекстанда суармалы егіс көлемі 100 мың гектар кеміді, суармалы егіс көлемі 1946 жылы да кеми берді.

Суды дұрыс пайдаланбаудың, суарылатын жерді пайдаланбай тастаудың мұндай фактылары Тәжік, Түркмен, Қырғыз республикаларында және басқаларында бар.

Мақта шаруашылығын өркендету үшін минерал тыңайтқыштардың, әрине, зор маңызы бар. Жергілікті жерден келген жолдастардың бәрі — тыңайтқыш беріңдер деп талап қояды. Химия өнеркәсібі минерал тыңайтқыштар өндірісін едәуір ұлғайтуға тиіс. Мақталы аудандарға жақын жердегі Қаратау фосфориттерін шығаратын өндіріс орындарының іске қосылуын тездету керек. Орта Азия мен Қазақстанда салынуға ұйғарылған 4 суперфосфат заводын тездетіп салу керек.

Алайда, мақтаға керек тыңайтқыштарды көбейтудің басқа да маңызды қорлары бар — көп азот беретін жоңышқа егісінің көлемін ұлғайту керек. Жоңышқа егісі мақта егетін республикалардың бәрінде де мықтап азайғанын айтып өту хажет. Мәселен, 1946 жылы Өзбекстанда жоңышқа егісінің орылатын көлемі 1940 жылғыдан 40 процент азайды.

Жонышқа егісінің көлемін ұлғайтуға шындап кірісу хажет. Мұның өзі мақтаның шығымдылығын арттыруға да, онымен бірге мал шаруашылығын өркендетуге де берік негіз қалайды.

Қант қызылшасы жөнінде. Қант қызылшасы егісінің азаюы және шығымдылығының кемуі себепті соғыс кезінде қант қызылшасының өнімі едәуір кемігенін айтып өту хажет. 1946 жылы қант қызылшасы егісінің көлемі 1945 жылғыдан 100 мың гектар көбейді. Бірақ, қызылша егетін аудандарда қуаңшылық болуы себепті қант қызылшасының жалпы түсімін арттыра алмадық.

1950 жылы қызылшаның жалпы түсімін 26 миллион тоннаға жеткізу, ал, шығымдылығын 1945 жылғыдан екі есе дерлік арттыру міндеті алға қойылып отыр. Сонда қызылшаның жалпы түсімі соғысқа дейінгіден әлдеқайда көбейіп, 1945 жылғыдан үш есе артады. Быйыл қызылша егісінің көлемі 120 мың гектар ұлғайтылып, шығымдылығы едәуір арттырылуға тиіс.

Бұл міндетті орындау көбінесе, қызылша егетін негізгі аудандарға — Украинаға, Воронежге, Курскіге және Краснодарға жүктеледі.

Қызылша егісінің көлемін жақсарту, терең зябь жырту, тыңайтқышты көбейтумен бірге, қант қызылшасының шығымдылығын арттырудың негізгі шарты болып табылады.

Бейбіт кұрылыс жылдарында колхоздардың қызылша егушілері арасында қант қызылшасынан мол өнім алуды көздеген қозғалыс кең өрістеді. Мұның өзі қызылша егуді күшейтуге зор көмек көрсетті. Қызылша егетін аудандар алдына қызылша егуші колхозшылар арасындағы бұл аса маңызды қозғалысты қайтадан өрістетуге міндеті қойылуға тиіс.

Зығыр жөнінде. Салалы зығыр егісінің көлемі соғысқа дейінгі мөлшерінің жартысына да жетпейді. Зығыр егетін негізгі аудандардың бірсыпасы шапқыншылыққа ұшырағандықтан соғыс кезінде бұл егіс жөнінде ерекше қыйыншылықтар туды. Бұл аудандарда зығыр егісінің көлемі едәуір азайды, тұқым көп ысырап болды, зығырдың алдынан егуге ең қолайлы егіс — жоңышқалық азайды, зығыр жөніндегі жұмыстардың механикаландырылуы мықтап азайды.

Алайда, мұндай қыйыншылықтарға қарамастан, кейбір облыстар, мәселен, Калинин облысы зығыр егуді ойдағыдай қалпына келтіруде. Бұл жөнінде Смоленскі облысы, Белоруссия, Киров облысы едәуір артта қалып келді.

Зығыр жөнінде 1950 жылы зығырдың жалпы түсімін 800 мың тоннаға жеткізу, зығыр торқасының сапасын арттыру, ал, быйылғы жылы зығыр егісінің көлемін 366 мың гектар ұлғайту міндеті алға қойылып отыр.

Зығыр егетін негізгі аудандарда — Белорус ССРнда, Смоленскі, Кострома, Ярославль, Калинин, Киров және басқа облыстарда зығыр егуді неғұрлым тез қалпына келтіру және өркендету, зығырдың шығымдылығын едәуір арттыру, сапасын жақсарту, жоңышқалықты қалпына келтіру міндеті жүктеледі.

Зығырды төсеу, жібіту және көтеру жұмыстарының өте-өте кешіктірілуін, мұның салдарынан зығырдың бір бөлегі қар астында қалуын, сөйтіп, зығырдың көп ысырап болуын бұл жөніндегі ең зор кемшілік деп тануымыз керек. Осы кемшіліктердің салдарынан көп зығыр дайындалмай қалады. Мәселен, Иваново облысының колхоздарында 1945 жылы барлығы 31 мың гектар зығыр егілсе, соған күзді күні небәрі 18 мың гектар жердің зығыры төселді, оған 16 мың гектар жердің зығыры көтерілді, ал, 2 мың гектар зығыр қар астында қалды. Бұл облыста 1945 жылы зығырдың жалпы түсімі 8 мың

тонна болса, соның ішінде небәрі 4,8 мың тонна зығыр, яғни 59 проценті ғана дайындалды. Қалған зығыр қайда кетті? Зығырды еңбектегіп көп екті, бірақ, зығырдың жартысы жоқ болып шықты. Бұл кемшілікті біржолата жою керек. Істі зығырдың қанша егілгенімен бағалауға болмайды. Оны мезгілінде түгел жыйнап, жақсы өңдеп, дайындау жоспарын толық орындау керек.

Қаулының жобасында басқа дәнді егістер мен техникалық егістер — майлы егістер, конопле, темекі, соя, цитрус егістері, шай және жеміс жөнінде де маңызды міндеттер алға қойылып отыр. Оның үстіне 1945—1946 жылдарда үкмет бұл егістер жөнінде бірсыпра арнаулы қаулылар қабылдады.

Мен енді тек картоп туралы мәселеге тоқтап өткім келеді. Азық-түлік балансында картоп астықтан кейін екінші орын алатыны жұртқа мәлім. Бұл егістің маңызы да осыдан көрініп отыр. Соғысқа дейінгі мөлшермен салыстырғанда, картоп егісінің көлемі жалпы алғанда бізде азайған жоқ деуге болады, ал, 20 шақты облыс, оның ішінде Свердлов, Челябин, Москва, Горький облыстары және басқалары картоп өнімін соғысқа дейінгі мөлшерінен де асырды. Рас кейбір облыстар, оның ішінде Рязань, Саратов, Тамбов және басқа облыстар картоп егісінің көлемін едәуір азайтты, дегенмен жоғарыда айтылғандай картоптың жалпы өнімі кеміген жоқ. Алайда, басқа егістермен салыстырғанда, картоп егісінің көлемі кемімесе де, ол егіске мұнан да көбірек көңіл бөлу керек болады.

Біріншіден, картоптың шығымдылығын арттыру керек. Бізде картоптың шығымдылығы әлі кем, тіпті соғысқа дейінгі мөлшеріне де жетпейді. Екіншіден, картопты тамаққа пайдаланудан тыс мал азығы үшін де неғұрлым кең қолдануымыз керек. Әсресе, шошканы неғұрлым тез көбейту хажетіне пайдалануымыз керек. Сол сыяқты спирт қайнату үшін картопты астық орнына неғұрлым көп қолдану керек. Бір гектар астықтың өнімімен салыстырғанда, бір гектар картоптың орташа өнімі спиртті төрт есе көп береді.

Егіннің шығымдылығын арттырудың қандай зор маңызы бар екені астық шаруашылығы мен техникалық егістер шаруашылығын өркендету жөнінде қаулы жобасында алға қойылған міндеттерден айқын көрініп отыр.

1945 жылғымен салыстырғанда бесжылдықтың аяғында дәнді егістердің көлемі 24 процент көбеюге тиісті болса, бұл егістердің шығымдылығы 54 процент арттырылуға тиіс; мақта егісінің көлемі 40 процент, ал оның шығымдылығы 79 процент арттырылуға тиіс; қант қызылшасының көлемі 63 процент, ал, оның шығымдылығы 79 процент, күнбағыстың егіс көлемі 28 процент, ал, шығымдылығы 59 процент арттырылуға тиіс. Мұның өзі егіннің шығымдылығын арттыру жөнінде орасан көп жұмыс істеу керек болатынын көрсетеді.

Егіннің шығымдылығын арттыру жөніндегі негізгі міндет — ең алдымен пар мен зябті мезгілінде жыртып, мезгілінде баптау. Бұл міндетті орындамаған жерде егіннің шығымдылығын арттыру мүмкін емес. Соңғы жылдардың ішінде жерді таяз жырту етек алды, мұның өзі егістік жерлердің арам шөбі көбеюіне себеп болды. Әсресе, Еділ бойының, Сібірдің аудандарында және шапқыншылыққа ұшыраған аудандарда осындай болып келеді.

Қолхоздар мен совхоздарда ауыспалы егіс тәртібін енгізу егіннің шығымдылығын арттырудың аса маңызды шарты. 1945—1946 жылдарда 50 мың колхозда ауыспалы егіс тәртібі енгізілді. Қазір колхоздардың жартысында ауыспалы егіс қолданылады. 3—4 жылдың ішінде біз қалған колхоздардың бәрінде ауыспалы егіс тәртібін енгізуіміз керек. Быйыл 30 мың колхозда ауыспалы егіс тәртібін енгізуге

ұйғарылды. Бұл жөнінде болып отырған бір елеулі кемшілік — белгіленген ауыспалы егіс тәртібі жиі бузылып отырады, жергілікті ауыл шаруашылық орындары, агрономдары ауыспалы егіс тәртібінің сақталуына тиісінше жауапты болмай келеді. Бұл сыяқты маңызды істе қатаң мемлекеттік тәртіп орнату керек.

Екпе шөптер, әсіресе, көп жылдық шөптер егуді кеңінен қолдану — егіннің шығымдылығын арттырудың аса маңызды шарасы. Бесжылдық жоспар бойынша, екпе шөптердің көлемі соғысқа дейінгі мөлшерінен екі есе көбейтілмек. Шөп егу бір жолы екі міндетті орындауымызға: жер қыртысының құрылысын, оның құнарлылығын қалпына келтіруімізге және мал азығын молайтуымызға көмектеседі.

Екпе шөптер тұқымының жеткіліксіздігі шөп егуді өркендету жолындағы негізгі бөгет болып келеді. Барлық облыстар екпе шөптер тұқымын беріңдер деп талап қояды, бірақ бұл тұқымды өздері өсіруді ешқайсысы ұйымдастырмайды. Әрбір облыс, өлке мен республика екпе шөптер тұқымын өсіру мәселесін өздері шешуге тиіс. Әрбір колхоз бен совхоз өздеріне керекті екпе шөптер тұқымын өздері жетістіретін болу керек. Оның үстіне астық совхоздарының үлгісімен екпе шөптердің жақсы тұқымын жетістіретін және көбейтіп егетін арнаулы тұқым шаруашылықтарын ұйымдастыру керек.

Егіннің шығымдылығын арттыру ісінде сортты егістер егуге көшудің зор маңызы бар. 1940 жылдың өзінде колхоздар мен совхоздарда астықтың сортты егісі 84 процент болды, техникалық егістердің бәрі дерлік сортты тұқыммен егілді. Соғыс кезінде бұл жұмыс біраз нашарлады. Соғыстан кейін сортты егістерді қалпына келтіру басталды. 1946 жылы дәнді егістердің 60 проценті сортты тұқыммен егілді. Қаулының жобасы бойынша, неғұрлым өнімді сортты егістерге, жаппай көшу 1949 жылы аяқталуға тиіс. Бұл міндетті орындау үшін, колхоздарда тұқым өсіру шаруашылығын жолға қойып, тұқым өсіретін арнаулы шаруашылықтарды — аудандық тұқым шаруашылықтарының жұмысын жақсарту керек.

Колхоздарда тұқым өсіру шаруашылығының тәртібі өте мөте қатты бузылғанын, мұның өзі тұқымдық егістің мезгілінде егілуіне және оның шығымдылығына зардабын тигізіп отырғанын мойындау хажет. Екінші жағынан, мұның салдарынан көп облыстарға жылмажыл тұқым қарызын беріп отыруға тура келеді, оның үстіне кей жерлерде колхоздардың бір-біріне тұқым ауыстырып, өзара көмектесудің өңі айналдырылады, мұның өзі алдыңғы қатарлы колхоздарда орынды наразылық туғызады. Колхоздардың бір бөлегі мемлекеттен немесе басқа колхоздардан жылма жыл қарызға тұқым алып отырады, көп уақытта бұл қарыз алған тұқымын қайтармайды, мұның өзі алдыңғы қатарлы колхоздардың шаруашылығына зардабын тигізеді.

Бұл кемшіліктерді жою үшін не істеу керек? Колхоздарда тұқым шаруашылығын жолға қою, колхоздардың тұқымдық учаскелерінің шығымдылығын арттыру, бұл учаскелерде жақсы тұқым өсіретін мәдениетті, мейлінше өнімді егіске айналдыру ісімен шындап шұғылданду керек. Қазіргі уақытта көп жерде тұқым учаскелерінің жай қатарлы егістен ешқандай айырмашылығы жоқ. Мұның нәтижесінде колхоздар тұқым учаскелерінен жеткілікті тұқым жыйнай алмай, егіске керекті тұқымды жалпы егістің өнімінен алып, мемлекетке астық тапсыру жұмысына нұқсан келтіреді.

Егер тұқым учаскелерін жақсылап жолға қойып, шығымдылығын арттырса, онда тұқым учаскелерінен тұқым қуядың қазіргі тәртібі және бұл учаскелердің қазіргі мөлшері әрбір колхоздың тұқым хажетін толық өтей алады.

II. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ӨРКЕНДЕТУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕР

Өздеріңізге мәлім, қаулының жобасында 1948 жылдың аяғында сыйыр малының, қой мен ешкінің және 1949 жылдың аяғында шошқаның саны соғысқа дейінгі дәрежесіне жеткізіліп одан асырылуы көзделеді, 1950 жылдың аяғына дейін жылқының саны 1946 жылғымен салыстырғанда 58 процент арттырылуы көзделеді. Әрине, бұл міндеттердің орындалуы Ауыл шаруашылық Министрлігінің, жергілікті орындардағы — облыстардағы, өлкелердегі және республикалардағы партия, совет орындарының үлкен жұмыс істеуін талап етеді.

Мал шаруашылығы жөнінде алға қойылған міндеттерді қамтамасыз етуде басты мәселелер қандай?

Сыйыр малы жөнінде. Біріншіден, малдың тым көп қысыр қалуын жою керек. 1946 жылы колхоздарда 100 сыйырдан тек 72 бұзау алынды. Бұл — 100 сыйырдан 28 сыйыр қысыр қалды деген сөз. Бұл колхоз фермаларына үлкен нұқсан келтіретін жағдай, ал, малдың қысыр қалуын жою болсақ, бұл малдың тез өсуіне жол ашады.

Сыйырдың қысыр қалуының біржолата кемуін қамтамасыз етуге бола ма? Сыйырдан төлді көп алып отырған бірсыпыра облыстардың үлгісі мұны істеуге болатындығын көрсетеді. Мысалы, Астрахань облысында 1946 жылы колхоздарда 100 сыйырдан 92 бұзау алынды, Сталинград облысында — 90 бұзау, Кировоград облысында 88 бұзау, Омскі облысында — 85 бұзау алынды, бұлармен қатар бізде төлді өте-мөте аз алып отырған облыстар бар. Мысалы, Горький облысында 100 сыйырдан тек қана 64 бұзау, Свердлов облысында 65 бұзау, Чуваш АССРнда — 63 бұзау алынды.

Сыйырдың көп қысыр қалуының себебі не деп тексере келсең, бұқаның жеткіліксіздігінен көрінеді. Бұл арада біздің мал өсірушілеріміздің тікелей қателік істеп жүргендігі бар, олар қалай да барлық колхозда асыл тұқымды бұқа болса екен дейді, ал асыл тұқымды бұқалар жеткіліксіз, содан келіп сыйырдың бір бөлегі қашырылмай қалады, ал бұл жағдайға біздің мал өсірушілеріміз және жергілікті ұйымдар жеткілікті көңіл бөлмейді. Сондықтан колхоздардың малын және колхозшылардың жеке пайдалануындағы малын өндіріс малымен толық қамтамасыз ету міндеті әрбір облыста ең қысқа мерзімнің ішінде орындалуға тиіс.

Екіншіден, колхоздардың едәуір бөлегінде әлі де болса ұсақ, товарлылығы кем фермалардың болуы сыяқты, ал бірсыпыра облыстардың бірқатар колхоздарында фермаларда сыйырдың мүлде болмауы сыяқты кемшілікті жою керек. Мысалы, Киров облысында 8.600 колхоздың ішінде 1946 жылы 586 колхозда сыйыр болмаған. Рязань облысында 108 колхозда сыйыр болмаған. Бұл жағдайдың колхоздарда қоғамдық мал санын көбейтуге кедергі болатыны сөзсіз.

Үшінші үлкен кемшілік — сыйыр малының өнімділігінің төмендігі, Орталық Санақ Басқармасының мәліметтері бойынша, 1945 жылы әрбір сыйырдан сауып алынған сүттің орта мөлшері 945 килограмм болған. Рас, біздің есеп жұмысымыздың кемшілігі — ол колхоздарда алынатын барлық сүт өнімін толық қамтымайтындығы, бірақ сауып алынатын сүттің мөлшері жеткіліксіз екендігін мойындау керек. Мемлекетке міндетті түрде тапсырылатын ет малының салмағы жеңіл екенін де атап айту керек, осының салдарынан колхоздардың малды бір жарым — екі есе көп тапсыруына тура келеді, ал егер олар семіз мал тапсыратын болса, тапсырылатын малдың санын азайтқан болар еді. Мәселен, тапсырылатын сыйыр малының орта салмағы 1940 жылғыдан 1945 жылы екі пұт кем болды.

Бұдан шығатын қортынды — сыйыр малының өнімділігін арттыру ісін мықтап қолға алу керек. Бізде әдетте облыстардағы, аудандардағы, колхоздардағы мал шаруашылығының жайына баға бергенде, малдың санына қарай баға береді. Көріп отырсыздар, бұл жеткіліксіз. Малдың өнімділігіне қарай да баға беретін болу керек және малдың саны өсумен қатар өнімділігі артқанда ғана мал шаруашылығы жөніндегі жоспар орындалды деп санайтын болу керек.

Қой жөнінде. Барлық аудандардың алдына қойылатын міндет — қойдың санын көбейте беру және өнімділігін арттыра беру міндеті. Қойдың санын тез көбейту үшін не істеу керек? Алдымен қойдан төлді көп алатын болу керек. Соғысқа дейін колхоздар 100 саулықтан 107 қозы алған, ал 1946 жылы тек 90 қозы алды, кейбір облыстарда бұданда аз алды. Мысалы, Ульянов, Пенза облыстары 100 саулықтан тек 69 қозы алды. Сонымен қатар төлді бұдан әлде қайда көп алған бірсыпыра облыстар бар. Бұл—соғыстан кейінгі кәзіргі жағдайларда әрбір облыстың төл алуды едәуір арттыруды сөзсіз қамтамасыз ете алатындығын, сөйтіп қойдың санын тез көбейтуді қамтамасыз ете алатындығын ыспаттайды.

Биязы жүнді қойдың санын соғысқа дейінгі қалпына тез жеткізу және одан әрі көбейте беру — үлкен мәселе. Соғыс жылдарында биязы жүнді қойдың саны да ол қойдан қыркып алынатын жүні де едәуір кеміді. Бұл жөніндегі шешуші екі аймақ: Қазақстан мен Солтүстік Кавказ. Қазақстан біраз табыстарға жетті — оның колхоздарында биязы жүнді қой саны көбейді, бірақ оның бұдан әрі алға басуы керек. Солтүстік Кавказдың: Ставрополь, Ростов, Краснодар аудандарының алдында биязы жүнді қойдың санын соғысқа дейінгі мөлшеріне жеткізу және одан әрі көбейте беру міндеті қойылып отыр.

Шошқа жөнінде. Малдың барлық түрлерінің ішінде бәрінен де көп артта қалғаны бізде шошқа шаруашылығы, ал шынында тез өсетін, тез көбейетін шошқа шаруашылығын шапшаң өркендету біздің елімізде ет балансын мықтап түзеуімізге мүмкіндік берген болар еді, ал колхоздардың және шаруалар шаруашылықтарының мемлекетке шошқа етін көп тапсыруы сүт малының санын неғұрлым тез көбейту міндетін де жеңілдеткен болар еді. Шошқа санын бұрынғы қалпына тез жеткізу міндетінің қаншалықты маңызды екені осыдан-ақ түсінікті. Мұның Советтер Одағының барлық аудандарына дерлік қатынасы бар, бірақ әсіресе бұл істе Украина, Орталық және Батыс аудандар, Солтүстік Кавказ, Еділ бойы мықтап жұмыс істеулері тиіс.

Әрине, шошқаның санын тез көбейту жемге байланысты, астық шаруашылығының өркендеуі мұның үшін керекті қор жасайды, бірақ шошқа шаруашылығы үшін жем мәселесін шешу тек қана астыққа байланысты деп ойлау қате болар еді. Шошқа шаруашылығының жем қорын картоп, тамырлы егістер, сүрленген шөп есебінен жеңіл алуға көбірек мүмкіндік бар және көп колхоздар осыны істеп те отыр.

Ал шошқа санының көбеюіне кедергі болып отырған тек жемнің аздығы ғана емес, колхоздар мен совхоздарда шошқаны оңды-солды көп жұмсайтындық, — сойып алатындық, үлестіріп жіберетіндік. Шошқаны үлеске салудың бұл тәжірибесін жою керек, ал біздің ұйымдарымыз мал шаруашылығының бұл өте маңызды саласын өркендету ісімен мықтап шұғылдануға міндетті.

Қолхоздардың аттары туралы бірнеше сөз. Қолхоздардың көлік малын қалпына келтіру жөнінде үлкен, көлемді жұмыс істелуге тиіс. Қолхоз үшін аттың маңызы қандай зор екенін дәлелдеп жатудың хажеті жоқ және ауыл шаруашылығын механизациялау қаншалықты өсе тұрса да, колхоздардың шаруашылығында аттың маңызы өте үлкен бола бермекші.

Колхоздарда жылқы өсіруді тез қалпына келтіру үшін не істеу керек? — Мұнда да, алдымен, төл алуды көбейту керек және биелерді тегіс айғырдан шығаратын болу керек.

Біздің құлын алуымыз әлі аз. 1946 жылы 100 биеден орта есеппен тек 38 құлын алынды, ал биеден құлынды едәуір көп алатын облыстар бар. Мәселен, 100 биеден Астрахань облысы 75 құлын, Қырғызстан 59 құлын, Қазақстан 58 құлын, Челябині 52 құлын алды. Ал, мәселен, Горький облысы 25 құлын, Кострама облысы — 28 құлын, Бурят Монғол республикасы — 30 құлын, Татарстан 32 құлын алды.

Елімізді атпен жабдықтау үшін қырлық аудандардағы товарлы шаруашылық болып табылатын үйірлі жылқы өсіру шаруашылығын колхоздарда өркендетудің өте үлкен маңызы бар. Жылқы өсірудің бұл әдісі құлынды неғұрлым көп алуға және жылқыны күту үшін қора салуға қаржыны аз жұмсауға, азыққа ақшаны аз жұмсауға мүмкіндік береді. Бұл жөнінде Қазақстанның, Қырғызстанның, Еділ бойы облыстарының, Сібір облыстарының алдына қойылатын міндет айрықша болуға тиіс.

Тағы бір айта кететін нәрсе — колхоз аттарын уқыпты күту және жақсылап сақтау туралы мәселе. Мұны айту керек болатындығының себебі — бірсыпра облыстардың колхоздарында жылқының шығын болуы көп. Мысалы, 1946 жылы Горький облысында жылқының 18 проценті, Ростов облысында — 15 проценті, Краснодар өлкесінде — 13 проценті, Запорожье облысында — 22 проценті шығын болды.

Ат саймандары туралы бірнеше сөз. Колхоздарда көліктің жеткіліксіздігіне қарамастан ат жегетін саймандарды жеткізудің зор маңызы болып отыр. Колхоздарда ат жегетін саймандар мықтап тозған, не болмаса тіпті жеткіліксіз. Солай бола тұрса да біздің жергілікті өнеркәсіп ат жегетін саймандар: арба, донғалақ, қамыт, таға, шеге сыяқты әбзелдер жасауды ұйымдастырмай келеді, мұның салдарынан қолдағы жұмыс малының өзі ойдағыдай пайдаланылмайды. Республикалар мен облыстарда ат жегетін саймандар мен әбзелдер жасау өндірісін күшейтуге тыңғылықты шаралар қолдану керек. Кейбір жолдастар мұның бәрін одақтық өнеркәсіп беруге тиіс деп ойлайды. Бұл қате. Ауыл шаруашылық машиналарын жасау жөнінде одақтық өнеркәсіпке мұнан да зор міндеттер жүктеліп отыр.

Малдың өртүлігін көбейтуге байланысты жоғарыда аталған мәселелерден басқа мал шаруашылығына тән жалпы мәселелер де бар. Бұл мәселелер:

Біріншіден, малдың тұқымын жақсартып, тұқымдық мал өсіру жұмысын едәуір күшейту керек, өйткені, мұның өзі малдың өнімділігінің мол қоры болып табылады.

Бейбіт құрылыс кезінде мал тұқымы едәуір жақсартылды. Мәселен, сыйыр малының асыл тұқымдысы 1931 жылы небәрі 2,7 процент болса, 1939 жылы 17 процентке жетті; қойдың асыл тұқымдысы 4,4 проценттен 42 процентке жетті; шошқаның асыл тұқымдысы 3 проценттен 28 процентке жетті. 1945 жылғы санақ бойынша, асыл тұқымды малдың саны, шамамен айтқанда, соғысқа дейінгі мөлшерде болды.

Біздің елде сыйыр малының жақсы тұқымдарын: ярославль, холмогор, красностеп, симменталь және басқа сыйыр тұқымдарын өсірудің мол қоры жасалды. Сыйыр малының жаңа тұқымы — сүтті, етті неғұрлым көп беретін кострома тұқымы өсірілді. Рамбулье, меринос сыяқты асыл қой тұқымдары көп жерлерде жаппай өсіріледі. Қазақстанда қылшық жүнді қойлардан жаңа қой тұқымы — жүнді, етті көп беретін биязы жүнді роман қойлары, Орта Азияда етті гиссар қойлары өсірілді. Жылқы жөнінде орыс рисактарын және дон аттарын

өсіретін тұқым мал шаруашылықтары мен жылқы заводтары бар, жүк тасыйтын жылқының бірнеше түрі бар.

Тұқым мал өсіру жұмысын алға бастыру үшін не істеу керек? Біріншіден, колхоздардың, колхозшылардың және шаруалардың малының тұқымын жақсарту үшін қолда бар тұқымдық малдың бәрін толық пайдалану керек; екіншіден, асыл тұқымды мал өсіру үшін республикалар мен облыстарда қосымша тұқым мал шаруашылықтарын ұйымдастыру керек; үшіншіден, қазіргі уақытта жеткілікті қолданылмай отырған қолдан ұрықтандыру әдісін қазіргіден анағұрлым кең қолданатын болу керек. Мұның өзі мал тұқымын неғұрлым тез жақсартуға мүмкіншілік туғызады; төртіншіден, бұған дейінгі тәжірибе негізінде мал тұқымын дұрыс аудандастыру керек. Бұл жұмыста кемшіліктеріміз әлі де өте көп. ССР Одағының Ауыл шаруашылығы Министрлігі облыстар мен республикаларды қатыстыра отырып, мал тұқымын мұндай аудандастыру жоспарын даярлады. Бұл жоспар таяудағы уақыттың ішінде үкметтің бекітуіне тапсырылуға тиіс.

Бүкіл мал шаруашылығына қатысы бар екінші жалпы мәселе — мал азығы қорын жасау. Мал азығы қорын жасамайынша мал шаруашылығының тез өркендеуін қамтамасыз ету мүмкін емес. Бұл жөнінде жобада шөп егуді өркендетуді, мал жайылымдары мен пішендік жерлерді жақсы пайдалануды көздеп күрделі шаралар белгіленді. Бірақ малдың өнімділігін арттырудың аса бағалы қоры ретінде жеміс тамырлы өсімдіктер егуді және шөп сүрлеуді едәуір ұлғайту үшін көп жұмыс істеу керек болатынын ерекше атап көрсету хажет болады.

Кей жерлерде мал азығын дайындауға атүсті қаралып отырғанын көрсету хажет. Мәселен, 1946 жылы Кемерово облысында колхоздарда пішендіктің үштен бірі шабылмай қалды, сөйтіп мал қыстатуға кіріскенде мал азығы хажетті мөлшерден көп кем болды, демек, малдың бірсыпасы өлім-жітімге ұшырайтыны сөзсіз. Чкалов облысында малды қыстатуға кіріскенде мал азығы жеткіліксіз болды, ал бұл облыста 100 мың гектардай пішендік шабусыз қалды; Кострома облысында және басқа бірсыпра облыстарда да істің жайы осындай.

Үшінші мәселе — колхоздарда малдың өлім-жітімінің көп болуы және малдың талап-таражға ұшыратылуы. Мұның өзі қорамдық мал шаруашылығын өркендетуге зор бөгет жасайды. Сондықтан бұл кемшілікті біржолата жоюымыз керек.

Облыстардың 1946 жылғы кейбір мәліметтерін келтіремін. Мысалға екі облысты аламын. Саратов облысының колхоздарында төлі бар және сатып алғаны бар, 63 мың сыйыр малы қосылды, ал бұл жылы 74 мың мал шығын болды, демек малдың қосылуынан шығыны көп болды. Оның ішінде 15 мың мал өлді, 23 мың мал шаруашылықтың өзінің әртүрлі хажетіне пайдаланылды. Төлі мен сатып алынғанын бірге есептегенде, 170 мың қой қосылды, ал 53 мың қой өлді, 80 мың қой басқа хажетке жұмсалды, яғни талап-таражға салынды; Вологда облысында 1946 жылы колхоздарда қой мен ешкіден 158 мың төл қосылды, 194 мың қой мен ешкі шығын болды, оның ішінде 58 мың мал өлді, 85 мың мал шаруашылықтың өз хажетіне жұмсалды. Басқа облыстарды да мысалға келтіруге болады. Малды мұндай талап-таражға салуды жойып, малдың өлім-жітімін мейлінше азайту керек.

Бірсыпра облыстар бүкіл Советтер Одағындағы жұмыстың жалпы нәтижесіне күшті әсер етіп отыр. Бұл облыстар мал шаруашылығын өркендету ісінде көріне артта қалып, мал шаруашылығы жоспарларын жылма-жыл орындамай келеді, ол түгіл бұл облыстардың кейбіреулері мал басын одан әрі азайтуда. Бұл облыстар: Саратов, Новосібір, Вологда облыстары, Краснояр өлкесі, Башкұрт АССР және

басқалары. Мұндай облыстардан мал шаруашылығын өркендету ісінде артта қалушылықты жоюды талап ету керек.

Бірсыпра республикалар мен облыстар мал басын соғысқа дейінгі мөлшерінде сақтады, кейбіреулері одан да асырды. Бұлар: Қазақ, Қырғыз, Грузин, Армян және Азербайжан ССРлары, Калинин облысы және басқа бірсыпра облыстар. Мұндай облыстар мен республикалардың табыстарын көрсете отырып, олардан мал шаруашылығын одан әрі өркендетуді талап ету керек. Мұндай талап ең алдымен Қазақстан мен Қырғызстанға қойылу керек, өйткені Сібір мен Оңтүстік Оралдың далалық аудандарындағыдай, ол республикаларда да отарлап бағатын мал шаруашылығын өркендетуге орасан зор мүмкіншіліктер бар. Қазақстан өзінің жайылымдарын небәрі 30 — 35 процент пайдаланады, ал малды отарлап бағатын жайылымдардың көбі пайдаланылмай келеді.

Қолхозшылардың жеке пайдалануындағы мал шаруашылығының жайы қандай? Біз бұл мәселеге немқұрайды қарай алмаймыз, өйткені қолхозшылардың жеке пайдалануындағы мал жалпы мал шаруашылығында зор орын алатыны мәлім. Соғыс кезінде жеке пайдалануында малы және сыйырлары жоқ қолхозшы шаруашылықтарының саны біраз көбейді. Сол себепті қолхозшы үйлерінің сыйыр иемденуі мал шаруашылығын өркендету ісіндегі аса маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Қолхозшылардың сыйыр иемдену міндетінің маңызы зор болуының себебі — мұның өзі қолхоз мал шаруашылығының өнімділігін едәуір арттырады, өйткені сыйырсыз қолхозшы үйлері болып отырғанда, қолхоздардың мал шаруашылығы өнімінің едәуірі ондай үйлердің хажетін өтеуге жұмсалмай тұрмайды. Қолхоздардың және мемлекет қарызының көмегімен, сыйырсыз қолхозшылардың малы бар қолхозшылардан, жұмысшылар мен қызметшілерден төл сатып алуы арқылы қолхозшылардың тегісінен сыйыр иемденуіне бізде толық мүмкіншілік бар. Бұл шара қаулының жобасында көрсетіліп отыр.

Алға қойылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету жолдары мен амалдары қандай, ауыл шаруашылығын ойдағыдай өркендетуге жол ашу үшін бізге қандай кедергілер мен кемшіліктерді жою керек болады?

III. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН МАТЕРИАЛ-ТЕХНИКА ЖАҒЫНАН ЖАБДЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Өнеркәсіп арқылы ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын күшейту, тракторлар, ауыл шаруашылық машиналарын, запас бөлшектерді жасауды, тыңайтқыштар мен жанар май жетістіруді ұлғайту жұмысының бұл міндеттерді орындау жөнінде, әрине, зор маңызы бар.

Пленум қаулысының жобасы мен бесжылдық жоспарда тракторлар, комбайндар және ауыл шаруашылық машиналарын жасаудың күрделі программасы белгіленді.

Өткен жылғы декабрьде Сталин жолдастың тапсыруы бойынша, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жасаудың 1947 жылға арналған жоспары белгіленіп, ССР Одағының Министрлер Советінде қабылданды, сол сыяқты 1948 жылы тракторларды екі есе көп жасап шығаруға және ауыл шаруашылық машиналарын жасауды едәуір ұлғайтуға өндіріс қуатын даярлау шаралары белгіленді.

Өнеркәсіп қызметкерлерінен бұл программаны орындау ісінде өздерінің міндеттеріне жауаптылықпен қарауды талап ету керек. Мұндай талап қою хажет болуының тағы бір себебі — Ауыл шаруашылық

машиналарын жасау Министрлігі және басқа министрліктердің заводтары 1946 жылғы жоспарды орындамады, мұның салдарынан ауыл шаруашылығына 3,5 мың трактор, көптеген комбайн және басқа ауыл шаруашылық машиналары кем берілді.

Тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жасау үшін бізде аса күрделі база құрылады. Соғысқа дейінгі 3 трактор заводы орнына қазір 5 завод — Алтай, Сталинград, Харьков, Челябин, Владимир заводтары бар, оның үстіне тағы 2 заводымыз — Липецкі және Минскі заводтары болады. «Ростсельмаш», «Коммунар», «Красная звезда», «Серп и молот» сыяқты ауыл шаруашылық машиналары заводтарын қалпына келтірумен бірге, бұрын соғыс заказдарын даярлап келген көп заводтар ауыл шаруашылық машиналарын және запас бөлшектер жасауға көшірілді.

Біздің өперкәсібіміз алдына ауыл шаруашылығын механикаландыруды қалпына келтіріп, соғысқа дейінгі дәрежесінен асырып қана қоймай, оның үстіне жаңа тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын жасап шығарып, бұл механикаландыру жұмысының сапасын едәуір өзгерту міндеті қойылып отыр.

Тракторларымыз конструкциясы жағынан біраз ескіргені мәлім. Бұдан ондай тракторларды далаға тастаймыз деген мағына тұмайлы. Бұл тракторларды ақырына дейін толық пайдалану керек, бірақ, әңгіме неғұрлым жақсартылған, неғұрлым үнемді тракторларды жасауға қазірден кірісу туралы болып отыр. Үкметіміз бұған байланысты қаулы алды. Ол қаулысында Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігіне дизельді моторлы, 37 аттың күші бар «Кировец» жылаңбауыр жана тракторлар жасауды быйылдан бастап жолға қоюды міндет етті.

Сол министрлікке СТЗ — НАТИ тракторындай қуатты дизельді трактор жасау туралы ұсыныс енгізу тапсырылды. Мұндай трактордың үлгісі қазірдің өзінде бар. Өткен жылы бұл трактор алдына-ала сыннан өткізілді. Оның үстіне Челябин заводында қазір 80 аттың күші бар жана дизельді трактор жасалып жатыр. Сол заводқа ауыл шаруашылығы үшін 64 аттың күші бар жаңа дизельді трактор жасауға даярлау тапсырылды.

Жұмысты неғұрлым өндіріп істейтін машиналар жасауды неғұрлым тез жолға қоюдың ерекше зор маңызы бар: егін жыйнау үшін — өзі жүретін комбайндар; техникалық егістер жөнінде — қызылша, мақта, зығыр, картоп жыйнау жұмыстарын механикаландыратын машиналар, одан кейін тракторлардың ілмелі құралдары сыяқты қосымша тіркегіштер керек қылмайтын, жұмысшы күшінің хажетін азайтатын, тракторшының өзі тікелей басқарып отыратын машиналарды жасауды тез жолға қою керек.

Бізде жоғарыда аталған машиналардың бәрінің де үлгілері бар, олар қазірдің өзінде сыннан өткізілді. ССР Одағының Ауыл шаруашылық машиналарын жасау Министрлігі мен Ауыл шаруашылығы Министрлігі бұл машиналарды жасау туралы өздерінің ұсыныстарын үкметке неғұрлым тез тапсыруға міндетті.

Ауыл шаруашылығына қуат беретін тағы бір елеулі қосымша күш қоры — жергілікті электр станциялар туралы да бірнеше сөз айтып өту хажет. Өзіміз ынта, жігер көрсетсек, бұл жөнінде көп жұмыс істеуге болатындығына Свердлов облысының үлгісі айғақ. Бұл облыста соңғы екі жылдың ішінде колхоздардың төрттен үші және барлық МТСтар электрлендірілді. 163 гидро-электр станция, 422 тепло-электр станция салынып, іске қосылды, мұның өзі 510 колхозда астықты электр қуатымен бастыруға, астық тазартатын 400 машинаны, көптеген диірмендерді, насос установкаларын, ұсташылық дүкендерінің

жұмысын электр қуатымен жүргізуге, колхоздардың 4 мың мал фермаларын электрлендіруге мүмкіншілік туғызды. Бұл облыс колхоздарды электрлендіруді быйыл аяқтамақ. Өздеріңіз көріп отырсыздар— аса маңызды жұмыс істелген.

Жергілікті электрлендіру жұмысымен бірге, әсіресе далалық аудандарда жел двигательдерін кеңінен қолдану хажет. Жел двигательдерін және оларға керекті электр установкаларын жасауға өнеркәсіп көмектесуі керек.

Бірақ, мұндай жаңа техника алумен бірге біз ауыл шаруашылығының өзіндегі техниканы толық пайдалануымыз керек. Бізде мұндай техника аз емес, оның бәрін мүмкіндігінше толық хажетке асыруымыз керек. Өнеркәсіп бұл жөнінде ауыл шаруашылығына көмектесіп, запас бөлшектер жасап беруі керек. Бұған байланысты мынадай бір кемшілікті—запас бөлшектер жасау программасы көбінесе тапшы емес бөлшектер есебінен орындалып отырғанын атап көрсету хажет. Ал, тракторлардың жұмыссыз қарап тұруына имек вал, цилиндрдің қалпағы, шестерня және подшипниктер сыяқты неғұрлым тапшы детальдардың жоқтығы себеп болады.

Бізде ауыл шаруашылығында мүлде пайдаланылмай отырған, қалпына келтіріп жөндеуді керек қылатын 10 мыңнан аса трактор бар, егер запас бөлшектер болса, бұл тракторларды қалпына келтіруге болады. Екінші жағынан, Ауыл шаруашылығы Министрлігінің есебі бойынша, ауыл шаруашылығы жұмыстары маусымында МТСтарда запас бөлшектердің жеткіліксіздігінен 20—30 мың трактор қарап тұрады. Ауыл шаруашылық жұмыстарын мезгілінде орындау үшін бұл тракторлардың бәрін жұмысқа жарамды етіп жөндеп шығарудың зор маңызы бар.

IV. МАШИНА-ТРАКТОР СТАНЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫН ЖАҚСARTУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазігі техниканы пайдалану мәселесі МТСтардың жұмысын едәуір жақсартуға байланысты, бізде 7.584 МТС бар. Бұл ауыл шаруашылығын өркендетуде мемлекет қолында қандай маңызды құрал екені әркімге де түсінікті. МТСтар бізде бейбіт құрылыс дәурінде колхоз құрылысын нығайтуда және ауыл шаруашылығын өркендетуде үлкен қызмет атқарды. Қазір әсіресе, колхоздарда көлік малы кеміп отырған кезде, МТСтар шешуші орын алады.

Егер колхоздар мен МТСтардың көлік балансының есебін шығаратын болсақ, онда колхоздардың көлік малы мен МТСтардың тракторлары тұтас алғанда, комбайндар мен автомашиналарды қоспағанда, 10,2 миллион аттың күші болады, соның ішінде МТСтардың тракторларының қуаты 6 миллион аттың күшімен тең, яғни барлық көлік күшінің 58 проценті. Колхоздарда жер жырту жалпы көлемінің денін—70—75 процентін МТСтар атқарады. Еділ бойы, Сібір және Солтүстік Кавказ облыстарында МТСтардың атқаратын жұмысының үлесі бұдай да көп. Демек, істің тағдырын едәуір дәрежеде МТСтардың машиналары шешеді және егіс көлемін ұлғайту, егін шығымдылығын арттыру міндеті көбіне МТСтарға жүктеледі. Тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналары көбейген сайын МТСтардың шешуші ролі үсті-үстіне арта береді.

Солай бола тұрса да, МТСтардың жұмысында және оларға басшылық етуде өте елеулі кемшіліктер бар. Ол кемшіліктер қандай?

Біріншіден, тракторлар мен комбайндардың жұмыс өнімі әлі де болса төмен. 1946 жылы бір трактордың атқарған жұмысының орта мөлшері 348 гектар болды, бір комбайнмен орта есеппен алғанда 142

гектардан егін жыйналды. Рас, соғыс аяқталғаннан кейін жыл сайын бұл жұмыстың өнімі артып отыр. Өткен жылғымен салыстырғанда жұмыс өнімі 48 гектар артты, дегенмен әлі де болса төмен. Соғысқа дейін, ауыл шаруашылығында тракторлар көп болған жағдайда, бір трактормен 111 гектар жердің жұмысы атқарылған, қазір трактордың атқаратын жұмысы бұдан көп болуға тиіс, өйткені, тракторлар азайып кетті. Трактордың жұмыс өнімін арттыруға болады. Мұны жақсы МТСтардың көптеген жұмыс үлгілері, тіпті тұтас облыстардың, өлкелер мен республикалардың МТСтарының жұмыс тәжірибесі айқын көрсетіп отыр.

Мысалы, Кемерово облысының МТСтары 1946 жылы 15 аттың күші бар бір трактормен орта есеппен 400 гектар жер жыртыпты, ал, Сібірдің МТСтарында бір трактор орта есеппен 256 гектар жер жыртыпты. Куйбышев облысының МТСтары 1946 жылы бір трактормен 374 гектар жердің жұмысын атқарды, ал, сонымен көршілес Ульянов облысында 273 гектар жердің ғана жұмысы атқарылды.

Облыс көлемінде және жеке МТСтар көлемінде бір трактордың орта жұмыс өнімін алатын болсақ, мұндай салғастырудың қорытындысы өте-мөте айқын болады. 1945 жылдың мәліметтері мынадай: Чуваш АССРида республика көлемінде бір трактордың жұмыс өнімі орта есеппен 317 гектар болған болса, Бурнар МТСида 585 гектар болды. Горький облысында орта есеппен 325 гектар болған болса, Богородскі МТСида 869 гектар болды, Одесса облысында орта есеппен 543 гектар болған болса, «Правда» атындағы МТСта 1.079 гектар болды.

Бұл мысалдар МТСтар жұмысты жақсы істесе тракторлардың жұмыс өнімділігін анағұрлым арттыруға болатындығын көрсетеді.

Екінші ірі кемшілік — бізде МТСтардың егін шығымдылығын арттыруға, жерді жақсылап жыртуға, егінді уақытында салып болуға және өнімді уақытылы жыйнауға ынталану жағы нашар.

МТСтардың жұмысына баға берудің қазіргі жүйесі яғни жұмсақ жер есебімен жыртық жерінің гектарына қарай баға беру жүйесі және МТС қызметкерлеріне сыйлық беру жүйесі көп МТСтардың жер жырту жөнінде ауыр жұмыс атқару орнына жеңіл жұмыстарды көбірек орындауға тырысуына әкеліп соқты. Жеке облыстарда жағдай мынадай: Ростов облысы МТСтардың трактор жұмыстарының жоспарын 1946 жылы жұмсақ жер жырту есебімен алғанда 107 процент орындады, ал, зябь жырту жоспарын тек 59 процент, комбайнмен егін жыйнау жоспарын 78 процент қана орындады; Чкалов облысы МТСтарда трактор жұмыстарының жоспарын 93 процент орындады, ал, зябь жырту жоспарын тек 41 процент, пар жырту жоспарын тек 61 процент орындады, ал, тырмалау жоспарын 16 есе асыра орындады; егер жұмыстардың агротехникалық мерзімде орындалуын алатын болсақ, істің жайы бұдан да нашар.

Ал, 1945 жылы МТСтарда трактор жұмыстары жоспарының орындалуы мен егін шығымдылығы жоспарының орындалуы міне мынадай болды. Горький облысының МТСтары трактор жұмыстарының жоспарын 130 процент орындады, ал, егін шығымдылығы жоспарын тек 81 процент орындады. Тула облысында трактор жұмыстарының жоспары 102 процент орындалды, ал, егін шығымдылығының жоспары 77 процент орындалды.

Жұмыстың нәтижесінде егін шығымдылығы төмен болатын болса МТСтардың жұмыс жоспарын мұндай орындағанынан мемлекетке, колхоздарға келер пайда қайсы деген сұрау туады. Әңгіме жерді қалай болса солай қопара салуда емес, әңгіме егіннен мол өнім алынуына іс жүзінде жағдай жасауда және ол егінді дер кезінде комбайнмен жыйнап алуда.

МТС-тар егін шығымдылығы үшін күресетін болулары керек, қамтуындағы колхоздарда егін шығымдылығы жоспарының орындалуына мемлекет алдында жауап беруге тиіс. Пленум қаулысы бойынша МТС жұмыстарын жоспарлаудың және ол жұмыстарға баға берудің белгіленген жаңа тәртібі осыған сүйенеді.

МТС-тар ең ауыр жұмыстарды атқаратын болулары тиіс. Мәселен, Сібірде, Қазақстанда және Еділ бойының бір бөлегінде тың жер мен тыңайтылған жерді жырту есебінен егін шығымдылығын тез арттыруға мүмкіндік бар. Солай бола тұрса да, МТС-тар бұл жұмыстардан бойын аулақ салуға тырысады және жұмсақ жерді, арам шөп басып кеткен жерді көбірек жыртуға тырысады, өйткені, осылай істесе трактор жұмыстарының жоспары оңай орындалады.

Тағы да мынадай мысал келтіруге болар еді. Қосымша түренді сабан тіркеген трактормен жер жыртудың маңызы қандай зор екені мәлім. Бұл егіндік жерді арам шөп басуын тез жоюға мүмкіндік береді және егін шығымдылығын арттыруға едәуір әсер етеді. Осыған байланысты, бізде трактор сабадары қосымша түренмен шығарылып келді және солай істеуде. Соның өзінде де көп МТС-та трактор жұмыстарының жоспарын оңайырақ орындау үшін және жанармайды үнемдеу деген жалған істің қызығына түсіп кетіп сабанның қосымша түренін алып тастап, жерді қосымша түренсіз жыртады.

МТС-тардағы мұндай кемшілікті жою керек және қолда бар барлық қосымша түрендерді толық пайдалану керек, сөйтіп, 1948 жылы трактормен жыртылған жердің ең кем дегенде жартысы қосымша түренді сабанмен жыртылатын болуын, ал, 1949 жылдан бастап жерді түгел қосымша түренді сабанмен жыртуға көшу керек.

МТС-тардың егін шығымдылығын арттыруға ынтасының кемдігі трактор бригадаларында да байқалады. Тәжірибеге қарағанда, тракторшылардың еңбегіне гарантиялы заттай ақы төлеудің қазіргі жүйесі оларды колхоздардың егін даласында өздері жыртқан жердің егін шығымдылығы жоспарының орындалуына ынталандырмайды, бұл тракторшылардың жаман адамдар екендігінен емес, ақы төлеу жүйесінің жамандығынан. Тракторшылар жерді тайыз жырту есебінен гектар санын көбейтуге тырысады, неғұрлым жеңіл жұмыстардың есебінен жанармайды үнемдеуге, көктемде егіс жұмыстарының басталуын ұзаққа созуға, сөйтіп жанар майды артық жұмсамауға тырысады. Бұған колхоздар наразы болатынының әбден орны бар. Сондықтан, қаулының жобасында тракторшыларға кем дегендегі гарантиялы заттай ақыны егін шығымдылығы жоспарының орындалуына қарай төлеу көзделіп отыр, ал, егін шығымдылығы жоспары орындалмаған күнде, гарантиялы заттай ақы мөлшері кемітіліп, еңбек күнге екі килограмға дейін түсірілмек.

Мұның үстіне, тракторшыларға жанар майды үнемдегені үшін сыйлық берудегі теріс әдісті жою керек, жанар майды трактор жұмыстарын нашар орындау есебінен үнемдеушілерге сыйлық бермеу керек. Жанар майды мұндай үнемдеудің ешкімге керек емес екені былай тұрсын, бұл қайта зиянды, сондықтан, МТС қамтуындағы колхозда егін шығымдылығы жоспардағыдан төмен болған күнде жанар майды үнемдеген тракторшыларға ақы төлемеу МТС директорларына міндет етілуі керек.

МТС-тардың жұмысындағы үшінші кемшілік — колхоздар мен МТС-тардың арасында шарт жасасу ісін орындамау болып отыр. Кейбір МТС-тар колхоздармен шарт жасасуды мүлдем қойып кеткен, енді біреулері шартты өте кеш жасайды және тек форма үшін ғана жа-

сайды, ал, жасалған шарттарды орындамайды. Бірнеше мысал келтірейік: Мемлекеттік Бақылау Министрлігі Омскі, Ростов, Саратов, Чкалов облыстарының және Украинаның 69 МТСның жұмысын тексерді. Тексеру материалдары бойынша бұл МТСтардың қамтуындағы колхоздардың 13 процентінің МТСтармен мүлдем шарты жоқ екені, шарттың 71 проценті екі айдан 9 айға дейін кешіктіріліп жасалғаны анықталды.

Колхоздар мен МТСтардың арасында шарт жасасу тәжірибесін толық қалпына келтіру керек, ал, біздің жергілікті ұйымдарымыз егіс жұмыстарын орындауда колхоз тарапынан да, МТС тарапынан да кемшіліктерді өзара жасыру болмауы үшін шарттардың орындалуын өте қатаң бақылап отыруға міндетті.

Төртінші кемшілік — машиналардың нашар жөнделуі және жөндеу жұмысының уақытында жүргізілмеуі. Әсіресе, комбайндар мен ауыл шаруашылық машиналарының жайы осындай. Әдетте егіс жұмыстары басталуына дейін комбайндар мен ауыл шаруашылық машиналарының тең жартысына жуығы жөнделмей қалып жүр. Ал, шынында барлық ауыл шаруашылық машиналары мен тракторлар жыл бойы жөнделіп отыратын болуы керек, сөйтіп көктемде МТСтар түгелімен егін салу жұмыстарына жұмылатын болулары керек. Әрине, бұл жөнінде МТСтарға үлкен көмек көрсету керек болады. Бізде көп МТСтардың құрал-жабдығы аз, станоктер, запас бөлшектер жеткіліксіз. Қаулының жобасында МТСтарға үлкен көмек көрсету үшін 25 мың станок, 10 мың автопередвижка бөлу, МТСтарда көп мастерскойлар салу көзделіп отыр.

Тағы бір кемшілікті атап айту керек, ол — тракторға тіркелетін ауыл шаруашылық машиналары мен жұмыс істеуде жойылмай келе жатқан иесіздік. Бізде тракторда тұрақты адамдар істейтін болса, жақсы күтуді керек ететін және егін жұмыстары сапасының тағдырын шешетін тіркеу машиналарында істейтін адамдар ауыл шаруашылық жұмыстары маусымында бірнеше рет ауысады. Тракторға тіркелетін машиналарда жұмыс істеуге бөлінетін колхозшылар егін жұмыстарының бүкіл маусымына бекітіліп қойылатын болса, сонымен бұл маусымға трактор бригадаларының составына енгізілетін болса, ол әбден қолайлы болған болар еді.

МТСтардың жұмысындағы осы айтылған және басқа ірі кемшіліктерді жою егін жұмыстарының сапасына және уақытында орындалуына, ал, олай болса колхоздардың егін даласында егін шығымдылығы артуына тікелей әсер ететіні сөзсіз.

V. СОВХОЗДАРДЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Бізде совхоздар ауыл шаруашылығында өте үлкен роль атқарып келгені және атқарып отырғаны мәлім. Біріншіден, совхоздар астық егістері мен техникалық егістерді және мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде едәуір үлкен орын алып отырған өте товарлы мемлекеттік шаруашылық. Мысалы, 1940 жылы Совхоздар Халық Комиссариатының совхоздары мемлекетке екі жүз миллион пұттай астық, 270 мың тонна ет, 900 мың тоннадай сүт және 15 мың тонна жүн тапсырды. Екіншіден, совхоздар колхоздардың малын асылдандыру үшін асыл тұқымды мал өсіруде, сол сыяқты сортты тұқым материалын өндіруде үлкен қызмет атқарады.

Соғыс жылдарында совхоздарда егіс көлемі кеміді, мал саны азайды, сонымен қазір әлгіме таяу жылдардың ішінде совхоздарда ауыл шаруашылығының барлық салаларын мықтап өркендетуді қамтамасыз етуде болып отыр.

Бесжылдық жоспар бойынша 1950 жылы совхоздарда егіс көлемін 10 миллион гектарға дейін жеткізу көзделіп отыр және 1949 жылдың өзінде-ақ сыйырдың, шешканың, қой мен ешкінің саны толық бұрынғы қалпына жеткізілуге тиіс.

Совхоздардың жұмысында олардың өркендеуіне кедергі болатын ірі кемшіліктер бар, ол кемшіліктер туралы қаулының жобасында айтылған. Мен тек негізгі екі кемшілікке тоқтаймын:

Біріншіден, совхоздарда шаруашылық бір ғана саласынан басым болуы сыяқты ірі кемшілікті айтпақшымен. Өздеріңізге мәлім, совхоздар арнаулы мал өсіруші, астық совхоздарына және техникалық егістер совхоздарына бөлінеді.

Сталин жолдас біздің астық совхоздарының көлемі тым үлкен екенін, тым бір беткей екенін және олардың составында мал шаруашылығының жоқ екенін партияның XVII съезінде-ақ кемшілік деп атап айтқан болатын.

Одан кейін бірсыпыра жұмыстар істелді, бірақ негізінде совхоздардың бағыты бір беткей келе жатыр, ал оның бер жағында ауыл шаруашылығын бір жақ шаруашылық ретінде жүргізуге болмайтындығы, оның экономика жағынан тиімсіздігі, барлық қорларды, жерді, жұмысшы күшін пайдалану тұрғысынан тиімсіздігі айқын. Мысалға астық совхоздарын алса да болады. Олардың карамағында 8,5 миллион гектар жер бар, ол жердің 2,5 миллион гектарына ғана егін салынады, ал бар болғаны 640 мың ғана мал бар. Көріп отырсыздар, астық совхоздарында пайдаланылмай жатқан жер өте көп, ал мал өте аз, 10 гектар жерге бір бастан да мал келмейді, осының салдарынан көптеген мал жайылымы, шабындық жерлер пайдаланылмай текке жатыр.

Жұмысшы күшін пайдалану тұрғысынан да осылай — көктемгі және жазғы ауыл шаруашылық жұмыстары кезінде совхоздарда жұмысшы күші көп керек болады, ал қыстың күні пайдаланылмай қалады. Қайдағы бір маусымды шаруашылық сыяқты болады. Бұл совхоздарда тұрақты кадрлар құрауға да кедергі болады.


Мал совхоздары туралы басқаны айтуға тура келеді, ол совхоздарда дәнді егістердің өркендетілуге өте нашар, ал өркендетілген егін шаруашылығы болса мал шаруашылығын өркендетуде совхоздардың қосымша мүмкіншіліктері болған болар еді.

Мен совхоздардың шаруашылығы тек бір беткей жүргізілуін көрсету үшін екі совхозды мысалға келтіремін.

Краснодар өлкесінің «Кубань» және «Крапоткинский» совхоздарын алайық. Бұл екі астық совхозының жер көлемі бірдей, әрқайсысының 18 мың гектардан жері бар. «Кубань» совхозы мал шаруашылығын өркендеткен көп салалы шаруашылығы бар совхоз, ал «Крапоткинский» шаруашылықты бірбеткей жүргізетін, тек астық совхозы. «Кубань» совхозында 6 мың бас мал бар, ал «Крапоткинский» совхозында тек 620 бас мал бар. 1945 жылы «Кубань» совхозы егін шаруашылығы мен мал шаруашылығынан екі миллион сомнан астам кіріс түсірді, ал «Крапоткинский» совхозы тек 700 мың сом ғана кіріс түсірді.

Осының бәрі біздің совхоздарымыздың шаруашылықты тек бірбеткей жүргізуге тиіс емес екенін, қайта мал шаруашылығы мен егін шаруашылығын қоса жүргізетін болып өркендетілуге тиіс екенін көрсетеді.

Совхоздарда ауыл шаруашылығын өркендетуге үлкен кедергі болып отырған екінші ірі кемшілік — тұрақты кадрлардың тапшылығы, олардың тұрақтамайтындығы. Адамдар бір жұмысқа бекітіліп қойылмайды: не келіп жатады, не кетіп жатады, ал тұрақты кадрлар



болмайынша совхоздардың күрделі шаруашылығын ойдағыдай жүргізуге болмайды. Ол тұрақты кадрларды қалай құрау керек?

Қаулының жобасында совхоз жұмысшыларының, мамандарының және қызметшілерінің совхоздарда жұмысқа тұрақтай алатын болуы үшін оларға көмектесу жөнінде үлкен шаралар белгіленіп отыр. Астықты және мал өсіруші аудандардың совхоздарында әркімнің өз шаруашылығы үшін бөлінетін үй іргесі учаскелерінің көлемі қазіргі 0,15 гектардың орнына 0,5 гектарға дейін ұлғайтылады, совхоздардың жұмысшылары мен қызметшілеріне меншікті үй салуы үшін қарыз ақша бөлінуі көзделеді.

Совхоздардың шаруашылықты бірбеткей жүргізуінің теріс тәжірибесін жою және олардың тұрақты кадрлар құрамы совхоздарда шаруашылықтың тез өркендеуін қамтамасыз ететіндігіне күманданбауға болады.

VI. КОЛХОЗДАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ-ШАРУАШЫЛЫҚ ЖАҒЫНАН НЫҒАЙТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Бұл мәселені айтқанда, алдымен, ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы 19 сентябрьдегі қаулысында ашылған елеулі кемшіліктерді — колхоздарда ауыл шаруашылық артелі Уставын өрескел бұзушылықтарды ақырына дейін түзеу керек дегенді айтқан жөн.

Үкмет жанындағы Колхоз істерін басқаратын Советте бұл қаулының бүкіл еліміз көлемінде, сол сыяқты жеке республикаларда, өлкелер мен облыстарда жүзеге асырылу жолының алғашқы қорытындылары қаралды.

Кейбір мәліметтерді келтірейін. 222 мың колхоздан 1947 жылғы 1 январьға дейін 198 мың колхозда қоғамдық жерлер мен үй іргесіндегі учаскелер өлшенді, колхоз жерін үлесіп әкетудің 2,255 мың фактысы анықталды, колхоздарға 4,7 миллион гектар қоғамдық жер қайтарылып берілді, соның ішінде әртүрлі ұйымдар мен мекемелерден 4 миллион гектар, колхозшылардан 521 мың гектар және басқа адамдардан 177 мың гектар жер қайтарылды.

Колхоздардың әкімшілік және қамту қызметіндегі артық адамдардан 456 мың адам қысқартылды, оның үстіне, колхоздарға қатынасы жоқ 182 мың адамға еңбек күнге ақы төленбейтін болды. Колхоздардан заңсыз жолмен 140 мың бас мал, 15 миллион сомдай ақша алынғаны анықталып, колхоздарға қайтарылды. Колхоздың жері мен мүлкін талан-таражға салған айыптылар тиісті жазаға тартылды.

Бұл мәліметтер, бір жағынан, ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы 19 сентябрьдегі қаулысынан кейін ауыл шаруашылық артелі Уставын бұзушылықты түзеу жөнінде жергілікті орында үлкен жұмыс жүргізілгендігін көрсетеді, ал екінші жағынан, бұл мәліметтер жергілікті орындарда колхоздар жөнінде үлкен бұрмалаушылықтарға жол берілгендігін көрсетеді.

Мен айтуға тиістімен: ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің қаулысы қабылданысымен-ақ облыстардың, өлкелер мен республикалардың партия және совет ұйымдарының көпшілігі ол кемшіліктерді түзеуге шын ықлас қойды. Бірақ, есептер негізінде және жүргізілген тексеру негізінде кейбір облыстардың бұл қаулыны жүзеге асыруы қанша айтқанмен қанағаттанғысыз деуге болады. Омскі, Кемерово, Вишняя облыстарында колхоздарға жердің

қайтарылуы нашар, бұл облыстарда колхоздардың төрттен бірінде жерді өлшеу жұмысы жүргізілген жоқ; Тула, Брянскі, Томскі облыстарының колхоздарында әкімшілік-камту қызметкерлерінің қысқартылуы қанағаттанғысыз; колхоздарға мүлікті қайтару жөнінде Иваново облысында, Красноярскі өлкесінде және Өзбекстанның кейбір облыстарында істің жайы әлі нашар.

1939 жылы БК(б)П Орталық Комитетінің пленумында қатаң ескертілгеніне қарамастан бұл бұрмалаушылықтардың қайталағаны қалай?

Сталин жолдас деревнядағы жұмыс туралы мәселе жөнінде 1933 жылдың өзінде былай деген болатын: «шаруашылықтың басым, үстем түрі — колхоз шаруашылығына көшуі біздің ауыл шаруашылығына қамқорлығымызды кемітпейді, қайта арттырады. Ауыл шаруашылығын көтеру ісінде коммунистердің басшылық міндетін кемітпейді, қайта арттырады», «партия қазір колхоздарға басшылықты өз қолына алып, жұмысқа жауаптылықты өз үстіне алып, шаруашылықты алға бастыру ісіне колхозшыларға жәрдемдесіп отыруға міндетті», «партия колхозбен қатынасын азайтпау керек, қайта үдете түсуі керек, партия колхоздарда болып жатқан істің бәрін біліп отыруы керек, сөйтіп кезінде жәрдем қолын созып, колхозға төніп тұрған қауіпті алдын ала басуы керек».

Сірә, біздің көп партия ұйымдарымыз бұл ескертулерді ұмытқан болса керек және колхоздарға басшылық ету жөнінде партияның саясатынан туатын өз міндеттерін ұмытқан болса керек, басты міндет — колхоздардың қоғамдық шаруашылығын нығайту екенін ұмытқан болса керек, осының нәтижесінде колхоздар жөнінде үлкен бұрмалаушылықтар мен бұзушылық фактысына қайтадан ұшырады.

Демек, қазір әңгіме кемшіліктерді ақырына дейін түзетін болуда ғана емес, ол кемшіліктердің қайталауынан күнілгері сақтануда, ал бұған партияның саясатын күнбе-күн, дұрыс жүзеге асырудың арқасында ғана және колхоздарға басшылықты жақсартудың арқасында ғана жетуге болады.

Екінші маңызды мәселе — колхоздарда еңбек ұйымдастырудары және еңбек күнді бөлудегі кемшіліктерді жою. Ауыл шаруашылық артелінің Уставын қабылданғанынан бері қарай 12 жыл уақыт өтті. Содан бері біздің колхоздарымыз көп ілгері басты, тәжірибеге байыды, сондықтан кейбір нәрселерді жаңарту керек, жақсарту керек болды.

Колхоздардың тәжірибесінде еңбекке ақы төлеуде және еңбек күн төлеуде теңгермешіліктің болуы, еңбек күннің талап-тарапқа түсуіне апарып соғатын ескі, төмен жұмыс нормаларының болуы колхоздарда еңбек өнімділігін арттыруға және колхоздардың бұрынғыдан әрі нығаюына үлкен кедергі болып отыр. Колхоздарда табыс бөлудегі теңгермешіліктің түп негізі алған астықтың мөлшеріне қарамай жазудағы теріс тәжірибеде жатыр.

Көбінесе былай болады: бригада немесе звено еңбек күнді көп жұмсайды, бірақ егін жұмыстары нашар ұйымдастырылғандықтан, сапасыз немесе кеш орындалғандықтан егін шығымдылығы нашар болады, ал екінші бригада немесе звено еңбек күнді үнемдеп жұмсайды, егін жұмыстарын неғұрлым мұқият атқарады және өз жұмыстарының нәтижесінде колхоз үшін егін шығымдылығын молайтып береді. Бірақ, жазылған еңбек күнге қарай табыс бөлудің қазіргі тәртібі бойынша, жұмысты нашар істеген, бірақ еңбек күнді көп жұмсаған бригадалардың немесе звенолардың колхоздан еңбек күнді

үнемдеп жұмсаған және өз еңбегімен жақсы нәтижелерге жеткен бригадалардан немесе звенолардан табысты көп алуы мүмкін.

Мұны түсіндіру үшін менің екі мысал келтіргім келеді, бұл мысалдар Доронин жолдас пен Юсупов жолдастың запискаларында келтірілген, оның біреуі — астық жөнінде, енді біреуі техникалық егістер жөнінде.

Курскі облысының «Красная заря» колхозында бір бригаданың екі звеносында жұмысқа жарайтын адам саны да бірдей, егістің көлемі де бірдей. Буряченконың звеносы астықтың гектарынан 8 центнер өнім алған, сөйтіп 2200 еңбек күн тапқан, ал Руденконың звеносы гектарынан 3,4 центнер өнім алған, ал тапқан еңбек күні 2300 болған. Сонымен, жұмысты нашар істеп және егін шығымдылығын екі есе кем алып, Руденконың звеносы колхоздан астықты көп алды, өйткені тапқан еңбек күнінің саны көп. Екінші мысал. Ташкент облысының «Кызыл толқын» колхозында 1945 жылы Бегімқұловтың звеносы мақтаның гектарынан 28 центнерден өнім жыйнаған, ал екінші звено — Қолдашевтың звеносы 15 центнерден өнім алған, ал екі звеноның екеуі де ақшалай ақыны бірдей алған, мақта өнімін аз алған Қолдашевтың звеносы еңбек күнге астықты тіпті артық алған, өйткені бұл звеноға еңбек күн көп жазылған.

Әрине, бұл әділетсіздік. Сондықтан еңбек күнді және табысты бөлуде жұмысты жақсы істейтін колхозшыларды ынталандыратын, еңбекке ақы төлеудегі әділетсіздікті жоятын әдістерді қолдану керек. Бригадалар арасында, бригадалардың ішінде звенолардың және колхозшылардың арасында еңбек күнді және табысты бөлуді белгілі дәрежеде алынған өнімге қарай бөлу керек екені айқын.

Теңгермешіліктің жойылуы және жұмыс нормаларының жақсартылуы колхоздарда еңбек өнімділігін бұрынғыдан әрі арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Егін шығымдылығы және мал шаруашылығының өнімділігі жоспарларын асыра орындағаны үшін колхозшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу тәртібі колхозшыларды ынталандыра түсті, бірақ негізгі міндет — еңбек күнге негізгі ақы төлеуде және еңбек күнді бөлуде теңгермешілікті жою міндеті орындалмады.

Әр облыстарда колхоздар мен жергілікті ұйымдар колхозшылардың еңбегіне ақы төлеу әдістерін жақсарту шараларын істеуде және бұл ол колхоздардың шаруашылық жұмыс нәтижелеріне жақсы әсерін тигізуде.

Біздің қазірдің өзінде колхоздарда еңбекке ақы төлеу мәселелері жөнінде Украинадан, Курскі, Горький облыстарынан, Өзбекстан тарапынан ұсыныстар бар. Қолхоз істерін басқаратын Совет бірсыпыра колхоз председателдерінің қатынасуымен бұл ұсыныстарды қарап жатыр, сонымен ең таяу уақыттың ішінде өзінің тиісті ұсыныстарын үкметтің бекітуіне елгізеді.

VII. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА КЕРЕКТІ КАДРЛАР ТУРАЛЫ

Ауыл шаруашылығын тез өркендетудің өте маңызды шарттарының бірі, әрине, ауыл шаруашылығы кадрларын нығайту мәселесі болып табылады. Соғыс кезінде колхоздардың, МТС-тардың, совхоздардың басшы кадрларының составы біраз өзгергені және кадрлардың біраз нашарлағаны мәлім.

Ауыл шаруашылығына керекті кадрлар жөнінде алдымызда қандай міндеттер тұр?

МТС жөнінде МТС директорларының мамандығын арттыру

мәселесі қойылып отыр. Бізде тәжірибесі бар практик-директорлар аз өскен жоқ, бірақ МТС басшыларының техникалық және агрономиялық білімдерінің жеткіліксіздігі айқын сезіліп отыр. МТС директорларының ішінде тек 13 процент қана агроном, 5 процент қана инженер мен техник бар, ал директорлардың 82 процентінің ауыл шаруашылық білімі жоқ. МТС-тардың барлық агрономдарының ішінде жоғары білімі барлар 2300 адам, орта білімі барлар 9000 адам, ал агроном қызметіндегі 9800 адам қысқа мерзімді әзірліктер өткен жай ғана практиктер. Мұның үстіне, МТС-тарда агрономдар, механиктер мен инженерлер өте жеткіліксіз.

Бұдан көретініміз: біріншіден, біздің МТС-тардың басшы кадрлары жеткілікті біліммен қаруланған адамдар емес, екіншіден, кадрлары жеткіліксіз. Әрине, мәселе практиктерді білімі бар адамдармен ауыстыра салу туралы болып отырған жоқ, өйткені, біріншіден, бізде ондай адамдар жеткілікті емес, ал, екіншіден, үлкен жұмыс тәжірибесі бар практиктерді ауыстыру қолайсыз болар еді, оларға білімін көтеру оқуы арқылы көмек көрсетілуі керек, бұл көмекті Ауыл шаруашылық Министрлігі жақсылап ұйымдастыруға тиіс.

Қолхоздардың кадрлары туралы. Соғыс кезінде колхоз председателдерінің составы да едәуір өзгерді. Мұны мына мәліметтерден көруге болады. Қолхоз председателдерінің бір жылға дейінгі стажы барлары 38 процент, бір жылдан үш жылға дейінгі стажы бар колхоз председателдері 34 процент, үш жылдан көп стажы барлары 28 процент. Қолхоз председателдерінің арасында бізде ауыл шаруашылық білімі бар адамдар әлі аз, ал, күрделі, ірі қоғам шаруашылығына басшылық ету қиын жұмыс.

Әрине, колхоз председателдерінің басым көпшілігінің білім дәрежесі төмен болса да, ол адамдардың аса көпшілігінің бай жұмыс тәжірибесі бар, олардың білім арттыру жолымен ауыл шаруашылық білімдерін алуына көмектесу керек.

Қолхоздың председателі жұмыс тәжірибесін ауыл шаруашылық білімдерімен ұштастыратын жерде бізде істің өлшеусіз жақсы жүргізілуі дағдылы екенін, бұл колхоздар дағдыда алдыңғы қатарлы колхоздар екенін дәлелдеп жатудың хажеті жоқ. Ендеше, колхоз председателдерін, бригадирлерді, ферма бастықтарын, есепшілерді мықтап даярлау және олардың білімін арттыру жұмысы ұйымдастырылуға тиіс.

Соңғы екі жылдың ішінде облыстарда мерзімі бір айдап екі айға дейін колхоз председателдерінің курстары ашылды, бірақ тәжірибеге қарағанда кадрлардың білімін арттырудың мұндай қысқа мерзімді жүйесі мардымды ештеңе бермейтін көрінеді. Қаулының жобасында басшы колхоз қызметкерлерінің білімін арттыру үшін бір жылдық және екі жылдық мектептер ұйымдастырылуы көзделіп отыр.

Агрономдар туралы. Біз колхоздарды агрономиялық жағынан қамту ісін едәуір жақсартуымыз керек, осыған байланысты агрономдар туралы, оларды пайдалану және даярлау туралы ерекше айту керек. Бізде бұл жұмыста ірі кемшіліктер бар.

Ауыл шаруашылық мамандары жалпы алғанда жеткіліксіз болып отырған жағдайда олар бізде өз орнына дұрыс пайдаланылмай жүр. Ауыл шаруашылық Министрлігінің мәліметтері бойынша жоғары және орта білімі бар 46 мың агрономнан колхоздарда 5 мың, МТС-тарда 11 мың агроном жұмыс істейді, учаскелік агрономдар қызметінде — 2 мың, селекция және тәжірибе станцияларында — 3,7 мың агроном жұмыс істейді. Бұл мәліметтер бізде өндірістің нақ өзінде агрономдардың жартысынан азы жұмыс істейтіндігін, ал жартысынан көбі мекемелерде отырғандығын көрсетеді.

Колхоздарды агрономиялық жағынан қамтуда иесіздік бар екендігін атап айту керек. Ереже бойынша колхоздардың шағын бір тобын, яғни 4—5 колхозды қамтыйтын агрономиялық учаскелер болуға тиіс, учаскелерде колхоздардың сол тобының агротехника жағдайына, ауыспалы егістер жөнінде мемлекет тәртібінің сақталуына, ауыл шаруашылық жұмыстарының сапалы болуына жауап беретін тұрақты агрономдар болуға тиіс. Іс жүзінде бұл жоқ. МТСтардың және аудандық жер бөлімдерінің учаскелік агрономы дейтіндер аудан орталықтарында немесе МТС орталығында болады, шынында оларға белгілі колхоздар бекітіліп берілмеген, олар тапсырма бойынша қайда жұмсаса, сонда жүре береді және ешбір жұмысқа жауап бермейтін жағдайға қойылған. Колхоздарды агрономиялық жағынан қамтудағы мұндай иесіздікті жою керек, агрономиялық учаскелерді іс жүзінде ұйымдастыру керек, мұның үшін агрономдардың едәуір бөлегін МТС тардың және аудандық ауыл шаруашылық бөлімдерінің учаскелеріне көшіру керек, ірі колхоздарға да агрономдар берген жақсы болар еді.

Тағы бір ірі кемшілік мынау: жоғарғы дәрежелі оқу орындары мен техникумдарды бітіріп шыққан жас мамандарды өндіріске жіберудің дұрыс тәртібі жоқ, сондықтан олар беталды тарап кетеді және көбі мекемелерге, ғылыми орындарға орналасуға тырысады. Мамандарға ақы төлеудің теріс тәртібі де, яғни өндіріске жақындаған сайын олардың ақыны аз алатындығы да мамандарды дұрыс бөлмеуге, дұрыс пайдаланбауға себеп болып отыр. Мысалы, МТСтың жоғары дәрежелі білімі бар учаскелік агрономы 500 сомнан 650 сомға дейін еңбек ақы алады, ал, Ауыл шаруашылық Министрлігі аппаратында қатардағы агроном 800 сомнан 100 сомға дейін алады.

Сталин жолдас пленумда ауыл шаруашылық мәселелері талқыланғанда колхоз, совхоз, МТСтарда жұмыс істемейтін, қайта аппаратта жұмыс істейтін мамандар колхоз, совхоз, МТСтарда жұмыс істеп жүрген тиісті қызметкерлерден еңбек ақыны 25 процент кем алатын ету керек деді. Бұл әрине дұрыс және мамандарды өндіріске ұмтылдырады.

Екінші жағынан, жоғары дәрежелі оқу орындарын бітіріп шығатын адамдардың стажировка тәртібі тағайындалады, бұл тәртіп бойынша ол адамдар МТСтарға, совхоздарға, колхоздарға, учаскелерге жіберіледі және керекті практикалық тәжірибе алу үшін кіші агроном болып бір жыл жұмыс істейді. Бұл да мамандарды өндірісте тұрақтатады.

Сонымен бірге ауыл шаруашылық мамандар даярлау жұмысының көлемі жеткіліксіз екенін айту керек. Бізде 88 жоғары дәрежелі ауыл шаруашылық оқу орындарында 50 мың студент оқиды, оның ішінде 25 мың адам болашақ агрономдар. 1946 жылы ауыл шаруашылық мамандарынан 4,6 мың адам даярланып шығарылды, ал агрономдар 2,5 мың адам болды. 558 ауыл шаруашылық техникумдарында 140 мың студент оқиды және 1946 жылы орта дәрежелі ауыл шаруашылық білімі бар 25 мың маман даярланды. Бұл жөнінде істің жайы біраз тәуір. Алайда, бұл өте аз, бізге агроном көп керек. Жалпы алғанда болашақта біз колхоздың, МТСтың, совхоздың басшылығында жоғары білім алмағанымен, кем дегенде орта дәрежелі ауыл шаруашылық білімін алған білімді адам қойылатын болуына тырысуға тиістіміз. Бұл жөнінде ауыл шаруашылығы өнеркәсіптегі көп артта қалды. Қазір инженер басқарып отырмаған тіпті кішкентай заводты табудың өзі қиын. Олай болса, ауыл шаруашылық кадрларын даярлау көлемі жеткіліксіз, оның көлемін ұлғайту керек.

Қаулының жобасында әрбір облыста оқу мерзімі үш жылдық

агрономия мектептерін ашу жолымен орта білімді агрономдар даярлауды көбейту хажетті шаралардың бірі деп жазылған.

Ауыл шаруашылық жоғары дәрежелі оқу орындары мен техникумдарда оқу даярлығындағы үлкен кемшілік — жас агрономдардың колхоз және совхоз өндірісін ұйымдастыру мәселелері жөнінде жеткілікті білім алмайтындығы, тракторлар мен ауыл шаруашылық машиналарын нашар білетіндігі екенін атап айту керек, ал қазіргі заманның агрономы ескі мәдениетті ақылшы емес, ол ұйымдастырушы, сондықтан оның шаруашылықты ұйымдастыру, ауыл шаруашылығын механизациялау мәселелерімен әрқашан кездесуіне тура келеді. Сондықтан оқу программаларын мықтап жөндеу керек, еңбек ұйымдастыру, механизация жөнінде оқу кітаптары болуы керек және біздің ірі шаруашылықтарымызда: колхоздарда, совхоздарда, МТСтарда өндіріс практикасын тиісті дәрежеде ұйымдастыру керек.

VIII. ДАЙЫНДАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

Ауыл шаруашылық өнімдерін дайындау мәселесі қаулының жобасына дербес тармақ болып енгізілді. Бұл мәселенің алға қойылуының себебі не?

1940 жылға дейін колхоздар мемлекетке егін шаруашылығының өнімін егіс көлемі есебінен тапсыратын, мал шаруашылығының өнімін мал басы есебінен тапсыратын принцип қолданылып келгені мәлім.

1940 жылы Орталық Қомитеттің пленумында бұл принцип колхоздарды өркендету мүдделеріне де, мемлекет мүдделеріне ендігі жерде үйлеспейді деп танылып, бұзылды. Егін шаруашылығынан міндетті түрде тапсырылатын өнімді егістік жердің гектары есебінен, мал шаруашылығынан тапсырылатын өнімді колхоздарға бекітіп берілген жердің көлемі есебінен тапсыратын жаңа заң белгіленді.

Дайындау туралы бұрынғы заңның бұзылуына қандай себеп болды? Оның себебі — бұл заң колхоздарды егіс көлемін ұлғайтуға, мал басын көбейтуге ұмтылдырмады, өйткені, колхоз егіс көлемі мен мал басын неғұрлым көбейтсе, мемлекетке астық пен малды солғұрлым көп тапсыратын болды, ал, колхоз егінді неғұрлым аз ексе, малды неғұрлым аз өсірсе, ол мемлекетке өнімді солғұрлым кем тапсыруға міндетті болды. Дайындау жұмысының мұндай тәртібі ауыл шаруашылығының өркендеуіне бөгет болғаны айқын.

Мемлекетке егін шаруашылығының өнімін егістік жердің гектар есебінен, мал шаруашылығының өнімін колхозға бекітіп берілген жердің гектар есебінен тапсыру принциптің күші мен маңызы — бұл принцип колхоздарды өздерінің қоғамдық шаруашылығын ұлғайтуға ұмтылдырады, қандай да болса шек қоюшылықты жояды, колхоздарды жаңа жерлерді меңгеруге, мал басын көбейтуге жұмылдырады.

Мемлекетке өнім тапсырудың бұл жаңа принципі колхоздардың мүдделерін де, мемлекеттің мүдделерін де көздеп, ұштастырады. Бұл принциптің прогресшілдік маңызы оны колданудың алғашқы жылында-ақ 1940 жылы айқын көрінді.

Мәселен, 1940 жылы колхоздардың егіс көлемі 3 миллион гектар көбейді, колхоздар астықты 1939 жылғыдан 400 миллион пұт, оның ішінде мемлекет алдындағы міндеттеме бойынша 276 миллион пұт көп тапсырды, ал, колхоздардың мал басы 1940 жылы 12 миллион бас көбейді.

Демек, мұнан шығатын қорытынды — дайындау жұмысының бұрынғы принципіне қайтып оралу колхоздардың мүдделері мен мемлекет мүдделеріне көріне қайшы келер еді.

Сондықтан да, қаулының жобасында: ауыл шаруашылығын өркендету мүдделеріне үйлеспеуі себепті жойылған бұрынғы принципке, өнімді егіс көлеміне қарай дайындау саясатына қайтып оралуды тек колхоз құрылысына қарсы адамдар, мемлекетке өнімді егістік жердің гектары есебінен тапсыру заңының ауыл шаруашылығы үшін прогресшілдік маңызы бар екенін түсінбейтін адамдар ғана қуаттайды деп дұрыс айтылған.

1940 жылы қабылданған дайындау туралы заң соғыстан кейінгі жағдайда да өзінің күші мен прогресшілдік маңызын жоймайды, сондықтан, бұл заң сақталу керек. Ал, оны теріске шығару әрекетінің бәрі тойтарылуы керек, өйткені, енгізілген заңды қайта қарау ниетінің, бұл жөніндегі солқылдақтықтың қандайы болса да астық дайындау ісіне зыян келтіреді.

Жері көп аудандардың колхоздарында және жергілікті қызметкерлері арасында өнім тапсыруға есеп болатын егістік жердің көлемін азайту керек немесе жері көп колхоздардың жерінің бір бөлегін мемлекет қорына тапсыру керек деген ниет те бар. Мұндай ниет те дұрыс емес, өйткені, ол қолда бар жерді толық пайдалануға, егіс көлемін ұлғайтуға ұмтылдырмайды, қайта оны шағындауға бастайды.

Соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі жағдайға байланысты, өнім тапсыру заңын жүзеге асыру ісінде кейбір қиыншылықтар туды: жері көп аудандардың колхоздарында егіс көлемі кеміді, МТСтарда тракторлар, колхоздарда жұмыс малы азайды, адам саны кеміді, мұның салдарынан, өздеріне бекітіп берген жері көп бірсыпра колхоздар өздерінің мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындау жөнінде қиын халде қалды, өйткені, олардың жерді меңгеруі шағындалды, ал, мемлекетке өнім тапсыру мөлшері бұрынғы қалпында қалды.

Екінші жағынан мемлекетке өнім тапсыру жоспарының орындалуын қамтамасыз ету жөнінде де қиыншылықтар туды. Бұл айтылған өнім дайындау мәселелерін қазіргі жағдайда қалай шешу керек?

Жері көп аудандардың колхоздары жөнінде өнім тапсыру заңын қолданудың неғұрлым икемді жолдарын табу керек. Әңгіме Сібір, Қазақстанның солтүстік облыстары, Еділ бойы сыяқты жері көп аудандар туралы болып отыр. Колхоздарында адам көп орталық, оңтүстік, батыс аудандарды және Украинаны алатын болсақ, бұл мәселелер басқа түрде алға қойылып отыр.

Пленумда ауыл шаруашылығы мәселелерін қарағанда Сталин жолдас жері көп аудандардың колхоздарында мемлекетке өнім тапсырудың әртүрлі нормаларын қолдануды, бір ауданның колхоздары үшін, біздің заңда белгіленгеніндей, бір норма орнына бірнеше норма қолдануды, сөйтіп, колхоздардың жерді меңгерудегі айырмашылықтары осы әртүрлі нормалар бойынша ескере отыруды ұсынды.

Олай болса, жері көп аудандарда жерді аз меңгерген, адамы аз колхоздар үшін кемірек норма белгіленуге тиіс, ал жерді меңгеруге керекті адамы және күш-құралы көбірек колхоздар үшін өнім тапсырудың жоғарырақ нормасы белгіленуге тиіс.

Колхоздары жерді меңгеріп отырған, жұмыс адамдары жеткілікті аудандар жөнінде норманы біраз арттыру керек.

Мұндай икемді тәртіп дайындау туралы заңның күшін толық сақтайды, жері көп колхоздардың қиыншылықтан құтылуына жол тауып береді, сөйтіп, соғыстан кейінгі жағдайда заңды қолданудың қиыншылықтары туралы мәселені толық шешеді.

Машина-трактор станцияларының қамтуында жоқ колхоздар туралы бірнеше сөз. МТСтың қамтуындағы колхоздар үшін белгіленген нормамен салыстырғанда, МТСтың қамтуында жоқ колхоздардың

астық тапсыру нормасы қазіргі уақытта 15 процент артық болса, қаулының жобасы бойынша 25 процент артық болады. МТСтың қамтуында жоқ колхоздар үшін астық тапсыру нормасын мұндай арттырылуының себебі — бір ауданның өзінде МТСтың қамтуында жоқ колхоздар қолайлырақ жағдайда болып отыр. МТСтың қамтуындағы колхоздар өздерінің міндеттемесін және заттай ақыны қосып есептегенде, мемлекетке астықты МТСтың қамтуында жоқ колхоздардан 40 — 50 процент көп тапсырады. Бұл, әрине, МТСтың қамтуындағы колхоздар үшін әділетті болып табылмайды, сондықтан, норманы түзету керек болады.

Мен дайындау жұмысының тағы бір маңызды мәселесіне тоқтап өткім келеді. Ол мәселе мынау: үкмет мемлекетке міндеттеме бойынша тапсырылатын бидай мен қара бидай орнына колхоздардан сұлы, арпа немесе тары алуға рұхсат еткен реттерде, бидай мен қара бидай орнына сұлы, арпа және тары тапсырудың қазіргі эквиваленті дұрыс емес. Басқа егістермен айырбастаған бидай мен қара бидайдың құны кем болып шығады. Қазіргі уақытта бір пұт бидай орнына бір пұт тары, бір пұт 10 қадақ арпа немесе сұлы тапсырылады. Сол сыяқты, бір пұт қара бидай орнына бір пұт тары, бір пұт 7 қадақ арпа, сұлы тапсырылады. Сол себепті, екінші бірінде азық-түлік астығы орнына мал жемі астығы тапсырылады, ал біз бидай мен қара бидайды көп егуді және көп дайындауды қолдауымыз керек, бұған сәйкес, бидай мен қара бидай орнына басқа астық тапсыру эквивалентін өзгертуіміз керек.

Жолдастар! Өнім дайындау мәселесі біздің партия және совет ұйымдарының жұмысында, әрдайым, әсресе, қазір, ауыл шаруашылығы кейбір қиыншылықтарға кездескен жағдайда ерекше маңызды орын алып келеді.

Өткен жылы кейбір облыстық партия комитеттері мен облыстық атқару комитеттері дайындау жоспарын қамтамасыз ету ісінде өз дәрежесінде болады, зор кәсіпкер болуына жол берді. Астық дайындау ұзаққа созылды, астық бастыру жұмыстары шабан жүргізілді, астықтың көп ысрап болуына жол берілді. Кейбір облыстарда жергілікті жағдайға қарай дербес әдіс қолданылмауы себепті жеке аудандар мен колхоздар мүлдем ескерусіз қалды, жоспарды нашар орындады, кейде астық дайындауға тіпті қатыспады.

1947 жылы мемлекеттің астық дайындау жоспарын әрбір ауданда, колхоз бен совхозда сөзсіз толық орындау, ал, дайындау жұмысының бәрін мейлінше жақсарту партия және совет ұйымдарының аса маңызды міндеті болып табылады.

IX. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА БАСШЫЛЫҚТЫ ЖАҚСARTУ ТУРАЛЫ

Ауыл шаруашылығын өркендету ісінде алдымызда тұрған міндеттер осындай. Бұл міндеттер ең негізгі шартты орындағанда ғана іске асатыны өзінен-өзі түсінікті. Ол шарт — ауыл шаруашылық министрліктері мен олардың жергілікті орындары тарапынан да, республикалардағы, өлкелердегі, облыстардағы, аудандардағы партия және совет ұйымдары тарапынан да ауыл шаруашылығына басшылықты жақсарту болады.

Ұйымдастыру жұмысының және ауыл шаруашылығы мен колхоздарға дұрыс басшылық етудің маңызы қандай екенін бәріңіз де жақсы білесіздер. Мұны жеке облыстардың, аудандардың, МТСтардың, совхоздар мен колхоздардың нақты мысалдары мен жұмыс нәтиже-

лерінен әрқашан көруге болады. Дұрыс басшылық болған жерде, ауыл шаруашылығында кездескен қыйыншылықтардың бәріне қарамастан, жоспарды орындаудың нәтижесі әрқашан мүлдем басқаша болады.

Ауыл шаруашылығына басшылықты төменнен жоғарыға дейін мейлінше жоғары сатыға көтеру үшін бұл жөндегі ірі кемшіліктерді біржолата жоюымыз керек.

Бұл жерде ең алдымен Ауыл шаруашылығы Министрлігі мен оның жергілікті орындары тарапынан ауыл шаруашылығына басшылық етуде болып отырған кемшілікті айтуымыз керек. Бұрынғы Жер Халық Комиссариатының және одан бөлінген министрліктердің жұмысындағы ірі кемшілік қолма-қол басшылықтың нашарлығы, мәселелер шешуде кешігіп қалушылық, талаптылықтың нашарлығы, істің орындалуын тексерудің жоққа тәндігі болды. Бұйрықтар көп, ал, оның орындалуын тексеру жоқ болып жүрді. Бұған жергілікті жер орындарының нашарлығын, беделсіздігін қосу керек.

Министрліктерде неше алуан басқармалардың, бөлімдердің толып кеткені және басшылықтың бытырап кеткені елеулі кемшілік болды. Осындай бытырау салдарынан Машина-трактор станциялары басқармасы Жер шаруашылығы Министрлігінің сансыз көп орталық басқармаларына бөлініп кетті. Мұның өзі МТСтарды басқару ісін, машиналарды жөндеуді жолға қою ісін, МТСтарға кадрлар іріктеп алу, кадрлардың білімін көтеру ісін қыйындатты. Мысалы, астық, техникалық егістер сыяқты аса маңызды егістерді басқару ісі бір қолда болуы керек. Ал, мұның өзі іс жүзінде сансыз көп басқармаларға бөлшектеліп кетті.

Министрліктерді біріктіру және Ауыл шаруашылығы Министрлігінің құрылысын өзгерту жөнінде қабылданған қаулы осы ұйымдастыру ісіндегі кемшіліктерді жояды. Республикалардағы, өлкелердегі, облыстар мен аудандардағы жергілікті ауыл шаруашылық бөлімдерінің құрылысына да осындай өзгерістер енгізіп, оларды жақсарту, сонымен қатар, оларды нығайту керек болады. Бұған облыстық партия комитеттері мықтап көмектесулері керек.

Ауыл шаруашылығы Министрлігінің орталық және жергілікті орындарының тағы бір кемшілігін атап айту керек. Ол кемшілік жаналық біткеннің бәріне немқұрайды қараушылық сыяқты әдеттің барлығы болып отыр. Мысалы, сапалы, жаңадан шығарылған тұқымды өндірісте, колхоздар мен совхоздарда пайдалану кейде өте баяу іске асырылады. Тұқым сорттарын сынау, оларды өсіру жүйесі сондай қыйын, жаңадан шығарылған сорттың көпшілікке тарауы үшін ол ең кем дегенде 8—10 жыл сыналады.

Түрлі егістердің агротехникасы, колхоздарда, мал шаруашылығы жөнінде, механизация жөнінде еңбек ұйымдастыру туралы бізде құралған алдыңғы қатарлы тәжірибе аз емес. Соларды дереу қолға алып, көпшілікке тарату, неғұрлым кең көлемде пайдалану орнына, осылардың бәрі көбіне жылы жауып қалдырылады, шексіз көп талқыға түседі. Оны іске асырудан тайсалышылық, оның игілікті маңызына сене бермеушілік сыяқты әдет бар.

Мұндай өресіздік, тар өрістілік тек орталық аппаратта ғана емес, жергілікті жерлерде де, ғылыми және тәжірибе мекемелерінде де кездеседі. Адамдар тәжірибе станцияларында он жылдан істеп, жақсы нәтижелерге жетеді. Ал, сол нәтижелері көбіне әлгі тәжірибе станциясының шеңберінен шықпайды, маңындағы аудандар мен колхоздарға кеңінен таратылмайды. Осының салдарынан өте көп бағалы тәжірибе пайдаланылмай қалады. Шынында ауыл шаруашылығын өркендетудің

аса маңызды қайнар бұлағы алдыңғы қатарлы тәжірибені көпшілікке тарату ғой. Олай болса, Ауыл шаруашылығы Министрлігі мен Совхоздар Министрлігі орындарының басшылық жұмысындағы бұл кемшілікті біржолата жою керек.

Бұдан кейін Ауыл шаруашылығы Министрлігінің, сол сыяқты жергілікті партия және совет ұйымдарының жұмысында кездесіп отырған тағы бір елеулі кемшілік ауыл шаруашылығы жұмыстарына әзірленудегі кешігіп қалу болып келеді.

Ауыл шаруашылығы дегеніміздің өзі әзірлікте кешігіп қалсаң, онда егіннен өнім алуға да кешігіп қалуға әкеліп соғатын іс болады. Асылында егіннен мол өнім алуға бір жыл бұрын әзірлену керек. Егер пар мен зябь жыртыпасаң, онда өнімнен айрылғаның, ал, қыс кезінде ауыл шаруашылық машиналары мен тракторларды жөндемесең, онда егіске және егін жыйнау ісіне нұқсан келтіргенің, демек, өнімнен айрылғаның болады. Ал, егер жазда шөп жыйнамасаң, қыста малдан айрыласың.

Жолдастар! Менің айтып тұрғаным жұрттың бәріне белгілі өте айқын шындық. Ал, оның бер жағында осы кешігушіліктің өзінен біз өте-мөте көп өнімнен айрылып келеміз. Бізде былай болады, әзірлік кешігеді, осыдан кейін әбігершілік басталады, неше түрлі қауырт шаралар қолданылады, өкілдер, кейде тіпті бұл істен хабары жоқ адамдар жіберу басталады. Ауыл шаруашылығына дер кезінде басшылық етудің шешуші маңызы бар. Шынында, мұның маңызы шаруашылықтың басқа қай саласындағыдан болса да анағұрлым артық.

Бұдан кейінгі бір жалпы кемшілік — ауыл шаруашылығындағы жұмыстың бәрін орта мәліметке қарап бағалау болып келеді. Мұның орнына аудандарда жеке колхоздарға, облыстарда жеке аудандарға нақты, дербес қарау керек еді. Егерде біздің тәжірибемізде бұл кемшілік болмаса, онда неше түрлі артта қалған аудандар, МТСтар, колхоздар мен совхоздар болмаған болар еді. Мұны еркін айтуға болады. Өйткені, олардың әрқайсысына дербес қараушылық, осыған сәйкес ұйымдастыру жұмысын жүргізушілік болса, онда артта қалуға жол берілмеген болар еді. Мен бұл жағдайдың егжей-тегжейін айтып жатпаймын. Мұның өзі іс басында жүрген басшыларға әбден-ақ түсінікті ғой деп ойлаймын. Шаруашылыққа басшылықты жақсартудың, сөйтіп, жоспарларымызды орындаудың аса маңызды шарты — жоспар жасағанда және барлық жұмыста орта дәрежедегіге емес, алдыңғы қатарлыларға теңелу болып табылатынын Сталин жолдас сан рет ескертті. Ауыл шаруашылығына басшылықта мұның маңызы өте зор. Оның себебін түсіну үшін мысалға ауданда, облыста ауыл шаруашылығын жоспарлау тәжірибесін алуға болады. Ауыл шаруашылығы жөнінде жоспарларымыз жасалғанда онда аудан, облыс көлемінде егін өнімінің орта мөлшері, мал шаруашылығының орта мөлшері, трактормен жұмыс атқарудың орта мөлшері көрсетіледі. Ал, іс жүзінде кейбір аудандар, колхоздар, МТСтар осы орта мөлшердегі тапсырма шеңберінен әлдеқашан асып түскен болады. Демек, мұндай жағдайда біздің жоспарларымыз оларды алға емес, артқа сүйрейді.

Бұдан шығатын қорытынды айқын: жоспарлау ісінде орта мәліметке сүйенбей, жоспарды алдыңғы қатарлылар, орталар, артта қалушылар үшін әрқайсысының өзіне дербес жасау керек. Артта қалғандарды алдағылар дәрежесіне жеткізу керек.

Колхоздарда, МТСтарда, совхоздарда ұйымдастыру жұмысын жүргізу орнына әкімшілік жасау сыяқты кемшілікті біз батыл жоюымыз керек. Мұндай әкімшілік жасалатыны ССР Одағы Министрлер Советі мен БК(б)П Орталық Комитетінің 1946 жылғы 19 сентябрьде

колхоздар жөнінде шығарылған қаулысында анық айтылған. Істің жайын әбден анықтау, кездескен кемшілікті жою орнына колхоздарда, МТСтарда, совхоздарда адамдарды қалай болса солай ауыстыра берушілік, оларды атүсті аралап өте шығушылық немесе оларға неше түрлі өкілдер жіберушілік, әртүрлі тапсырмалар, графиктер белгілеп, оның орындалуын ұйымдастыру жұмысын жүргізу арқылы қамтамасыз етпеушілік жиі кездеседі.

Мысалы колхоз председателдерін, МТС директорларын жаппай ауыстыра беру сыяқты басшылық жұмысында кездесетін жағдайды неден болып отыр деуге болады? Кострома облысында 1946 жылы 1.304 колхоз председателі немесе барлық председателдің жартысы ауыстырылған. Куйбышев облысында 1945 жылы 540 колхоз председателі, Пенза облысында 115, МТС директорынан 54 директор ауыстырылған.

Колхоздар мен МТСтарға көмек көрсету, оларда күнделікті ұйымдастыру жұмысын жүргізу орнына әкімшілік жасау, адамдарды жиі-жиі ауыстыра беру басшылықтың күштілігін емес, қайта осалдығын көрсететінін түсіну керек. Сондықтан да, басшылық ісіндегі мұндай жарамсыз әдісті тастау керек.

Ауыл шаруашылығына басшылықты жақсартудың тағы бір шартын айтуымыз керек. Сталин жолдас басшылық ету үшін жағдайды алдын ала көре білу керек екенін сан рет айтып, жұмыс тәжірибемізден істі бетімен жіберу сыяқты елеулі кемшілікті жою керектігін ескертті. Іс бетімен жіберілсе, адамдарда белгілі бағыт болмайды, жұмыстың аяғы неге апарып соқтыратынын олар білмейді.

Ал, осы кемшілікті біз жойдық деуімізге бола ма? Жоқ, болмайды. Колхоздарда ауыл шаруашылық артелінің Уставын бұзушылық болғаны жұмысымызда осындай бетімен жіберушілік бар екенін айқын ыспаттамай ма? Егерде жұмысымызда бетімен жіберушілік болмаса, онда колхоздардың қоғамдық жерін талан-таражға салу тағы орын тебер ме еді?

Жұмысты олқылыққа ұшырату, жеке аудандардың, колхоздардың, МТСтардың жоспарларды орындай алмауы сыяқты кездесіп отырған көп мысалдар істі осындай бетімен жіберушілік бар екенін ыспаттамай ма? Біздің ұйымдарымыз кейде күтпеген жерден осындай олқылыққа ұшырағанын сезбей қалып отырады. Ал, егер жұмысымызда бетімен жіберушілік болмаса, онда бұл сыяқты тұтқыйылдан олқылыққа кездесушілік анағұрлым аз болар еді.

Ауыл шаруашылығына басшылықты күшейту үшін ұйымдарымыздың жұмысындағы осы кемшіліктерді батыл жоюымыз керек.

Қаулының жобасында деревняда партия-саясат жұмысын күшейту шаралары белгіленген. Соғыс кезінде және соғыстан кейінгі жылдарда деревнядағы коммунистердің саны бір жарым еседен аса артып, колхоздардағы партия ұйымдарының саны екі еседен аса көбейді. Алайда, деревнядағы ұйымдастыру басшылығының және партиялық-саясат жұмысының дәрежесі ауыл шаруашылығының алдына қойылған міндеттер дәрежесінен едәуір төмен екенін атап айтуымыз керек. Сондықтан да қаулының жобасында селолық жердегі аудандық партия комитеттерін нығайту, деревняда саясат жұмысын күшейту, МТСтардың, колхоздар мен совхоздардың партия ұйымдарының жұмысын жақсарту шаралары белгіленіп отыр.

Жолдастар! Қаулының жобасында ауыл шаруашылығын өркендетудің бір жылға емес, бірнеше жылға арналған шаралары белгіленген. Ал, біздің таяудағы міндетіміз быйылғы көктемгі егіске ойдағыдай әзірленіп, оны жақсы өткізу болады. Міне, бұл ауыл шаруашы-

лығын өркендету жөніндегі белгіленген программаға қосылған бағалы үлес болады.

Ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде алға қойылып отырған міндеттер бүкіл партия және совет ұйымдарынан көп жұмыс істеуді және қажырлы қайратпен істеуді талап ететіні өзінен өзі айқын. Ал, бізде бұл міндеттерді қысқа мерзім ішінде орындауға керекті жағдайдың бәрі бар.

Біздің елімізде ауыл шаруашылығы дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін, негізінен алғанда, соғыстан бұрынғы дәрежесіне он жылдан кейін жеткізілген болатын. Қазір бізде ауыл шаруашылығын 1940 жылғы неғұрлым жоғары сатыға көтерілген дәрежесіне қысқа мерзім ішінде жеткізуге мүмкіншілік бар. Олай дейтін себебіміз: бізде бұған хажетті колхоздар, совхоздар, МТСтар, механизация базалары, кадрларымыз, колхоз құрылысы кезінде құралған мол тәжірибе, ауыл шаруашылығын хажетті нәрсенің бәрімен жабдықтайтын өркендеген өнеркәсіп сыяқты мол мүмкіншілік бар. Біздің партия Сталин жолдасының басшылығы арқасында ауыл шаруашылығын өркендетуде алға қойылған міндеттерді орындап шығатынында ешбір күмән жоқ.

Ф. САФОНОВ

И. В. Сталин Шығармаларының басылып шыққан үшінші томына большевиктер партиясының Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революцияны даярлауына арналған шығармалар енгізілген.

Үшінші томға енген шығармалар Октябрь социалистік революцияның дайындау кезінде кемеңгер Лениннің революциялық қызметімен оның серігі және шәкірті ұлы Сталиннің революциялық қызметі тығыз байланысты болғанын көрсетеді.

Сталин жолдастың мазмұны жағынан терең, түрі жағынан айқын мақалалары мен сөйлеген сөздері большевиктер партиясының 1917 жылғы март — октябрь айларындағы жауынгерлік документтері болып табылады.

И. В. Сталин Шығармаларының үшінші томы арқылы өте айқын берілген негізгі идея — Совет өкметі үшін, социалистік революция және социализмнің бір елде жеңіп шығатындығы туралы лениндік ғылымды іс жүзіне асыру үшін күрестің идеясы болып саналады.

И. В. Сталин Шығармаларының үшінші томына енген еңбектерінде большевиктік партияның Ұлы Октябрь социалистік революцияны даярлау кезеңіндегі күресінің өте зор тәжірибесі қорытылған.

Сталин жолдастың Шығармаларының бұқараға революциялық тәрбие беріп, осы бұқараны буржуазиялық-помещиктік өкметті құлатып, елімізде пролетариат диктатурасын орнатуға дұрыс бастай білуде аса зор манызы болды.

Октябрь социалистік революцияны даярлауды Сталин жолдастың үш кезеңге бөлгені айқын: большевиктік партияның жана бағдар дәуірі (март—апрель), бұқараны революциялық жолмен мобилизациялау кезеңі (май — август) және шабуыл ұйымдастыру кезеңі.

* * *

1917 жылғы февраль революциясы мазмұны жағынан буржуазиялық-демократиялық революция болды. Бұл революцияның негізгі өзгешелігі қос өкмет болды. «Революциямыздың ең жоғары дәрежедегі тамаша өзгешелігі сондай, деп жазды Ленин, ол қос өкмет құрды. Бұл фактіні бәрінен бұрын ұғыну керек; оны түсінбейінше, алға басуға болмайды» (XX том, 94 бет).

Қос өкметтің сипаты мынада болды; бірінші жағынан, уақытша үкмет бастаған буржуазияның өкметі, екінші жағынан әлі «әлсіз, жаңа ғана басталып келе жатқан, бірақ дегенмен сөзсіз іс жүзінде өмір сүріп, өсетін екінші үкмет: жұмысшы, солдат депутаттарының Советтері» (Ленин, XIX том, 94-бет) құрылды.

Қос өкмет өкмет билігінің өзгеше түрі еді, мұның уақытында өкмет билігі буржуазиялық уақытша үкметтің қолында болып, ал шын күш Советтердің қолында болған еді. Уақытша үкмет пен Советтер бірін-бірі жоққа шығаратын біріне-бірі қарсы екі таптың үкметі болды.

1917 жылғы 12 (25) мартта Сталин жолдас алыстағы Турухан айдауынан Петроградқа, Россияның революциялық астанасына қайтып келді. Ол большевиктер партиясының орталық мекемелерінің басында болып, Орталық Комитетке, Петроградтық комитетке басшылық етеді, «Правданың» редакциясына енеді. Петроградқа келген соң екі күннен кейін «Правдада» оның «Жұмысшы, солдат депутаттарының Советтері туралы» деген тақырыпта мақаласы шықты. Бұл мақаласында Сталин жолдас алғашқы күрестерде қол жеткен табысты, не болған правоны сақтап қалып, революцияны онан әрі өрістетіп, буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға өтуді қамтамасыз ету туралы мәселені алға міндет етіп қойды. Сталин жолдас бұл үшін органы жұмысшы, солдат депутаттарының Советтері болып отырған жұмысшылар мен шаруалардың одағын нығайту қажет деп есептеді.

«Осы Советтерді нығайту керек, — деп жазды Сталин жолдас, — олар барлық жерде болуы керек, олар байланыс жасасып отырулары керек, оларға халықтардың революциялық өкметінің органы ретінде жұмысшы, солдат депутаттарының Орталық Советі басшылық етуі керек — міне революцияшыл социал-демократтар осы бағытта жұмыс істеулері тиіс» (2-бет).

«Правданың» оныншы санында 16 мартта Сталин жолдастың «Соғыс туралы» мақаласы жарияланды. Мұнда ол соғыс туралы мәселе жөніндегі большевиктік жолды қорғады. Бұл мақаласында Сталин жолдас патша өкметі құлатылып, өкмет билігі буржуазиялық Уақытша үкметтің қолына өткеннен кейін де соғыстың сипаты өзгермейді, соғыс империалистік, әділетсіздік соғыс болып қалады деп көрсетті. Сталин жолдас меньшевиктік-эсерлік қорғануға қарсы шығады және Россияның жұмысшы табы мен еңбекшілерін бейбітшілік үшін белсенді революциялық күреске шақырады. Ол былай деп жазды: «Империалистердің бет пердесін жұлып тастау, Бұхараның алдында қазіргі соғыстың шын сырын әшкерелеу керек — міне, соғысқа қарсы нағыз соғыс жариялау, қазіргі соғысты мүмкін емес нәрсе ету керек дегеніміздің, мәнісі дәл осы» (8-бет).

18 мартта «Правдада» жарияланған «Орыс революциясының жеңіс шарттары туралы» деген мақаласында Сталин жолдас революциялық күрестің жалпыроссиялық органын құрудың қажеттігі туралы тағы мәселе көтерді, бұл орган «халықтың барлық жігерлі күшін контрреволюцияға қарсы жұмылдыратын хажет болған жағдайда революциялық өкмет органына айналуға тиіс. Жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Бүкілроссиялық Советі ғана осындай орган бола алады.

Орыс революциясының жеңісінің бірінші шарты міне осы» (13-бет).

Сталин жолдас пролетариаттың құралды күштерін құру туралы мәселе көтерді, мұнсыз революция жеңіп шыға алмайды, жұмысшыларды тез қаруландыруға, революцияның мүддесімен тығыз байланысты меншікті гвардиясын құруға шақырды.

«Жұмысшыларды дереу қаруландыру керек, жұмысшы гвардиясын құру керек — революцияның жеңіп шығуының екінші шарты міне осы» (13-бет).

Сталин жолдас буржуазиялық Уақытша үкмет жөнінде оның империалистік, халыққа қарсы сырын әшкерелеу және оған сенбеушілік білдіру саясатын қорғады, меньшевиктер мен эсерлердің қорғану тактикасына, Каменев, Рыков және басқа оппортунистердің шағын тобының Уақытша үкметті қолдау жөніндегі жартылай меньшевиктік позициясына қарсы күрес жүргізді.

Сталин жолдас буржуазиялық Уақытша үкметті қолдауға бол-

майды деп санады, өйткені ол «Бізде баррикадалардың басында емес, баррикадалардың маңында құрылды. Сондықтан ол революцияшыл үкмет емес те, — оның өзі тек аяққа оралып, шалынысып, революцияның соңында салпақтап жүр» (14-бет).

«Сонымен бірге, революцияның құлаш жаюынан шошыған және империалистік тенденциялар сүйегіне сіңген Уақытша үкмет белгілі саяси жағдайда, ұйымдасып жатқан контрреволюцияның «табиғи» қалқаны мен бүркеніші болуы мүмкін деп қауіптенуге болады» (14-бет) деп көрсетті.

Сталин жолдастың алдын ала болжауын оқиғаның бұдан былайғы барысы бүтіндей дәлелдеп берді. Советтердің меньшевиктік әсерлік басшылығы, қолдаған буржуазиялық Уақытша үкмет қос өкметтілікті жоюға, империалистік соғысты жүргізе беруге және ел ішінде соғыстық диктатура орнатуға тырысты.

Сталин жолдас ұлт және шаруалар мәселесіне зор көңіл бөлді. Осы мәселелер жөнінде жазған мақалалар Россияда ұлт және жер мәселесін шешуде большевиктік жолды қорғайды.

«Ұлт қысымшылығын жою туралы» мақаласында Сталин жолдас Уақытша үкметтің тіпті тіл жөнінде де тең праволылықты орнатпайтын, Россия халықтарына өзін-өзі билеуге право бермейтін ұлт мәселесі жөніндегі декретін мықтап сынайды. Россиядағы ұлт мәселесін шешу жөнінде большевиктер партиясының міндеттерін Сталин жолдас былай деп көрсетті:

«Тұтас шаруашылық мекен жері бар, халқының тұрмыс-салты мен ұлттық құрамы өзгеше, өз тілінде «іс жүргізіп», «сабақ беретін» облыстардың саяси автономиясын, белгілі бір себептермен тұтас мемлекеттің шеңберінде қала алмайтын ұлттардың өз билігі өзінде болу правосын жариялау керек» (19 бет).

«Жер — шаруаларға» деген мақаласын да Сталин жолдас помещиктердің жерін шаруалардың революциялық жолмен басып алуына большевиктер партиясының көзқарасы туралы мәселеге жауап берді. Ол еңбекші шаруаларды жер мәселесін шешу ісін өз қолдарына алуға шақырды: «Революцияшыл шаруа Комитеттеріне (болыстық, уездік, т. б.) ұйымдасындар, солар арқылы помещиктердің жерлерін өздерің алып, ол жерлерді ұйымдасқан түрде өз беттеріңмен өңдеп беріңдер!

Біз Құрылтай жыйылысын күтпестен және революцияның жолына кедергі жасап отырған реакцияшыл министрлердің тыйым салғанына карамастан, осы істі тоқтаусыз жүзеге асыруға шақырамыз» (35 бет).

1917 жылы 3 апрельде Владимир Ильич Ленин шетелден Петроградқа қайтып келді. Ертеңінде, 4 апрельде Ленин өзінің тарихи «Апрель тезистері» жөнінде сөйлеп, большевиктер партиясына «пролетариаттың саналылығы мен ұйымдасуының жеткіліксіздігінен өкметті буржуазияға алып берген революцияның бірінші кезеңінен, — өкметті пролетариаттың және шаруалардың аса кедей топтарының қолына алып беретін революцияның екінші кезеңіне өтудің» (Ленин, XX том, 88 бет) революциялық айқын жолын көрсетіп берді.

Лениннің тезистері патша өкметі құлатылғаннан кейінгі күрестің жаңа жағдайларында партияға жаңа бағдар нұсқады, партия мен пролетариатқа буржуазиялық-демократиялық революциядан социалистік революцияға өту үшін күрестің данышпан жоспарын көрсетіп берді. Ленин тезистерінің негізгі талаптары — мемлекеттік бүкіл өкмет Советтердің қолына көшуі және елімізде Советтердің Республикасын орнату болды.

Сталин жолдас өзінің мақалалары мен сөйлеген сөздерінде Ленин тезистерінің қағидасын қорғап, онан әрі дамытты, Лениннің буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға ұлас-

тыру үшін күресте большевиктер партиясы мен жұмысшы табының алдына қойған міндеттерді орындау үшін белсене күрес жүргізді.

Большевиктер партиясының Бүкілроссиялық (апрель) VII конференциясында Сталин жолдас Лениннің социалистік революцияға көшу жөніндегі ұстаған жолы мен «Бүкіл өкмет Советтерге берілсін!» деген ұранын қорғады. Ол капитализмді жасырын түрде қорғаушы Каменовке, Зиновьевке және меньшевиктердің жолын дәріптеп, социалистік революция үшін Россия әлі пісіп жеткен жоқ, сондықтан «бақылау» қойып буржуазиялық Уақытша үкметті сақтау керек» деп дауырыққан басқа опасыздарға да батыл тойтарыс берді.

Сталин жолдас бұл бақылау ешнәрсе де бермейді деп мәлімдеді. «Үкмет Советке қарсы шабуыл жасауда, совет кері шегінуде. Бұдан сон Советтің үкметті бақылауы туралы сөз қылу — босқа сөйлеу деген сөз» (49-бет).

Лениннің «Бүкіл өкмет Советтерге берілсін!» деген ұраны ол дәуірде партияның стратегиялық ұраны болды, бұл ұранды іс жүзіне асыру «меньшевиктердің, эсерлердің кадеттермен арадағы одағының ажырасуы, совет үкметінің меньшевиктер мен эсерлерден құралуы (өйткені ол кезде Советтерде меньшевиктер мен эсерлер еді), оппозиция үшін еркін жүргізу правосы яғный большевиктер үшін және партияның Советтер ішінде еркін күресі, күресі болғанда осындай күрес арқылы Советтерді большевиктердің өзіне қаратып алуды көздеген күресі, революцияның бейбітшілік жолмен дамуы арқылы Совет үкметінің құрамын өзгерту» — болды (Сталин, Ленинизм мәселелері, 10-басылуы, 94 бет).

Россияда социалистік революцияның жеңіп шығуы үшін күресте ұлт мәселесін дұрыс шешудің зор маңызы болды.

Сталин жолдас большевиктердің Бүкілроссиялық (апрель) VII конференциясында ұлт мәселесі туралы баяндама жасады. Ол ұлттың бөлініп шығуына дейінгі өзін-өзі билеу және өз алдына мемлекет құру жөніндегі большевиктік ұранды қорғады. Сталин жолдас Бундтың «ұлт мәдени автономия» жөніндегі оппортунистік ұранын өлтіре сынады. Пятаковтың және ұлттың өзін-өзі билеу правосын жоққа шығарған басқа адамдардың Ленинге қарсы позициясын әшкереледі.

Ұлттың бөлініп шығуына дейінгі өзін-өзі билеу правосын мойындау туралы мәселені түсіндіре келіп, Сталин жолдас ұлттың өз алдына шығуы, өзін-өзі билеу правосының принципін бөлінудің қолайлылығы туралы мәселемен шатастыруға болмайды деп көрсетті. Бұл мәселе әрбір жеке жағдайда жағдайға байланыссыз өз бетімен шешілуі тиіс. «Біздің тарапымыздан, сонымен, пролетариаттың мүддесіне, пролетариат революциясының мүддесіне байланысты бөлінуді жақтайтын немесе қарсы үгіт бостандығы қалды» (32 бет).

Ұлт мәселесі жөніндегі большевиктердің көзқарасын Сталин жолдас былай деп анықтап берді:

- а) халықтардың бөлініп шығу правосын мойындау;
- б) осы мемлекеттің шегінде қалатын халықтар үшін облыстық автономия құру;
- в) ұлт азшылықтары үшін олардың еркімен өркендеуін қамтамасыз ететін ерекше заңдар болсын;

г) осы мемлекеттің барлық ұлттарының пролетарлары үшін біртұтас бөлінбейтін пролетарлық коллектив, бірыңғай партия керек» (55 бет).

Партияның апрель конференциясы большевиктік партияның стратегия мен тактиканың барлық маңызды мәселелері жөнінен қыймыл жасаудың айқын және түсінікті лениндік-сталиндік программасымен қаруландырды. Конференцияның алған қарарының негізінде, Ленин

мен Сталиннің басшылығымен большевиктер көпшілік бұқараны өз жағына шығарып алу үшін оларға саяси тәрбие беру үшін, оларды капитализмнің шабуылына қарсы ұйымдастырып, социалистік революцияның жеңіп шығуы үшін күрес жүргізуді өрістетті.

Большевиктер партиясының бұқара үшін ойдағыдай күрес жүргізуіне июнь демонстрациясы айқын дәлел болады. Осы демонстрацияны даярлауға большевиктер белсене қатынасты. 14 июньде Сталин жолдас «Правдада» былай деп жазды: «Біздің қазіргі міндетіміз — 18 июнь күні Петроградта болатын демонстрацияның біздің революциялық ұрандарымызбен өткізілуін қамтамасыз ету болып табылады» (89 бет). Бұл міндетті партиямыз орындап та шықты. 18 июньде Петроград көшелеріне 400 — 500 мың адам бой көрсетуге шықты. Олардың көпшілігі большевиктік ұрандармен шықты. Сталин жолдас 1917 жылғы 18 июньдегі демонстрацияны былай деп жазды:

«Көтерілген айғайлар әуені жаңғыртырады. Жойылған капиталист он министр, бүкіл өкмет жұмысшы, солдат депутаттарының Советтеріне берілсін! деген ұрандар қайта-қайта естіледі. Бұған жауап ретінде жанжақтан «Ура» қостаған дауыстар күңіреніп шығады» (100 бет).

Июнь демонстрациясы большевиктік партияның күшін байқайтын күрал болды және меньшевиктер мен эсерлердің жеңілгенін көрсетті. «Демонстранттардың орасан көпшілігі (барлық қатысқандар 400 — 500 мың) буржуазиямен ымыраласу саясатына тікелей сенімсіздік білдірді — демонстрация біздің партияның ұрандарымен өтті» (103 бет).

Сталин жолдастың Петроградта болған июль оқиғасына арнап жазған мақалалары мен сөйлеген сөздерінің аса зор саяси және теориялық маңызы бар.

1917 жылғы 3 — 5 июльде болған оқиғалар империалистік соғыс жүргізіп, елдің шаруашылығын бүлдіріп, өз өкметін нығайту үшін буржуазияға көмектескен Советтердің меньшевиктік-эсерлік басшылығының келісім жасау саясатына наразы болған Петроград жұмысшылары мен солдаттарының стихиялық бой көрсетуі еді. Демонстрацияға қатынасқандар Советтердің өкмет билігін өз қолдарына алуын, буржуазиямен және оның империалистік саясатымен байланысын үзуін талап етті.

Большевиктік партияның Орталық Комитеті оны мезгілсіз деп санап бой көрсетуге қарсы болды. Бірақ жұмысшылар мен солдаттар бой көрсетті. «Партия қолын қусырып, шеттеп қалуы лайық па еді? Оқиғаның бұрынғыдан бетер ұласып кетуі мүмкін екенін ескеріп, біз қол қусырып қарап отыруды мақұл көрмедік, — пролетариаттың партиясы ретінде біз аттанысқа қатысуға тиіс болдық, өкметті қарудың күшімен басып алу мақсатын көздеместен, бұл аттанысты бейбіт түрде, ұйымшылдықпен өткізуді көздедік» (109 бет).

Демонстрацияға қатынасушыларға қарсы Уақытша үкмет меньшевиктер мен эсерлердің мақұлдауымен әскерлерді айдап салды, бұлар мылтықтан оқ жаудырып, астананың көшелерін демонстрацияға қатынасқандардың қанымен бояды. Контрреволюцияның революцияға қарсы жорығы басталды. Контрреволюция «Правда» газеті мен большевиктер партиясының Орталық Комитетінің үйін талқандады, революцияның көсемі Владимир Ильич Ленинді заңнап тыс адам деп жариялады, большевиктерді жұмысты жасырын істеуге мәжбүр етті, мындаған революцияшыл жұмысшыларды, солдаттар мен матростарды түрмеге салды. Россияда өлім қаупін орнатты, майдандағы революцияшыл полктарды таратып жіберді. Мұның бәрі «эсерлермен меньшевиктердің үнсіз мақұлдауы арқылы іске асырылып отыр, — контрреволюцияның алғашқы әрекеттері міне осындай» (139 бет).

Большевиктер партиясы үшін мақтанышпен, империалистік буржу-

азияның жағына шығып кеткен меньшевиктер мен эсерлерді жеккөрушілікпен Сталин жолдас июль оқиғалары туралы «контрреволюцияның жеңісі» деген мақаласында былай деп жазды:

«Июль күндерінің қысыл-таяң минуттарында, ызаланған контрреволюцияны атқылаған кезде жұмысшы кварталдарын тастап кетпеген бірден-бір партия большевиктер партиясы болғанын жұмысшылар еш уақытта ұмытпайды.

Сол қысыл-таяң минуттарда эсерлер мен меньшевиктердің «билеуші» партиялары жұмысшыларды, солдаттар мен матростарды талқандап құралсыздандырушылардың лагерінде болғанын жұмысшылар еш уақытта ұмытпайды.

Жұмысшылар осының бәрін есте сақтап, бұдан тиісті қортындылар жасайды» (132 — 133 беттер).

Июль оқиғасы еліміздегі қос өкметтілікті жойды. Революцияның бейбітшілікпен өрлеуінің өте сирек кездесетін мүмкіндігі бітті, Советтердің эсерлік-меньшевиктік басшылығының қолдауымен шешуші жерде өкмет империалистік буржуазияның қолына көшті.

Партия өмірінің ауыр күндері туды. Масайраған контрреволюцияшыл буржуазия большевизм және онымен бірге орыс революциясы да жойылды деп хабарлады. Бірақ большевиктер налымады, Ленинмен және Сталинмен рухтанған олар партияның келешегіне сенді. Сталин жолдас жұмысшылар мен еңбекшілерді «...партиямыздың төңірегіне берік топтасуға, бізге төнген сансыз жауларға қарсы күш біріктіріп, әлсіздерді жігерлендіріп, артта қалып қойғандарды ілгері бастырып, санасыздардың санасын жетілдіріп, туды жоғары ұстауға...» (107 бет) шақырды.

Большевиктердің жалпықалалық Петроградтық конференциясының «Петроградтың барлық еңбекшілеріне, барлық жұмысшылары мен солдаттарына» арнаған үндеуінде Сталин жолдас былай деп жазды:

«Революция өлген жоқ, ол тағы да өзіне жақ адамдардың басын қосып жаңа күшпен жауға қарсы тап беру үшін әзірше қалтарыста жүр» (142 бет).

Большевиктер мен революцияның жерленуі туралы жариялаған контрреволюцияшыл көр қазушыларға Сталин жолдас «Екі конференция» деген мақаласында төмендегідей жауап берді: «Көр қазушы мырзалар бізді тым ерте жерлемекші екен. Біз әлі тіріміз, біздің қуаты үнімізден буржуазия сан рет тітіркеніп, қалтырайды» (145 бет).

Революцияға қарсы күресте орыстың контрреволюциясын Англияның, Францияның және Американың империалистік буржуазиясы қолдады. Бұл елдердің империалистері Россияны батыс империалистерінің құлы етуге тырысты. Сталин жолдас Антанты империалистерінің бақастығына зор көңіл аударып отырды. Ол Россияны шетел империалистерінің құлдану қаупін айқын ашып берді және елімізді сақтап қалудың, оның тәуелсіздігін қамтамасыз етудің жолын көрсетіп берді.

Сталин жолдастың анықтамасы бойынша Россия үшін июль оқиғасынан кейін өте қиын жағдай туды. Ол екі жолдың үстінде болды. Бір жол — бұл империалистік соғысты жүргізе беру, Англияның, Франция мен Америка Құрама Штаттарының империалистерінен қарыз алу, революцияны ауыздықтау, контрреволюцияшыл буржуазияның өкметін нығайту, шаруашылықты, транспортты бұдан былай да күйзелтіп, ұлт тәуелсіздігін жою еді.

Буржуазиялық Уақытша үкмет меньшевиктер мен эсерлердің ымырашыл партиясының қолдауымен Россияны осы жолға бағыттауға тырысты. «Бұл жол дәулетті таптардың еңбекшілерге өктемдігін күшейте түсіп, Россияны Англияның, Американың, Францияның ота-

рына айналдырады» (138 бет) деп жазды Сталин жолдас.

Екінші жол өкметті жұмысшылар мен шаруалардың қолына көшіруді, империалистік соғысты тоқтатуды, жерді шаруаларға беріп, өнеркәсіпке бақылау қоюды, капиталистердің есебінен шаруашылықты қалпына келтіріп, революцияны бұдан былай да өрістеті беруді көрсетеді. «Екінші жол деп жазды Сталин жолдас, — Европада жұмысшы революциясының дәуірін туғызады, Россияны финансылық шырмаудан құтқарады, буржуазия үстемдігінің түпкі негіздерін әлсіретеді және Россияны шындап азат ету үшін жол ашады» (138 — 139 беттер).

Большевиктер партиясы Ленин мен Сталиннің басшылығымен Россияны өркендетудің екінші жолы үшін күресті.

Июль оқиғаларынан кейін орыстың контрреволюциясы еліміздегі өсіп отырған ұлттық — азат ету қозғалысының үшін өшіру үшін бірсыра әрекет жасады. Ол Антанта елдерінің империалистерімен бірге Россияны жіктеуге және елімізді тұншықтыруға тырысты деп айыптап большевиктерге қарсы жүгенсіздікпен жала жабу науқанын жүргізді.

«Контрреволюция және Россия халықтары» деген мақаласында Сталин жолдас контрреволюцияның және оның ағылшын-француз, америка империалистік жақтаушыларының жала жабу науқанының көздеген мақсатын әшкереледі. Ол большевиктер партиясының ұлт жөніндегі программасының маңызын тағы да қорытып айтып берді. «Біз халықтарды бүтіндей бір мемлекетке біріктіруге мүлде қарсы емеспіз, — деп жазды Сталин жолдас, — біз ірі мемлекеттерді ұсақтап бөліп жіберуге мүлде қарсымыз, өйткені ұсақ мемлекеттерді ірі мемлекетке біріктіру социализмді іс жүзіне асыру ісін жеңілдететін шарттардың бірі болып табылатындығы өзінен өзі түсінікті.

Бірақ біз бұл бірігу өз еркімен болуын сөзсіз жақтаймыз, өйткені тек осындай бірігу ғана шын және мықты бірігу болып табылады.

Бірақ бұл үшін ең алдымен Россия халықтарының Россиядан бөлініп шығуға дейін өзін-өзі билеуін толық және сөзсіз мойындау қажет» (208 бет).

Россия халықтарын ұлт езушілігінен азат етіп, өзін-өзі билеуге жеткізетін бір ғана жол бар — бұл революцияның жеңіп шығуы. Қорытынды біреу: ұлт езушілігінен азат ету туралы мәселе өкмет жөніндегі мәселе деген сөз. Ұлт езушілігінің тамыры помещиктер мен империалистік буржуазияның үстемдігінде жасырынып жатыр. Өкмет билігін пролетариат пен революцияшыл шаруалардың қолына беру — бұл Россия халықтарының ұлт езушілігінен толық азат етілуіне ие болу деген сөз.

Немесе Россия халықтары жұмысшылардың өкмет үшін жүргізген революциялық күресін қолдайды, ал онда — олар бостандыққа ие болады, немесе олар оны қолдамайды, ал онда — олар ешуақытта бостандықты көре алмайды» (209 бет).

Сталин жолдас 1917 жылғы июль айында Петроград большевиктерінің конференциясында сөйлеген сөзінде буржуазияның жеңуі уақытша ғана, жұмысшы табы Россияда пролетариат диктатурасын орнату үшін большевиктер партиясының басшылығымен буржуазияға қарсы үзілді-кесілді соғыс жүргізеді деп көрсетті. «Фактыларға қарағанда өкметке жеткелі отырған тап жұмысшы табы. Буржуазия табы ұрыссыз оны өкмет басына жібермейтіндігі айқын» (118 бет).

Россияда пролетариат диктатурасын орнатуға меньшевиктік күмәнданушылық келтірушілердің барлығын да қыйрата әшкерелей келіп, Сталин жолдас.

«Пролетариаттың диктатурасы мүмкін емес, өйткені пролетариат халықтың азшылық жағы дейтін жолдастар — көпшіліктің күшін үс-

тірт бағалайды. Ал Советтердің өздері де тек 20 миллион адамды ғана ұйымдастырып отыр ғой, бірақ өздерінің ұйымшылдығы арқасында олар өздерінің соңына бүкіл халықты ертіп алды. Экономикалық бүліншіліктің шырмауларын үзе білетін ұйымдасқан күштің соңынан бүкіл халық ереді» (125 бет) деп түсіндірді.

Пролетариаттың өкмет билігі үшін жүргізген күресін деревня кедейлері қолдайды.

«Біз шаруалардың жоғары өрлеп келе жатқан нақ осы ең кедей топтарына арқа сүйейміз. Өздерінің экономикалық тұрмыс жағдайы жағынан тек осылар ғана бізбен еріп жүре алады» (124 бет).

Сталин жолдас большевиктерді, эсерлерді әшкерелеуге, олардың ықпалынан шаруалар бұқарасын ажыратуға, деревняда кедей шаруалармен шаруа әйелдерден большевиктік партия топтарын ұйымдастырып, оларды өнеркәсіптік партия ұйымдарымен байланыстыруға шақырды.

Июль оқыйғалары Россиядағы саяси жағдайды негізінен өзгертті. Ел ішінде туған жаңа жағдайға сәйкес тактиканы белгілеу хажет болды. Міне, осы жаңа тактика мен жаңа ұрандарды белгілеп алу үшін партияның VI съезі шақырылды.

Большевиктер партиясының VI съезі 1917 жылғы 26 июль мен 3 август арасында болып өтті. Съезд контрреволюцияның салтанат құрып және буржуазия мен помещиктердің пролетариатқа қастандық шабуылы күшейіп тұрған кезде жыйналды. Ленин жасырынып жүріп өзінің серіктері арқылы съезге басшылық етті. Сталин жолдас съезге тікелей басшылық етті. Сондықтан да жаңа дәуірде партияның тактикасы мен міндетін жасауда және анықтауда оның еңбегі өте зор.

Партияның VI съезі өткен дәуірді қортындылап, пролетариаттың күресінің мұнан былайғы жердегі перспективасы мен мақсатын көрсетіп берді. Сталин жолдас съезде жасаған баяндамаларында большевиктер партиясының революцияның жаңа дәуіріндегі міндеттері мен тактикасын Ленинге анықтап көрсетті. Октябрь Социалистік революцияның жеңуіне, Россияда социализм құрылысына жол ашқан лениндік бағытты қорғады. Сталин жолдас енді «Бүкіл өкмет Советтерге берілсін!» деген ұранды алып тастаудың және құралды көтеріліске дайындалу ұранын көтерудің керектігін дәлелдеді.

«Империалистік буржуазияның диктатурасын құлату керек — міне, қазір партияның кезектегі міндеті осы болуға тиіс.

«Революцияның бейбіт дәуірі аяқталды. Ашарыстар мен дүмпулер дәуірі басталды» (177 бет).

Бірақ бұл міндетті орындау үшін ел ішінде жаңа саяси өрлеу керек болды. Елдің өзі де бұған тез бет алуда еді.

«Қазіргі диктатураны құлату ұранын жүзеге асырғанда жалпы орыс көлеміндегі саяси жігер жаңадан қаулап өрлегенде ғана жүзеге асыруға болады. Осындай саяси өрлеудің сөзсіз болатындығы еліміздің даму дәрежесінен анық көрініп отыр, саяси өрлеудің сөзсіз болатын тағы бір себебі, революцияның күрделі мәселелерінің бірде бірі шешілген жоқ, өйткені жер туралы, жұмысшы бақылауы туралы, бейбітшілік туралы, өкмет туралы мәселелер — шешілген жоқ (177).

Социалистік революцияны қала пролетариаты мен кедей шаруалар жасауы керек. Жеңген күнде өкметті нақ осылар өз қолына алады» (177 бет).

Сталин жолдас съездегі сөйлеген сөзінде Россиядағы социалистік революция біздің елді социалистік жолмен қайта құру үшін жасалатын болады деп көрсетті. Ол социалистік революция жауларына, социализмнің бір елде жеңетіндігі туралы лениндік ғылымға қарсы шыққан жауларына қыйрата соққы берді.

Преображенский, Бухарин және басқалары Россия бірінші болып социалистік революцияны жасай алмайды және социализм құрылысы-

на кірісе де алмайды деп дәлелдеді. Сталин жолдас өзінің Преображенскийге қайтарған жауабында:

«Дәл Россияның социализмге жол салушы ел болып шығуы ғажап емес. Осы күнге дейін бірде-бір ел соғыс жағдайларында бостандықпен Россия сыяқты пайдаланған емес және өндірісте жұмысшылардың бақылауын жүргізіп көрген де емес, оның үстіне, біздің революцияның базасы Батыс Европаға карағанда кеңірек, ал Батыс Европадағы пролетариат жападан жалғыз буржуазиямен бетпе-бет келіп отыр. Ал біздегі жұмысшыларды шаруалардың ең кедей топтары қолдайды... Бізге тек Европа ғана жол көрсете алады деген ескі ұғымды аластап тастау керек. Догматикалық марксизм бар да, жасампаз марксизм бар. Мен соңғысын жақтаймын» (186 — 187 беттер) деп мәлімдеді.

Сталин жолдас шаруаларды империалистік буржуазиямен одақ жасасатын бір тұтас реакцияшыл бұқара деп түсінген Бухаринді де әшкереледі. Сталин жолдастың мәлімдемесіне карағанда шаруалар әртүрлі болады: империалистік буржуазияны қолдайтын аukatты шаруалар бар және пролетариатпен одақ болуға ынтығатын аса кедей шаруалар бар. Шаруалардың аса кедей топтары социалистік революцияның жеңіп шығуына тілектес, буржуазиялық үкметті кұлатып, пролетариат диктатурасын орнату үшін күресте жұмысшыларды қолдайды.

Сталин жолдастың партияның VI съезінде жасаған баяндамалары марксизм творчествосының данышпандық үлгісі болып табылады.

Партияның VI съезі Сталин жолдастың ұсынысы бойынша қаулы алды және партияны кұралды көтеріліс ұйымдастыруға, Россияда социалистік революция жасауға бағыттады.

Июль оқиғаларынан кейін буржуазия мен помещиктер Антанта елдерінің өкілдерімен одақ жасай отырып, меньшевиктер мен эсерлердің көмегімен революцияны талқандауға, соғыс диктатурасын орнатуға, елімізде монархиялық тәртіп орнатуға белсене даярланды.

1917 жылы августа Москвада Уақытша үкмет шақырған мемлекеттік мәслихатты контрреволюция өз күштерін жыйнастырып, революцияға қарсы астыртын әрекет ұйымдастыруға пайдаланды. Сталин жолдас Москва мәслихаты туралы жазған мақаларында контрреволюцияның астыртын әрекет жасауын, меньшевиктер мен эсерлердің жәрдем берушілігі мен опасыздығын әшкерелейді, жұмысшыларды өтірікке алданбай, революцияның жауынгерлік туын мықтап ұстауға шақырады.

Москва мәслихатына қарсы жазған мақаласында Сталин жолдас былай деп көрсетті:

«12 августа Москвада шақырылғалы отырған мәслихаттың мұндай жағдайда жұмысшыларға қарсы — оларды топтап жұмыстан шығару және жұмыссыз қалдыру қаупін туғызатын, — шаруаларға қарсы — оларды жерден «мақұрым қалдыру» және солдаттарға қарсы — олардың революция күндерінде қолы жеткен бостандығынан мақұрым қалдыру қаупін туғызатын контрреволюциялық астыртын әрекеттің органына айналатындығын түсіну қыйын емес, осы мәслихатты қуаттап отырған эсерлер мен меньшевиктердің «социалистік кұрғақ сөздермен» бүркемелейтін астыртын әрекетінің органына айналатындығын түсіну қыйын емес» (195 бет).

Большевиктердің, алдыңғы қатарлы жұмысшылардың міндеттерін Сталин жолдас былай деп анықтап берді:

1. Мәслихаттан халық өкілдігінің бет пердесін жұлып тастап, оның контрреволюциялық, халыққа қарсы әрекетін әшкерелеу керек.
2. Бұл мәслихатты «революцияны сақтап қалу» сылтауымен бүр-

кемелеп және Россия халқын алдауға бағыттаған меньшевиктер мен эсерлерді талқандау керек.

3. Контрреволюцияшыл «сақтап қалушылардың» қулық-сұмдығына...помещиктер мен капиталистердің түсіретін пайдасына қарсы жаппай митингілер ұйымдастыру керек.

Жұмысшылардың алдауға көнбейтіндігін, олардың революцияның жауынгерлік туын қолдарынан түсірмейтінін революцияның жаулары білетін болсын!» (195 бет).

Кадеттер партиясы бастаған орыс контрреволюциясы мемлекеттік мәслихат уақытының өзінде-ақ генерал Корниловты диктаторлыққа кандидат етіп ұсынып, елімізде тезірек соғыс диктатурасын орнату бұлжымай орындалатын іс деп мойындады. Осы мәслихат біткен соң бірнеше күннен кейін жоғарғы басқолбасшы болған генерал Корнилов бүлік сала бастады. 25 август күні ол революцияны тұншықтырып, елді, патша өкметіне айналдыру үшін революцияшыл Петроградқа қарсы атты әскерлер корпусын айдап салды. Революцияға өлім қаупі туды.

«Революцияға қарсы жасырын әрекет» деген мақаласында Сталин жолдас генерал Корниловтың шабуылының мақсатын былай деп ашып айтты:

«Корниловтың жасырын әрекеті» империалистік буржуазияның Россияның революцияшыл таптарына қарсы, пролетариат пен шаруаларға қарсы жасырын әрекеті болып табылады.

Астыртын әрекеттің көздеген мақсаты: «революцияны талқандау және империалистік буржуазияның диктатурасын орнату еді» (349 бет).

Корниловтың бүліншілігін ұйымдастыруға ағылшын-француз империализмінің Россиядағы өкілдері қатынасты. Сталин жолдас «Шетелдіктер және Корниловтың астыртын әрекеті» деген мақаласында былай деп көрсетті:

«Тағы дивизияны» Питерге бастап алып жүрген бронды машиналардың жалдамалы қызметшілері шетелдіктер екені айқын нәрсе.

Ставкадағы өкілдіктің, кейбір уәкілдері Корниловтың жасырын әрекетін біліп қана қоймай, онымен бірге Корниловтың осы әрекетті даярлауына көмектескені де айқын» (286 бет).

Ленин мен Сталиннің шақыруы бойынша халық бұқарасын Корниловқа қарсы күреске жұмылдырған бірғана партия большевиктер партиясы болды. Корниловтың бүліншілігі жойылды.

«Кадеттерден бөліну туралы» деген мақаласында маркстік-лениндік диалектиканың ұлы шебері ретінде Сталин жолдас большевиктердің бұқараны революцияға жұмылдыруында және елде революциялық дағдарыстың пісіп жетуінде корниловшылардың маңызын атап айтты. Сталин жолдас корниловшыларда болған құбылыстың екі жағын: жаман және жақсы жағын атап көрсетеді. Корниловшылардың жаман жағы сол — ол революцияға өлім қаупін туғызды. Корниловшылардың жақсы жағы мынада болды, ол «бір жағынан, революцияны жылдамдатты — оны зор белсенділік және ұйымшылдық көрсетуге итермеледі, екінші жағынан, таптар мен партияның ақиқат жаратылысын ашты, олардың бетпердесін жұлып тастады, олардың нағыз келбетімен қарауына көмектесті.

Өмір суруден қалған елдегі советтер мен майдандағы комитеттер корниловшылардың арқасында өте тез жанданып, өз қызметтерін өрістетте түсті.

Корниловшылардың арқасында кадеттердің контрреволюцияшылдығы туралы енді жұрттың бәрі, тіпті кеше ғана солармен «тырысып» келісімге келгендер де сөз ете бастады» (275 бет).

Корниловшыларды талқандау революцияның өрлеуінің жаңа кезеңінің — шабуыл ұйымдастыру кезеңінің (1917 жылдың сентябрь — октябрь айлары) бастамасын туғызды. Халық бұқарасы контрреволюция-

ның Россияда монархияны қайта орнатуға даярланып жатқанына, олардың мүдделерін аяғына дейін қорғайтын тек большевиктер партиясы ғана екеніне тәжірибе жүзінде көздері жетті. Олар кенеттен большевиктер жағына шықты. Меньшевиктер мен эсерлердің ымырашыл партиясы бұқараға тигізетін өзінің ықпалынан айрылды. Советтерді жандандыру және жаңарту, оларды большевиктендіру кезеңі өрістей бастады.

Владимир Ильич Ленин революцияның өрістеуін қырағылықпен бақылай отырып, 1917 жылдың сентябрінің өзінде-ақ Орталық Комитетке, большевиктердің Петроград және Москва комитеттеріне жазған өзінің тарихи хаттарында халық бұқарасының большевиктік ұрандарының дұрыстығына, халықтың көпшілігі біздің жағымызда екендігіне, біздің сенімді жеңісіміздің қамтамасыз етілгеніне өз тәжірибелерінде көздері жетті деп жазды. Большевиктер Предпарламентке (республиканың уақытша кеңесі) алас жариялап, буржуазиялық Уақытша үкметті құлатып, Россияда пролетариат диктатурасын орнату үшін өкмет билігін өз қолдарына алу үшін қарулы көтеріліс даярлауы керек. Владимир Ильич Ленин «Астанадағы жұмысшы, солдат депутаттарының Советінде де көпшілікке ие болып, большевиктер мемлекеттік өкмет билігін өз қолдарына ала алады және алуға міндетті» (XXI том, 193 бет) деп көрсетті.

Құралды көтеріліс ұйымдастырып және оны өткізу жолымен елімізде социалистік революцияның жеңіп шығуы жөніндегі лениндік жолды іс жүзіне асыру үшін большевиктер партиясының күресінің негізгі ұраны тағы «Бүкіл өкмет Советтерге берілсін!» болды. Революциялық дағдарыс әбден пісіп тұрған жағдайда «Бүкіл өкмет Советтерге берілсін!» ұраны июль күндеріне дейінгі осы ұраннан айырмашылығы болды. Ол уақытта бұл ұран өкмет билігінің меньшевиктік-эсерлік Советтердің қолына өтуін көрсеткен еді. Ал енді бұл ұран өкмет билігінің большевиктік Советтердің, пролетариат пен аса кедей шаруалардың қолына беру мақсатымен ұйымдастырылған құралды көтерілістің ұраны болды.

Сталин жолдас «Бүкіл өкмет Советтерге берілсін!» деген мақаласында былай деп жазды.

«Революция жүріп жатыр. Июль күндерінде атқылауға ұшыраған және Москва мәслихатында «жерленген» ол ескі бөгеттерді бұзып, жаңа өкмет ойлап шығарып...тағы басын көтеруде. Өлген Советтер күрестің отында тірілуде. Ол революцияшыл бұқараны бастай отырып қайтадан бастауыш болады.

«Бүкіл өкмет Советтерге берілсін!» — жаңа қозғалыстың ұраны міне осындай» (297 бет).

Өзінің макалаларында Сталин жолдас Корниловтың екінші рет жасырын әрекетін даярлаған контрреволюцияның әрекетін әшкерелейді. Ол бұқараны өкметті басып алып, революцияға опасыздық істеген жағымпаздарды каралау үшін революциялық қырағылыққа және жауынгерлік даярлыққа шақырды. «Революцияның штрейхбрехерлері» деген мақаласында Сталин жолдас былай деп көрсетті:

«Қазір бізден өте-мөте қырағылық және толық жауынгерлік даярлық талап етілетіндігі айқын емес пе?

Қазір Советтер мен революцияшыл комитеттер өте қажет екендігі түсінікті емес пе?

Корниловшылардан қалай сақтану керек, контрреволюцияның шабуылы бұқара қозғалысының барлық күшімен басуға қабілеті жететін революцияның тірегі неде?

Қазір, әрине, бұл малай предпарламентте емес!

Бір ғана сақтану — Советтерде және оларды қостайтын жұмысшылар мен солдаттар бұқарасында екені қазір түсінікті емес пе?

Революцияны контрреволюцияның қаупінен сақтап қала алатын Советтер, тек Советтер ғана екені қазір түсінікті емес пе? (377 бет).

1917 жылдың октябрінің өзінде-ақ большевиктердің партияны қостап, социалистік революция жүргізуге қабілеті жететін саяси армиясы даяр болған еді. Большевиктік партия өзінің барлық күш-қуатын құралды көтеріліс дайындау жөніндегі Ленин мен бірге Сталин жолдас құралды көтерілісті даярлау және өткізу ісінің барлығына тікелей басшылық етті.

Орталық Комитеттің 10 және 16 октябрьде болған мәжілістерінде құралды көтеріліске көшу және өкметті большевиктердің алуы туралы мәселе талқыланып, шешілді. Орталық Комитеттің 10 октябрьде болған мәжілісінде көтеріліске басшылық ету үшін Ленин мен Сталин бастаған саясаттық бюро құрылды. Орталық Комитеттің 16 октябрьде болған кең мәжілісінде көтерілістің соғыстық-техникалық даярлығы туралы мәселе қаралды. Каменев пен Зиновьев Лениннің құралды көтеріліс жөніндегі нұсқауына қарсы шықты, бұлар Ленин ұсынған қаулыны қабылдауға тырысты. Сталин жолдас Лениннің құралды көтеріліс жөніндегі жоспарын қорғай отырып, партияға, революцияның ісіне опасыздық жасағандарға мықтап соққы берді, олардың ұсыныстары контрреволюцияның қайтадан ұйымдасуына мүмкіндік беруі мүмкін деп көрсетті. Сталин жолдас былай деп мәлімдеді: «Каменев пен Зиновьевтің ұсынын отырғандары контрреволюцияның даярланып және қайтадан ұйымдасуына сөзсіз мүмкіндік береді. Біз шексіз шегіне береміз, революцияны ұтамыз. Контрреволюцияның қайтадан ұйымдасуына мүмкіндік бермеу үшін көтерілістің күні мен шарттарын сайлап алу мүмкіндігімен өзімізді неге қамтамасыз етпейміз? (381 бет).

Құралды көтерілісті барлық жағынан даярлау туралы Лениннің қарары қабылданды. Орталық Комитет көтеріліске басшылық ету үшін Сталин жолдас бастаған партияның орталығын сайлады. Партияның бұл орталығы құралды көтеріліске басшылық етті де.

1917 жылы 24 октябрьде, құралды көтеріліс басталатын күні, Сталин жолдас большевиктік «Рабочий путь» газетіне «Бізге не керек» деген тақырыпта басмақала жазды, мұнда Уақытша үкметті құлатып, оның орнына жұмысшы, солдат депутаттарының Советтерінің үкметін орнатуға шақырды. Бұл мақаласында Сталин жолдас былай деп жазды:

«Февраль революциясы жеңгеннен кейінгі жерде өкмет билігі помещиктер мен капиталистердің, банкирлер мен саудагерлердің, алыпсатарлар мен тонаушылардың қолында қалды, — жұмысшылармен солдаттардың қауіпті қатесі міне осында, тыл мен майданда болып отырған қазіргі жосшылықтың себебі міне қайда.

Бұл қателікті дәл қазір түзеу керек. Мұны ұзаққа созу революцияның барлық ісіне өлім қаупін туғызады.

Қазіргі помещиктер мен капиталистердің үкметін жұмысшылар мен шаруалардың жаңа үкметімен ауыстыру керек.

Қазіргі өзін-өзі құрған, халық сайламаған және халық алдында жауапты емес үкметті халық таныған, жұмысшылардың, солдаттар мен шаруалардың өкілдері сайлаған, осы өкілдердің алдында жауап беретін үкметпен ауыстыру керек.

Кишкиннің — Коноваловтың үкметін жұмысшы, солдат және шаруа депутаттарының Советтерімен ауыстыру керек» (389 бет).

Ленин мен Сталин басшылық еткен және жігерлендірген жұмысшылардың, солдаттардың және матростардың құралды көтерілісі 1917 жылғы 25 октябрьде Керенскийдің буржуазиялық Уақытша үкметінің құлауымен, социалистік революцияның жеңісімен аяқталды. Дәл осы күні мемлекеттік өкмет Советтердің съезіне берілді, съез Ленин мен

Сталиннің басқаруымен совет мемлекетін құрды. Бұл күн — Совет мемлекетінің туған күні.


Ұлы Октябрь социалистік революцияның жеңісі Советтер Республикасының құрылуын қамтамасыз етті, сөйтіп, социалистік жаңа қоғам құру үшін, ескі Россияны күшті социалистік мемлекетке — ССРОға айландыру үшін еліміздің еңбекшілерінің қолына ұлы құрал берді.

И. В. Сталин жолдастың шығармалар жыйнағының үшінші томының маңызы сонда — ол Ұлы Октябрь социалистік революцияның жеңіп шығуы үшін күрестің басшылық етуші күші ретінде большевиктер партиясының алатын ролін, творчестволық марксизмнің идеясының мызғымас өмір шындығын және ұлы күшін көрсетеді. Ол 1917 жылғы революцияның негізгі дәуірлері мен маңызды саяси оқиғаларына теориялық терең дәлелдеме және талдау берді.

Сталин жолдастың Шығармаларының үшінші томы большевиктер партиясы Ұлы социалистік революцияны ұйымдастырушы және басшылық етуші ролін орындап шыққан себебі — ол маркстік-лениндік теорияны меңгеріп және оны шеберлікпен іс жүзінде қолдана білді деп көрсетеді.


Сталин жолдастың Шығармаларының үшінші томын оқушы еліміздің және бүкіл адам баласының тарихында жаңа дәуірдің бетін ашқан Ұлы Октябрь социалистік революцияның қалай даярланып, іске асырылғанын терең түсінеді. Осы томға енгізілген мақалалар мен сөйленген сөздер біздің революцияның өркендеуінің бүкіл барысын және большевиктер партиясының осы революциядағы стратегиясы мен тактикасын түсіну жөнінде аса зор маңызы бар.

И. В. Сталин Шығармаларының үшінші томын оқып үйрену жоғары идеялық рухта, Ленин — Сталин партиясының ісіне шексіз берілуде, сергектіктің және өз күштеріне мықтап сенетіндіктің рухында, елімізде коммунизмнің толық жеңіп шығуының жолындағы қандай кедергіні болса да жеңіп шығуға даярлықтың және оған бел байланғандықтың рухында тәрбиелейді.



М А З М У Н Ы

	Беті
Сталин жолдастың Разин жолдастың хатына жауабы	1
Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің Пленумы туралы информациялық хабар	6
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумын сайлау туралы	7
Қазақ ССР Үкметін — Қазақ ССР Министрлер Советін құру туралы	9
Б а с м а қ а л а. Кадрларды іріктеп алу және тәрбиелеу жаңа міндеттерге сай болсын	11
А. А. Андреев жолдастың БҚ(б)П Орталық Комитетінің Пленумында соғыстан кейінгі дәуірде ауыл шаруашылығын өркендету шаралары туралы баяндамасы	15
Ф. Сафонов. И. В. Сталин Шығармаларының үшінші томы	46



«БОЛЬШЕВИК КАЗАХСТАНА» № 4 (на казахском языке).

УГ01743.
Изд. № 266
Тираж 7000 экз.

ШЫҒАРУШЫЛАР АЛҚАСЫ:
М. Әбдіхалыков (редактор), М. Жуланов,
Н. Заленский, Б. Степанов, Ф. Сафонов,
Н. Сауранбаев, Н. Тимофеев.

Подписано к печати 5-VI-1947 г. Цена 50 коп. 3,75 п. л. Уч.-авт. л. 5,5. Зак. 364

г. Алма-Ата, типография ЦК КП(б) Казахстана.

Т Ү З Е Т У Л Е Р

Беті	Ж о л ы	Басылғаны	Дұрысы
27	Жоғарыдан 5	калиня облысы	Калинин облысы
38	" 26	соманан 100	сомнан 1000
41	төменнен 23	болады	бола алмады.
53	" 11,8	жоқ деген сөздің сонынан және Женген деген сөздің алдынан тыр- нақша—* қойылып оқылсын	
57	" 36	етпейміз деген сөздің сонынан тыр- нақша—* қойылып оқылсын.	